



Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған
жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және
экономика ғылымдары бойынша XXII студенттердің
ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

XXII студенческой научно-практической конференции по
естественным, техническим, социально-гуманитарным и
экономическим наукам, посвященной
75-летию Великой Победы

04.03.2020 – 13.03.2020

Тараз

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған жаратылыстану,
техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика
ғылымдары бойынша XXII студенттердің ғылыми-практикалық
конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

04 - 13.03.2020 ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Сарыбеков М.Н. – п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз
өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы –
ректордың м.а. (төраға).

Қойбақов С.М. – т.ғ.д., профессор; Ахметжанов М.А. – ф.м.ғ.к., доцент;
Жанқуанышев М.Қ. – т.ғ.к., доцент м.а.; Серікбаев Е.Қ. – т.ғ.к., доцент;
Керімбаева Р.Қ. - п.ғ.к., доцент; Таирова Б.Л. - ф.ғ.к., доцент; Қарымбаева
К.М.. – ф.ғ.к., доцент; Ақшалов Б.К. – п.ғ.к., доцент м.а.; Жидекұлова
Г.Е. – т.ғ.к., доцент; Нұрлыбаева А.Н. - PhD доктор, доцент м.а.;
Жумадилова А.Қ. – т.ғ.к., доцент м.а.; Кобер И.Х. – п.ғ.к., профессор;
Байтиленова Е.С. – э.ғ.к., доцент м.а.; Махмуд М.Р.– э.ғ.к., доцент;
Молдабекова А.Ш. – э.ғ.к., доцент; Тлеубаева С.А. – э.ғ.к., доцент; Саткей
Т.Б. – Phd доктор; Газаев А.И. - Phd доктор; Бекенова А.Б. - з.ғ.к., доцент;
Кабдушев А.А. – PhD доктор, доцент м.а.; Жашен С.Ж. – т.ғ.к., доцент;
Темиргалиев Т.К. – т.ғ.к., профессор; Жакаш А.Т. – т.ғ.к., доцент;
Жолдасов С.Қ. – т.ғ.к., доцент; Жатқанбаева А.О. - PhD доктор, доцент
м.а.; Усупов М.М. – т.ғ.к., доцент; Маханбеталиева К.Т. - PhD доктор,
доцент м.а.; Джумабекова Г.Б. – доктор PhD, доцент м.а.; Аташева Д.О. –
э.ғ.к., доцент м.а.; Қосбол С.М.. – аға оқытушы.

«Dulaty университеті»
баспасы
Тараз, 2020

ӘОЖ 001

КБЖ 72

Ұ 46

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша XXII студенттердің ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Тараз: Dulaty университеті, 2020. – 218 б.

ISBN 978-601-7329-36-5

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша XXII студенттердің ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалары енгізіліп отыр.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ISBN 978-601-7329-36-5

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати**

МАТЕРИАЛЫ

**XXII студенческой научно-практической конференции по
естественным, техническим, социально-гуманитарным и
экономическим наукам, посвященной
75-летию Великой Победы**

04 – 13.03.2020 г.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Сарыбеков М.Н. – д.п.н., профессор, и.о.ректор Председатель Правления
Таразского регионального университета имени
М.Х. Дулати (председатель).**

**Койбаков С.М. – д.т.н., профессор; Ахметжанов М.А. – к.ф.м.н., доцент;
Жанкуанышев М.К. – к.т.н., и.о.доцента; Серикбаев Е.К. – к.и.н., доцент;
Керимбаева Р.К. – к.п.н., доцент; Таирова Б.Л. – к.ф.н., доцент; Карымбаева
К.М. – к.ф.н., доцент; Акшалов Б.К. – к.п.н., и.о.доцента; Жидекулова Г.Е.
– к.т.н., доцент; Нурлыбаева А.Н. – доктор PhD, и.о. доцента; Жумадилова
А.К. – к.т.н., и.о.доцента; Кобер И.Х. - к.п.н., профессор; Байтиленова Е.С. –
к.э.н., и.о.доцента; Махмуд М.Р. – к.э.н., доцент; Молдабекова А.Ш.– к.э.н.,
доцент; Тлеубаева С.А. – к.э.н., доцент; Саткей Т.Б. – доктор Phd; Газаев
А.И. - доктор Phd; Бекенова А.Б. - к.ю.н., доцент; Кабдушев А.А. – доктор
PhD, и.о.доцента; Жашен С.Ж. – к.т.н., доцент; Темиргалиев Т.К. – к.т.н.,
профессор; Жакаш А.Т. – к.т.н., доцент; Жолдасов С.К. – к.т.н., доцент;
Жатканбаева А.О. – доктор PhD, и.о.доцента; Усупов М.М. – к.т.н., доцент;
Маханбеталиева К.Т. - доктор PhD, и.о.доцента; Джумабекова Г.Б. – доктор
PhD, и.о. доцента; Аташева Д.О. – к.э.н., и.о.доцента; Қосбол С.М. –
ст.преподаватель.**

**Издательство
«Dulaty universiteti»
Тараз, 2020**

УДК 001

ББК 72

Ў 46

Материалы XXII студенческой научно-практической конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам, посвященной 75-летию Великой Победы. – Тараз: Dulary universiteti, 2020. – 218 с.

ISBN 978-601-7329-36-5

В сборнике опубликованы доклады XXII студенческой научно-практической конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам, посвященной 75-летию Великой Победы.

За содержание статьи ответственность несут авторы.

ISBN 978-601-7329-36-5

© Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, 2020



ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 355(574)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХЫН Өңірлік зерделеудің түрлі қырлары

Дүйсебай Б., Бакторазов С.У.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңісімізге 75 жыл толып отыр. Бұл бұрынғы Кеңес одағы халықтарының басынан кешкен оқиғалардың ең ауыры болғандығы белгілі. Жан алып, жан беріскен соғыстың төрт жылы бұрынғы КСРО-ның көп ұлтты халқының басына түскен ең ауыр зауал болғаны анық.

Осы орайда, жамбылдықтар өз Отанын қорғау жолындағы Ұлы іске ат салысқанын мақтанышпен еске алады. Қазақ КСР-інде, соның ішінде Жамбыл облысында жасақталған көптеген әскери құрамалар даңқты есімдерін Ұлы шайқастар жылнамасына қашап жазды. 316-шы (Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық), 238-ші (30-шы гвардиялық) және 312-ші атқыштар дивизияларының даңқы Мәскеу түбіндегі шайқаста, 29-шы (72-ші гвардиялық) дивизия Сталинградты қорғаудағы, Курск иініндегі Днепрден өтудегі шайқастарда, 310-шы атқыштар және 314-ші дивизиялар Ленинград түбіндегі шайқаста даңққа бөленді. Біздің облыстан майданға аттанған жауынгерлер қатарында өшпес ерлік жасап, Кеңестер Одағының ең жоғарғы әскери атағына ие болғандардың саны бүгінгі күні 28-ге жетіп отыр. Осы даңқты бабаларымыздың қатарында А.Суханбаевты, С.Естемесовты, А.Дәулетбековты, С.Шәкіровты, Б.Момышұлын атап өтсек болады. Сонымен қатар, «Даңк» ордендерінің толық иегерлері Е.Досмұхамбетов пен Т.Тастандиевті де осы топқа қосқанымыз абзал.

Жалпы, осы және басқа да деректерді іздестіру барысында Ұлы Отан соғысына қатысты мұрағат құжаттарының басым көпшілігі Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатындағы 282-ші (Жамбыл Облыстық партия комитеті) және 399-шы (Жамбыл облысының атқару



комитеті) қорларда жинақталғанын айта аламыз. Жоғарыда аталған қорларда Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін, өңірдегі барлық жұмыстардың соғыс талабына сай жүргізіліп, халық арасында жаппай саяси жұмысты үдете түсу ісіне үлкен мән берілгендігі көрсетіледі. Осылай, Қазақстан К(б)П ОК-нің 1941 жылдың 4 қазанында ҚК(б)П Жамбыл облыстық комитетіне жіберілген хатында Отанымызға қауіп төніп тұрған кезде халықты неміс-фашист басқыншыларына қарсы жұмыла бас көтеруге шақырғандығы туралы мәліметтері мен басқа да іс-шаралар тізбесі беріледі. Осы және де басқа да тапсырмаларды орындау барысы мен тылдағы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері тұрғысындағы құжаттар 399-шы қорда жинақталған. Осы қорда Кеңестер Одағының Батыры атағын алмаса да, халық «хас батыр» санаған Ибрагим Сүлейменовты мәңгі есте сақтау үшін Жамбыл ауданының «Төрткүл» колхозына, Жамбыл қаласындағы Билікөл көшесіне және батыр өмірге келген Сарысу ауданындағы «Комсомольский» ауылдық кеңесі мен «Қызыл күншығыс» колхоздарына И.Сүлейменовтың атын беру туралы Еңбекшілер депутаттары Жамбыл облыстық Кеңесі атқару комитетінің 1944 жылдың 21 қаңтарында шығарылған қаулысы да бар. Жамбылдықтар партизан қозғалысына да белсенді атсалысты. Тұрғынбек Тыныбеков, Сыдық Қайдарқожаев, Тихон Мирошниченко секілді жерлестеріміз жау тылында фашистерге қарсы ерлікпен шайқасты. Ұлы Отан соғысы кезіндегі жамбылдықтардың тылдағы еңбектері ересен болды. Тек, 1941-1942 жылдардағы қыстың өзінде жамбылдықтар Қызыл Армия үшін мал өнімінен тігілген, тоқылған 150 мың дана жылы киім жіберді. Ал Жамбыл қаласының еңбекшілері 1942 жылы 17575 шолақ күртеше, осынша пима жинап берді. Осы жылы Брянск майданына 16 вагон сыйлық жөнелтсе, 1943 жылы Ленинградты қорғаушыларға 9 вагон азық-түлік, киім-кешек жөнелтті. Облыс еңбеккерлері танк колоннасын жасақтауға 25 480 мың сом, әскери эскадрилияларды қайта құру үшін 24 557 мың өткізіп, 73 562 мың сомның әскери заем облигацияларын сатып алды.

Ұлы Отан соғысына байланысты келесі құжаттар топтамасын газет материалдары құрайды. «Жауды ақырына дейін талқандаймыз», «Егін жинауда жұмыс соғыс қарқынымен істеле берсін», «Мемлекеттік соғыс зайемы - халық мүддесі», «Қызыл Армияға киім берушілер күн санап көбеюде», - тақырыптарындағы және т.б. мақалаларда Ұлы Отан соғысы кезіндегі облысымыздың өмірі объективті айшықталған. Жалпы, өткен соғыста аталарымыздың жанкештілікпен жасаған ерліктерінің ерен болғаны анық. Ендігі жердегі міндет, біздің аға буынымыз жеткен осындай жетістіктерді бағалай білуімізде болса керек.



ӘОЖ 94(574)

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНДЕГІ ТАРИХИ САНАНЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ділдібеков А., Сентаева Р.Т.

Тарих – халықтың зердесі. «Өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес». Мұндай қанатты сөздердің түпкі мағынасы, ел үшін, мемлекет үшін тарихтың маңызы жоғары дегенге келіп тіреледі. Ендігі жерде ақиқат тарихты жазу ұлтшылдық деп саналмайды. Себебі, шынайы ел тарихын білу арқылы тарихи сана қалыптасады, тарихи сана арқылы ұлттық сана өсіп жетіледі, ұлттық санамыз биік деңгейге көтерілсе, егемендігіміз тұғырлы болатыны анық. Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Оның басты көрінісі - тарих ғылымының бұрынғы идеологиялық қыспақтан арылып, төл тарихты зерттеуге бет бұрған дер едік. Ұлттық тарих тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтар контекстінде қарастырыла бастаған едік.

Елбасы әртүрлі-деңгейде сөйлеген сөзінде, оннан астам жарияланған еңбектерінде Тәуелсіз Қазақстанның өмір шындығына сай жаңа тарихын жазуға және сол арқылы халқымыздың жаңа тарихи санасын қалыптастыру ісіне басты назар аударуда. Өткен тарихын білмеген, өзінің ұлттық қасиеттерінен айырылған халық қасіретке ұшырайтындығы туралы, өзінің жақсысы мен жайсаңын сыйламайтын адам басқаларға құрмет бола алмайтындығы жөнінде те рең тұжырымдар жасады.

Тарих ғылымы - ұлттың, елдің тәуелсіздігінің және тарихи сананы қалыптас тырудың тірегі. Отан тарихы - оның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындайтын ең негізгі фактор болып саналады. Тарихсыз қоғам, халық, ел мемлекет болмайды. Бірақ сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы, түбегейлі жан-жақты зерттелмеуі тарихи сананың ұлттық рухтың әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе өткен жиырмамыншы ғасырдың ұрпақтары талай рет көз жеткізді.

Төл тарихымызды танып-білудің үш құрамдас бөліктен құр алатын кешенді бағыты төмендегідей: Бірінші бағыт - Қазақстан тарихының әртүрлі-деңгейдегі оқу орындарындағы оқыту дәрежесін үнемі жетілдіріп отыру. Екінші бағыт - Отандық тарихты қолда бар



құралдарды, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, халық арасында кең насихаттау. Үшінші бағыт - Қазақстан тарихының тереңдей зерттелуі болып табылады. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына қарай «Қазақстан республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы» дайындалып ғылыми жинақтар жариялана бастады. Біз Кеңес заманында өз тарихымызды, шынайы жаза алмай, өзгелердің жазып кеткен жылнамаларына жүгінумен келген едік.

Бұрын өзгенің айтқанын қайталау мен болдық. Ал олар болса біздің тарихымыздың өз мемлекетінің мүдделері тұрғысынан және өз таным-түсінігі-деңгейін-де жазғанына мән бермедік.

Бүгінде жаһандану процесі жүріп жатқан кезде ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу қиын болды.

Елінің, халқының өткенін анық білетін, рухани дүниесі бай азаматтарды қалыптастыру бүгінгі күннің талабы. Мектепте оқылатын тарихтың міндегі, тарихтың жарқын беттерін, халықтың рухы өрлеп тұрған тұстарын, адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттауға мейлінше көп орын бере отырып, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу қажет. Әрбір студент Қазақстан тарихы пәнін оқып үйренудің қоғам үшін-де, өзінің жеке басы үшін-де қажет екенін түсінуі тиіс. жөн. Қазақстан тарихы пәнінің тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі бағыттары мыналар болып табылады. 1. Болашақ жас маман ретінде студенттердің жеке дамуын бақылау және оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына тиімді жағдай жасау. 2. Студенттердің Отан тарихына деген ынтасы, қабілетін зерттеу, бағдар беру. 3. Ұлттық санасын қалыптастыра отырып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік жасау. 4. Өзіндік ғылыми ізденістеріне бағыт беру. 5. Білім беру, жан-жақты дамыту, тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыру.

Халқымыздың санға сырлық тарихын өмір шындығына сай зерттеу мен насихаттау және жастардың тарихи санасын қалыптастыру ұлттық рухта тәрбиелеуге, Тәуелсіз Отанымыздың нағыз отанға деген тәрбиелеуге қызмет ету. Осы ойымды мына пікірмен тұжырымдауға болады: «Ұлттық сананы қалыптастыру үшін Ұлы Дала тарихын ұрпақ санасына тірілту керек», сонда ғана біз мақсатымызға жетеміз.



ӘОЖ 94(395.2)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕРДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Арымбай Д., Мырзаханова Н.Р.

Петроглиф (лат. петро – тас және грек. Глиф – жазу) – тақтатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер дегенді білдіреді. Ежелгі петроглифтер соңғы палеолиттің аяғында пайда болды. Кейінгі голоцендік тарихи-мәдени кезеңдерде мезолит, неолит т.б. қоғамдағы өзгерістерге байланысты дамыды. Суреттер қызыл [охрамен](#) және тастың бетін қашап, шекіп салу тәсілдерімен түсірілген. Соңғы тәсіл көп жерлерде кеңінен пайдаланылды. Көбіне хайуанаттар қырынан, адамдар алдынан салынды. Суреттерде пропорция сақталмаған; түз тағыларының кішкентай суреттерінің жанына одан бірнеше есе үлкен адам бейнесі салынған. Бұл өнердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді. Оларда аңыз әңгімелер, мифтік сюжеттер, қоршаған ортамен байланысты шаруашылық-тұрмыстық қарекеттер бейнеленді. Қазақстанда 200-ден астам жартас суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр.

Ұлы даланың төл тарихы тереңде тамыры тарам – тарам. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өзіміздің төл тарихымызды зерттеуде тастағы таңбалар аса құнды дерек көзі болып отыр. Мемлекетіміздің бүгінгі сарабал бағыты кешегі жүріп өткен жолмен біте қайнасып жатыр. Неше ықылым замандардан бері батыс пен шығыс елдерінің алтын көпірі саналып, зор өркениеті мен тағлымды мәдениетімен дараланған ұлы дала тарихына тандай қағып тамсанбаған саяхатшылар мен жиһангездер кемде-кем. Тағылымды тарихы мен дамыған мәдениеті ерте кезеңдерден бастап көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырған Жамбыл облысының тарихы әрқайсымызды бей-жай қалдырмасы белгілі. Қойнауы құт, жері дархан бұл өлкенің өзіндік ерекшелігі мен тарихы туралы талай ғалымдар тер төгіп, жыршылар мен ақындар өз шығармаларына арқау еткен. Жамбыл облысы тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Жыл өткен сайын ажарланып, көркейе түскен өңірімізде көптеген тарихи ескерткіштер мен монументтер қатары артып келеді.

Жалпы алғанда біздің өлкеміздің қилы тарихы сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінен яғни палеолиттің шелль кезеңінің соңғы дәуіріне жататын Бөріқазған, Тәңірқазған тұрақтарынан бастау алып жалғасын тауып келеді. Ақбас Алатау мен қарт Қаратаудың ортасынан ойып тұрып орын тепкен Жамбыл облысының жазы – жайлы, қысы –



қолайлы өзіндік бір табиғаты ерте дәуірден бастап адамзат өркениетінің, мәдениеті мен шаруашылығының дамуына септігін тигізгені анық. Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырдағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айтуы бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен. Ғылыми зерттеулерге қарағанда алғашқы қауымдық құрылыстың дамуы барлық жерде бірдей болған. Елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстар өткен өмірдің даму тарихының алғашқы кезеңдерін ашып, дүние жүзілік адам қоғамының зерттелуіне өз үлестерін қосуда. Еліміздің Жамбыл өңірінің тарихымызға жаңа қырынан келетін, бағдарлы түрде зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады, өз өңіріміздің археологиясына үлес қосқан ғалымдарды айта кететін болсақ. П.И.Лерх, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, М.Қ.Қадірбаев, Х.А.Алпысбаев, Ж.К.Таймағанбетов, Қ.А.Ақышев, Қ.М.Байпақов. 2004 - 2009 жылдары Мемлекеттік бағдарлама аясында тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізілді. Бағдарламаға сәйкес зерттеуге, оның ішінде ауқымды қазба жұмыстарын жүргізуге ұсынылған археологиялық объектілер, маңызы және бұрынғы зерттеулер кезіндегі бастамалар есепке ала отырып, таңдалды. Солардың ішінде маңызды зерттеуді қажет ететін ескерткіштер олар петроглифтер. Солардың бірқатарын атап өтсек: Теріс (терс) петроглифтері, Қамыстыбұлақ Қарасай, Жалаңаштың жартасы, Далақайнар, Қарауылтөбе петроглифтері. Біз төл тарихымызды тереңнен тануымыз керек. Ол үшін тасқа өшпестей етіп таңбалап кеткен бабаларымыздың өнер туындыларын көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа сол қалпында жеткізгеніміз жөн.

ӘОЖ 512.81

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАНДАР ЭТНОСТАР

Тәліп Л., Сейткулова Ж. М.

Қазақстан территориясына депортацияланған ұлттар Сталин билігінің негізімен жүрді. Депортация латынша *deportatio* - «қуғындау», «көшіру» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезеңде Жамбыл облысында 87 этнос өкілдері тұрады. Сол этностардың басым



көпшілігі Кеңес дәуірінде депортацияланғандар. Полиэтносты Қазақстан болашақта ешқашан басқа мемлекеттерде болып жатқан ұлтаралық шиеленістерді болдырмаудың алдын алу мақсатында өткенен сабақ алуға ұмтылуда, сондықтан қарастырылып отырған зерттеу тақырыбы ғылыми жағынан мәнін түсінуді және республикамыздың көпұлтты қоғамының үндестік дамуы үшін өзекті мәселе стимул болып табылады.

1939 жылы 14 қазанда Жамбыл облысы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен құрылды. Облыс құрамына Жамбыл қаласы және 9 аудан – Жамбыл, Красногор (Отар), Қордай, Луговой (Т.Рысқұлов), Мерке, Сарысу, Свердлов (Байзақ), Талас, Шу аудандары енді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1936 жылы 16 ақпанда үкіметтің шешімімен Украинадан жер аударылған немістер мен поляктар болды. Мерке ауданындағы «Қызылша» совхозының базасына 500 адамды орналастырған [2, 319 б.]. КСРО ХКК 1936 жылы 21 мамырда қабылданған «Дағыстан мен Шешен – Ингуш аумағынан кулак шаруашылықтарын қоныс аудару туралы» қаулысына сәйкес Қазақ жері мен Орта Азияға 1000 шаруа қожалығы депортацияланды. Сондай-ақ, соғыс қарсаңында Қазақстандағы өндірістік құрылыстарға басқа республикалардан 1 млн. 200 мың адам жіберілген-ді. 1937 жылы 21 тамызда «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарында тұратын корейлерді қоныс аудару туралы» құпия қаулыға қол қойылды. Кеңестік корейлер ешбір сотсыз-тергеусіз «жапон тыңшылары» деп айыпталып, шұғыл депортациялық шараларға ілінді. 1937 жылы қыркүйек-желтоқсан аралығында Қиыр Шығыстан Қазақ жеріне 20789 корей отбасы (98454 адам) келді. Осы корей этносының бір бөлігі қазіргі Жуалы ауданының Бәйтерек ауылына қоныстандырды. 1940 жылы республикада арнайы қоныс аударылғандардың жаңа контингенті пайда болды. Әкімшілік тәртіпке 1941 ж.Қазақстанға 360 мыңнан астам Поволжье немістері көшірілді.Соғыс жылдарында қалмақтарға, қарашайларға, ингуштерге, чечендерге, балқарларға, қырым татарларына, түрік - месхетиндер депортацияға ұшырады. Еліміздің орталық мемлекеттік мұрағатының 1937- қорындағы, 70-бумасындағы құжатта 1941 жылдың 2 қазанына дейінгі мәлімет бойынша елімізге барлығы 24258 жер аударса, біздің облысымызға 2019 адам қоныстанған. Олардың арасында орыстар, украиндер, беларустар, еврейлер, поляктар, немістер, латыштар, литвалықтар, эстондар боды. Олардың саны күн санап өсіп жатты. 1941 жылдың 16 қарашасына дейін облысымызға 38399 қоныстандырылған. Ал, 1941 жылдың 18 қарашасындағы мәлімет бойынша облысымызға 10759 адам әкелінген. Осы жылдың 28 қарашасында әкелінгендер саны 18000 - ға жеткен. Тек 1944 жылғы мәлімет бойынша біздің облысымызға 21



810 чешен, балқар, ингуш, қарашайлар депортацияланды. Қырымнан Қазақ жеріне барлығы 7 мың болгарлар мен гректер депортацияланды. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысы «шекара қауіпсіздігін нығайту мақсатында» 1944 жылы қарашада Грузияның оңтүстік аудандарындағы Месхетиядағы 110 мың түріктерді Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударылды. 1944 жылы Грузиядағы күрділерді депортациялау үрдісінің екінші толқыны, 1948 - 1950 жылдары үшінші толқыны жүрді. Әзірбайжанда қалғандары құжаттарына әзірбайжан ұлты деп өзгертіп қуғыннан аман қалды. 1950-1951 жылы Жамбыл облысының облыстық мұрағатының деректері бойынша Жамбыл облысы бойынша арнайы қоныс аударушылар саны 44928 адамды құрап, қоныстандырылды. Олар әртүрлі ұлт өкілдері болды. Шешен, ингуштер - 13968 адам, қарашайлар - 10627 адам, балқарлар - 3582 адам, гректер- 3939 адам, немістер - 8397 адам, ирандықтар - 193 адам, қалмақтар - 383 адам тағы басқалар болды. Арнайы қоныс аударушылар Жамбыл облысының барлық аудандарына бір уақытта шоғырланып отырды. Қазақстанға депортацияланғандар саны 1954 жылы 1 қаңтардағы статистикалық мәлімет бойынша 2 млн. адамға жеткен. Депортацияға ұшырағандардың жағдайлары өте нашар болды.

УДК 93/94

ИСТОРИЧЕСКАЯ ОСНОВА ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Федосов Д., Биназарова Н.Н.

Идея «Мәңгілік Ел» - это национальное единство, мир и согласие в нашем обществе. Это общность истории, культуры и языка, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Благодаря этим ценностям, мы всегда побеждали, укрепляли нашу страну, множили наши великие успехи. В этих государствообразующих, общенациональных ценностях заключается идейная основа Нового Казахстанского Патриотизма.

Научные, культурные деятели, интеллигенция нашей страны рассматривают и создают различные направления в реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел». Особую значимость приобретает формирование у подрастающего поколения гражданственности и патриотизма, воспитания чувства любви к своей Родине, уважения к ее истории и культуре, бережного отношения к природе родного края,



гордости за достижения современного Казахстана. Воплощение идеи национальной государственности нашла достойное решение в независимом Казахстане. Как следует из общечеловеческого опыта, каждый народ может сохранить свои ценности и природные богатства только благодаря национальному государству.

Многогранное содержание идеи «Мәңгілік ел». Основа содержательной стороны «Мәңгілік ел» зиждется на богатейшей истории нашего народа, нашего Отечества. Представляется, что категория «Мәңгілік ел» должна объективизироваться через основополагающий принцип деятельности нашего государства – «казахстанский патриотизм» и преломляться через культуру нашего народа, которая во многом определяет особенности современного общества и государства.

Историческая основа общенациональной идеи «МӘҢГІЛІК ЕЛ». Исследователь тюркской истории, древнего тюркского наследия доктор филологических наук, профессор Каржаубай Сарткожаулы в своей статье на страницах известного международного научно-популярного исторического журнала «MANGI EL» отметил «Мәңгілік ел - это идея, воплотившая вековые чаяния тюркского народа, предложена известным Тоныкоком (Тұй-ұқық), который был советником трех каганов...». Тюркскую интеграцию начали Т.Рыскулов и М.К.Ататюрк, далее свои результаты принесла политика Первого Президента РК Н.А.Назарбаева, опиравшаяся на реализацию конкретных мер. Историческую роль Н.А.Назарбаева в укреплении единства тюркских народов трудно переоценить. Казахстан оказал поддержку международному объединению «Турксой», по достоинству оценил мир тюрков. По мере укрепления авторитета Казахстана на международной арене, стала открыто и настойчиво пропагандироваться идея единства тюркских государств.

В своем труде «В потоке истории» Елбасы Н.А.Назарбаев указал на необходимость поиска эффективных путей интеграции тюркских государств. Еще в 2000 году, высказывая свои мысли о проблеме перехода на латинский алфавит, Н.Назарбаев, отметил, что переход будет осуществляться постепенно, после внимательного рассмотрения проблемы. Первый Президент, возобновивший идею Тоныкока - основателя идеи «Мәңгілік ел», Елбасы Н.Назарбаев указал на необходимость перехода казахского языка от славянской кириллицы к латинскому алфавиту, которым пользуются тюркоязычные народы.

За годы независимости наша страна добилась больших успехов, и сегодня Казахстан удивляет своими достижениями, как в социальной, так и в экономической сфере. Казахстан создал свою государственность и заложил основы национальной независимости.



ӘОЖ 41.501

М.Х. ДУЛАТИДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Үсәлі М., Ибраимов Н.Л.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат бабамыздың тарихта мәңгілік із қалдырған еңбегі «Тарих-и Рашиди» болып табылады. Бұл шығарма Қазақ хандығының тарихы жайындағы ең алғашқы түпкі деректер ішінде ұлағатты орын алады. "Тарихи Рашиди" беттерінде сөз болатын қазақ беделділері жайлы мәлімдемелер, айналып келгенде, құрылуы алдындағы, құрылып жатқан кездегі Қазақ хандығы тарихи жөніндегі ортағасырлық мұсылман тарихы жылнамаларындағы бірден-бір басы бүтін шығарма. Бұл еңбектің қашан және қайда жазылып біткені туралы Мұхаммед Хайдар Дулаттың өзі былай дейді: «...Осы «Рашидтер тарихының» аяқталуы Кашмирде 952 жылдың Зу-л-Хиджа айының соңғы күнінде (1546жылы Знауыры) болды». Бұл даңқты еңбек Шыңғыс ханның баласы Шағатай тұқымынан тараған Тұғылық-Темірхын үйінің тарихын баяндай келіп, Моғолстанның соңғы ханы Рашид ханның алғашқы билік ету жылдарымен аяқталады. Сондықтан еңбек осы соңғы ханның есімімен аталған. Бұл кітапты жазудағы өзінің мақсатын автор былай деп тұжырымдайды: «Менің мақсатым-ғалымдығымды көрсету емес, өткен моғол қаһандарының есімдері уақыт беттерінен мүлде жойылып кетпеулері үшін естеліктер жазу. Егер моғол қаһандары өздерінің ата тектері туралы және өздерінің бабаларының істері туралы білгілері келсе, олар бұл туралы осыдан біле алады.» Ал енді Моғолстан тарихы бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Шығыс Түркістан өлкелерінің бұрынғы өткен тарихы болып табылатыны белгілі. Сонымен қатар, «Тарих-и Рашиди» ішінара Ауғанстанның, Тибеттің, Индияның тарихин да әңгімелейді. Онда ортағасырлардағы (ХУ-ХҮІ ғасырлардағы қазақ, өзбек, қырғыз, ойрат (қалмақ), ұйғыр халықтарының өздерінің және мемлекеттігінің қалыптасу және өзара қарым-қатынастары тарихы ұғымға жеңіл, жатық, көркем тілмен баяндалады.

«Тарих-и Рашиди» парсы тілінде жазылған шығарма. Ол екі бөлімнен немесе екі «деттерден тұрады. «Алғашқы кітапта (748/1347-1348 ж.) таққа отырған, Моголстанды және Қашқарияны билеген Тұғылық Темірден басталатын шағатайлық хандар тарихын баяндап, оқиғалар өрісін 940/533 жылдан бастап хан болған Әбдір-Рашид (немесе Рашид) ханға дейін жеткізеді. Бұл «дәптер» 952\1546 жылы жазылған. Дулати мұрасына Батыс ғалымдары қызыққанымен, өз ұрпағы ұзақ уақыт бойы назар аудармай келді. Аудару үшін негізгі толық нұсқа ретінде Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану



институтында сақталған 321 беттен тұратын Ташкент қолжазбасы алынған. Сонымен бірге өзбекстандық аудармашылар Санкт-Петербургте Ресей Ғылым академиясының Азия халықтары институтында сақталған екі қолжазбаны, Санкт-Петербург университетінде сақталған тағы бір қолжазбаны, Санкт-Петербург университетінде сақталған тағы бір қолжазбаны және Е.Д.Росстың аударуымен ағылшындар 1895 және 1972 жылдары басып ашыларған «Тарих-и Рашидидің» ағылшын тіліндегі нұсқасына пайдаланылған қолжазбаларды өзара салыстыра отырып, олардағы кейбір қалып кеткен сөздерді толықтырып, сөйлемдерге енгізіп, осының негізінде неғұрлым толыққанды алғашқы түпнұсқа қолжазбаны қалпына келтіруге тырысқанын айту керек. Осы жерде айта кетуді қажет ететін бір нәрсе – Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың талантты ақын екендігі. Ол «Тарих-и Рашидиден» де басқа «Жаһаннаме» атты поэма жазған.

«Жаһаннаме» дастанын 1937 жылы Берлин кітапханасынан башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоғанның тұңғыш рет кездестіргенін және оның авторы Мырза Хайдар Дулат екендігін дәлелдегенін, ал «Тарих-и Рашидиді» аударған ағылшындық Денисон Росстың аталған поэманы Мырза Хайдар Дулат Бадахшанда болған кезде жазғанын атап көрсеткенін және бұл пікірді Санкт-Петербургта тұратын белгілі қазақ тарихшысы П.И.Сұлтановтың да мақұлдайтынын өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жазған көлемді мақаласында жан-жақты атап көрсеткен еді. 1981 жылы Қашқар қаласыналасынан табылған «Жаһаннаменің тағы шар көшірмесін елге алып келген де Әбсаттар Дербісалиев, Аталмыш поэманың авторы Мырза Мұхаммед Дулат екенін айта келіп, поэма мазмұнының «Тарих-и Рашидидің» екінші дәптерімен үндестігіне назар аударған.

УДК 297.51

СОВРЕМЕННАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Базалей Я., Ахатова Г.А.

Современный мир, несмотря на свои колоссальные достижения во всех сферах человеческой деятельности, прежде всего, в сфере науки и научно-технического прогресса, не смог вытеснить религию, но вместе с тем, в свою очередь, вызвал глубокие перемены в самой религии и религиозном сознании современного человечества: в понимании Бога, мира и самого человека.



Сегодня становится очевидным, что религия играет заметную роль в жизни общества и что она претерпевает глубокие изменения. Современные тенденции развития общества, разрушая традиционные установления, подчас открывают для религии новые возможности ее существования. Религия в качестве нравственной и духовной силы получила возможность вступить в диалог с современным миром, судьбы которого оказались зависимыми от его нравственной состоятельности перед лицом реальных проблем существования и развития современной человеческой цивилизации.

Казахстан – многонациональное государство, где проживают представители более 130 национальностей. Население республики насчитывает –18,6 миллиона человек. Коренное население - казахи составляет 67,4%.

Общество – этнически неоднородно, и в нем представлены многие религиозные группы. Среди верующих имеются последователи почти всех мировых религий: ислама, христианства (православия, католицизма, протестантских течений), буддизма, а также иудаизма, индуизма, древних политеистических культов и современных новообразований.

Важное место в конфессиональном спектре Казахстана занимают наиболее традиционные для местного населения религии – ислам суннитского толка и русское православное христианство, на которые приходится доминирующее количество верующих.

Ислам - самая распространённая религия среди верующего населения Республики Казахстан. Мусульмане составляют 70% населения по переписи 2019 года.

Христианство в Казахстане в настоящее время представлено тремя его основными направлениями (православие, католицизм и протестантизм), а также армянской религиозной общиной “Суяб Хач” Армянской Апостольской Церкви.

В количественном отношении преобладают православные христиане. Они составляют приблизительно 1/3 населения. Всего зарегистрировано 268 православных церквей.

В 1996 г. в г. Уральске был основан Тибетско-буддийский центр. По итогам перерегистрации 2012 г. в Казахстане действует 2 буддийских религиозных объединения в г. Алматы и в Западно-Казахстанской области.

Главный результат действия Закона «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» - отсутствие межконфессиональных конфликтов в казахстанском обществе, формирование позитивного имиджа страны как инициатора уникальных межрелигиозных диалоговых площадок мирового масштаба.



Помимо Закона, в настоящее время действуют 14 нормативных правовых актов, регулирующих различные вопросы религиозной деятельности, религиоведческой экспертизы, распространения религиозной литературы, осуществления миссионерской деятельности, строительства культовых зданий и т.д.

Казахстан наглядно демонстрирует миру, что религия выполняет важнейшую роль в сохранении стабильности и согласия внутри страны, укреплении общенационального единства на универсальных общечеловеческих ценностях, а различные религии и конфессии могут сосуществовать и гармонично развиваться на основе полного взаимопонимания и взаимоуважения.

Республика Казахстан в своем цивилизационном выборе собственной политики свободы вероисповедания идет по пути непреходящих ценностей всего человечества – диалога и согласия, гармонии интересов, мирной созидательной жизни, благополучия и процветания.

УДК 327 (574)

СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГРУЗИНСКОЙ ДИАСПОРЫ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

Люфт Д., Ахатова Г.А.

Исследование истории грузинской диаспоры в Казахстане - одна из важных задач исторической науки в нашей стране. Здесь важно выделить такие проблемы, как предпосылки и причины появления грузинской этнической группы в Казахстане, её расселение и особенности социально-демографического развития грузинской этнической группы в годы советского и суверенного государства.

Актуальность проблемы социально-демографического развития грузинской диаспоры в Казахстане обусловлена рядом факторов. Прежде всего, в условиях суверенитета происходит пробуждение национального самосознания, основой которого является познание истории.

Сегодня грузинская диаспора, проживающая в Казахстане, имеет свою историю, которая тесно переплелась с историей Казахстана, который для них стал не просто местом временного пристанища, здесь



они обрели родину для себя и своих потомков, заняли достойное место среди народов, проживающих в нашей стране.

Исследование социально-демографического развития грузинской диаспоры, проживающей в Казахстане, актуально еще и потому, что до сих пор не получено полного научного освещения. Причиной этого является идеологический запрет на разработку отдельных аспектов национальной тематики в советский период.

В Казахстане грузины появились в начале XX века. По переписи 1926 года в Казахстане проживало 78 представителей грузинской национальности. Значительный прирост грузинского этноса в Казахстане происходит в конце 30-х годов. Прирост переселенцев в нашу страну связан также с политической депортацией и насильственного переселения И. Сталина и его пособника Л. Берия. После войны поток грузин в нашу страну не прекращался. Прибывали они по распределению на строительные объекты, на целину и т.д. Депортация месхетинцев (грузины) – массовое принудительное выселение в 1944 году грузин – месхской этнографической группы из своей исторической родины – региона Самцхе-Джавахети (Грузия). В этот период с 1943 по 1944 годы были проведены массовые депортации из Грузии без объяснения причин. Многие горные народы из Грузии переселились в Казахстан. Разлучали членов интернациональных семей. Уже в послевоенное время они искали друг друга и воссоединялись. Всего было выселено 224,5 тыс. жителей грузии, которые были рассредоточены по отдельным поселкам как «спецпоселенцы» (т.е. без права изменения места жительства). Таким образом, на 1 апреля 1941 г. в Казахстане проживало 180 015 трудпоселенцев, сосланных сюда в ссылку. С конца августа 1941 г. началось выселение немцев, которое продолжалось вплоть до 1948 г. В 1943-1944 гг. в Казахстан были выселены калмыки, чеченцы, ингуши, карачаевцы, грузины, балкарцы, крымские татары, болгары, греки, армяне, турки-месхетинцы, курды, хемшиды, азербайджанцы и др.

Грузинская культура сформировалась в результате слияния культуры восточных народов с греко-римской культурой.

Исследуя особенности переселенческой политики и историю грузинской этнической группы, мы видим, как в разное время под ударами судьбы грузины вынуждены были покинуть родину и создавать диаспоры в других странах. История грузинской диаспоры – неотъемлемая страница истории нации в целом. В условиях активного



развития Казахстаном международных отношений они становятся живым связующим мостом.

Очевидно, что грузинская диаспора в Казахстане, с ее многовековой славной историей, прекрасно вписана в казахстанский социум и не воспринимается как что-то иностранное и чужое. Формируясь различными путями, объединяя как представителей интеллектуальной и культурной элиты общества, так и выходцев из других социальных слоев, грузинская диаспора в Казахстане естественным образом сближает наши народы, обеспечивает существование и укрепление духовных, культурных и человеческих связей.

ӘОЖ 343. 541

ПЕДОФИЛИЗМ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АУЫТҚУШЫЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Болатбекова А., Абдрахманова А.Т.

2 қыркүйек 2019 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының II-тарауындағы «АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» тақырыбында көрсеткендей, Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет және бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын- деп атап кетті.

Осы Жолдауға байланысты және осы «педофилия» мәселесі бойынша елімізде жұмыстар басталып кетті. Мысалы, дөңгелек үстелдер, құқық қорғау органдарымен кездесулер т.с.с. және де өзін де осы тақырыпты зерттегім келді. «Педофил» - деген кім, қайдан шықты, қандай ауру, қалай емдеуге болады? Осы сұрақтардың жауаптарын іздестірдім.

Педофилия (көне грекше: παις – «сәби» + көне грекше: φίλος — «махаббат», басқаша айтқанда инфантосексуализм, падерозия) — психикалық бұзылу, көптеген жыныстық ауытқулардың бірі. Бұл ауруға шалдыққан адамдарды *педофил* деп атайды.



«Педо» – бала, «филия» – жақсы көру деген екі сөздің қосындысынан тұратын бұл ұғымның мағынасы «баланы жақсы көру» дегенді білдіреді. Ал, медициналық тұрғыдан алып қарағанда, жыныстық таңдаудың бұзылысы педофилияға, болмаса одан өзге, мәселен, гомосексуализмге, зоофилияға, инцесс сияқты толып жатқан психикалық бұзылуларға да әкелуі ғажап емес. Оның түрлері жеңіл, ауыр болуы мүмкін. Жеңіл түріне орай, сол әрекетке барушылар өзінің не істеп жатқанын біледі, оған жауап бере алады, ал, ауыр бұзылыстар – шизофрения, эпилепсия сияқты аурулар.

Балалардың ерекшеліктері өте белсенділігінде, бір жағынан, инфантильдігінде болып келеді. «Бұл деген сөз, баланың физикалық, жыныстық тұрғыда толық дамымағанын білдіреді». Сонымен бірге, оның бойында басқа да бұзылыстар бар, мәселен, ол тұлғаның бұзылыстары (расстройство личности). Тағы айта кетсек, бәрімізде білеміз адам бойында Х және У хромосомдары бар. Егер қыз баланың тұлға ретінде қалыптасу барысында, қоршаған ортасы мен социумында ықпал ететін адамдардың әйел қалпын қалыптастыратын жағдайлар жоғары болса, оның ағзасында Х хромосомы басым болады, бұл дегеніміз ол өзінің әйел қалпын сақтап қалуы. Ал, ер адамдармен араласу басым түссе, ер мінезді әйел тұлғасы болуы мүмкін. Ұл бала тәрбиесімен әйел адамдар айналысса және өмірінде ер адам болмаса онда, сол баланың бойында феминизм (женск.начало), ал қыз балалар ер адамның тәрбиесін көбірек көрсе, маскулинизм (мужское начало) байқалуы мүмкін.

Педофилия-физикалық және психикалық ауру қатарына жатады. Қазіргі таңда педофилдер туралы нақты мәлімет жоқ, алайда елімізде жантүршігерлік мәселе болып тұр.

Педофилияда қылмыс жасаушылар кімдер?

Бұл тақырыпта американдықтар өте көп зерттеу жасаған. Сондағы олардың анықтағаны – педофилдердің 93 пайызы бала кездерінде сексуалды жағдайларға ұшырағандар. Мамандардың сөзіне қарағанда, педофилия деп айту үшін белсенді партнердың 16 жастан жоғары, ал, кіші партнердың одан 5 жасқа дейінгі аралықта жас айырмашылығы болуы керек екен. Ол 6 айдан кем емес уақыт бойына осы мәселені ойлап, сонымен өмір сүреді, яғни, сол ойлағанын осы уақытта жүзеге асырады, жүзеге асыра алмаса ауырады дегендей тұжырым жасалған.

Жаһандану заманында ақпарат құралдарының, оның ішінде ғаламтор ресурсының бақылаудан шығуы күн сайын зорлық қылмыстарының барынша жармалануына әкеліп отыр. Соның салдарының бірі ретінде жас балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстардың көбеюі.



Зигмунд Фрейд барлық адамның бисексуал болып туатынын айтады. Яғни, бала өзінің қыз немесе ұл екенін білмейді. Жынысын ата-анасы ұқтырады. Әдетте еркек әйеліне қол көтеретін отбасылардан гейлер шығады. Еркектің рөлін көрсететін отбасыларда да дәл осы жағдай орын алады.

ӘОЖ 378.14

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бейбіт Н., Керimbaева Р.Қ.

Бүгінгі таңда қоғамның даму кезеңінде туындап отырған әлеуметтік жағдайларда баланың тұлғалық қалыптасуында ақыл-ойын дамыту, интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастырудың маңызы зор.

Психолог ғалымдар баланың мектепке танымдық даярлығы аса маңызды дей келе, баланың мектепке даярлығын анықтайтын 5 бағытты ұсынды: танымдық қабілет, дене күшінің дамуы, оқуға ынта-ықыласы, көңіл-күйі, ерік сапаларының қалыптасуы. Осындай ғылыми тұрғыда дәлелденген тұжырымдарға сүйене отырып мектеп жасына дейінгі балаларды міндетті мектепалды даярлықта оқыту қажеттілігі туындайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дейінгі сапалы білім бағдарламаларына қол жететіндігіне арттыру нысандарының бірі мектепалды институт болады, ол балаларды балалар бақшасында жалпы білім беретін мектепте және отбасында мектепалды даярлануды барлық жерде ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі мектепке мектепалды даярлаудың қызметі мыналар: балалардың тән сұлулығы мен психикалық саулығын сақтау әрі нығайту; балалардың интеллектуал және тұлға ретіндегі дамуын қамтамасыз ету, олардың эмоционалдық салауаттылығы жөнінде қамқорлық; баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау. Жалпы мектепалды даярлықты дұрыс бағытта, сапалы жүргізуде мектеп, бала-бақша және отбасына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Отбасы баланы мектепалды даярлауды дербес, мектепке дейінгі ұйыммен немесе мектеппен бірлесіп ұйымдастыруды таңдауға хақылы. Мектепке барар алдында балада



мектептік оқуға деген қызығушылық, білімге ынта, жаңаны білгенге қуна білуі, өзін жағымды жағынан көрсете алу, қарым-қатынасқа түсе алу қабілеттерінің қалыптасуы маңызды. Осы негізде мектепалды даярлық сыныбында баланың оқу жұмысы процесінде терең және тұрақты таным мүдделері және жемістіде жүйелі ой еңбегі нәтижесінде пайда болған қуаныш тәрбиеленеді. Белгілі балалар психологы Е.Е.Кровцова 7 жас дағдарысының ролін ерекше бағалайды: «баланың бұған дейінгі барлық дамуының даярлығы нәтижесінде 7 жас дағдарысы пайда болады».

Осы дағдарыстан өтуі нәтижесінде балалардың мектепке психологиялық даярлығы қалыптасады (Д.Б.Эльконин, А.Л.Венгер). Бұл дағдарыс балалар психологиясы мен педагогикалық психологияда шартты түрде белгіленген жас мөлшері. 6-7 жасар баланың әлеуметтенуі мектепте оқуға психологиялық жағынан даярлануына байланысты жүзеге астындығында. Осыдан шығатын негізгі қорытынды 5 жастағы балаларды мектепалды даярлықтан өткізу, «дағдарыс» кезеңінің жеңіл өтуіне жәрдемдеседі. Баланың мектептік оқуға даярлығын, міндетті түрде баланың биологиялық жасымен тығыз байланысты. Мектептік кемелді анықтайтын бағыттар ішіндегі баланың дене күші даярлығы бағыты тікелей жас мөлшеріне тәуелді. Білім игеру барысында аса қажет жазу-сызуды меңгеру үшін қолдың саусақтарының нәзік қимылы, икемділігі, бойы мен салмағының мөлшері- осының бәрі баланың нақты жасын көрсететін биологиялық кемел белгілері. Биологиялық кемел мектептік кемелді құрайды. Мектептік кемел және оған әсер ететін жағдайлар:

- баланың даралы ерекшелігі;
- мектепке дейінгі даярлық;
- биологиялық кемелі.

Осы үш ерекшелікті ескере отырып, бірінші сыныпқа қабылданар баланың мектептік кемелге жеткен жетпегенін мұқият тексеру қажет. «Мектептік кемел» терминінің мәні: 6-7 жастағы бала ағзасының мектептегі жүйелі оқу әрекетіне дайындығының белгілері. Баланың мектепке келуінен бастап оның өмірінің мүлдем жаңа кезеңі басталады. Бұл кезеңге ол тиісті дәрежеде даяр болуы тиіс. Басқаша сөзбен айтқанда болашақ оқушыға өз мінез-құлқын, оның ішінде өзінің танымдық іс-әрекетін ерікті басқару, оны оқу міндеттерін шешуге бағыттап отыру қажет болады.



УДК 616.33-008.44

АНОРЕКСИЯ – ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ИЛИ ТЕЛЕСНАЯ ПРОБЛЕМА?

Кенесова А., Иманбаев А.А.

Мой выбор темы можно объяснить несколькими причинами. В наше время эта тема актуальна. Проблема избыточного веса и связанные с ней проблемы здоровья, красоты и даже самооценки волнуют очень многих женщин и мужчин. В настоящее время тема снижения веса тела очень популярна. Об этой теме написано уже немало статей, тем не менее, проблема остается актуальной, ведь человеку свойственно заботиться о своем здоровье, стремиться выглядеть достойно и привлекательно, задумываться о своем будущем. Конец XX - начало XXI веков стало временем стройных женщин. По телевидению и в различных журналах мы видим стройных, порой даже худощавых девушек... Мы начинаем принимать это как должное, и многие из этих девушек становятся кумирами, идеалами, теми людьми, на которых очень хотят быть похожими.

Анорексия — это психическое заболевание, в процессе которого человеком овладевает неоправданное, патологическое желание потери веса, полный или частичный отказ от приёма пищи. Различают три типа анорексии: нервная, психическая и анорексия как симптом.

Анорексия (симптом) - снижение или потеря аппетита. Этот симптом очень распространён: он встречается не только при психических заболеваниях, но и при многих соматических заболеваниях.

Психическая анорексия - отказ от еды ввиду резкого угнетения аппетита при депрессивных и кататонических состояниях (состояние, в котором преобладают нарушения в двигательной сфере: заторможенность (ступор) или возбуждение) или под влиянием бредовых идей (симптом психического заболевания - расстройство мыслительной деятельности) отравления.

Нервную и психическую объединяют в одну группу.

Нервная анорексия - это расстройство приёма пищи, характеризующееся преднамеренным снижением веса, вызываемым и поддерживаемым самим пациентом, в целях похудения или для профилактики набора лишнего веса. Чаще встречается у девушек.



Существует несколько причин, которые могут повлиять на возникновение анорексии. Обычно бывают задействованы все три фактора:

- Биологический (биологическая и генетическая предрасположенность)
- Психологический (влияние семьи и внутренние конфликты)
- Социальный (влияние окружающей среды: ожидания, рамки подражания)

Анорексию главным образом лечат амбулаторно. Лишь при упорном отказе от пищи и нарастающем упадке питания (кахексии) прибегают к стационарному лечению. Терапия может включать в себя лекарственные средства для коррекции дефицита железа и цинка, а также антидепрессанты. В стационаре назначают дополнительное калорийное питание, при упорном отказе от еды – парентеральное питание (внутривенно). Ориентировочная продолжительность активной фазы лечения – от трех до шести месяцев. Ожидаемые результаты – умеренное или значительное ослабление симптоматики, частичное или полное восстановление веса. В лечении анорексии ключевыми элементами являются улучшение соматического состояния, поведенческая, когнитивная и семейная психотерапия. Фармакотерапия в лучшем случае представляет собой дополнение к другим видам психотерапии. Неотъемлемыми компонентами лечения являются алиментарная реабилитация и меры, направленные на восстановление массы тела. Лечебное питание пациентов, страдающих анорексией, составляет важную часть их лечения.

ӘОЖ 325.1

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР ШЕТЕЛДЕ ОҚУҒА НЕГЕ ҚҰМАР ЖӘНЕ ЕЛДЕН КЕТУІНЕ БАСТЫ СЕБЕП

Әлімбек Ж., Өмірзақова Д.Д.

Қазіргі таңда білім іздеген жанның көптеген мүмкіндіктері бар. Мемлекетімізде азаматтардың сапалы білім алып, өз ісінің шебері болуға барлық жағдайлар қарастырылған. Тіпті, әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандықтар қаншама?! Әлбетте, жастардың шетелде білім алып, өзге мемлекетте тәжірибе



жинақтағаны құптарлық жағдай. Бірақ шетелде білім алған жандардың кейбірі Қазақстанға оралуға құлықты еместігі тағы бар. Жалпы, жастар неге шет мемлекетте білім алуға құмар? Қазақстандықтардың шетелде білім алуы елімізге қаншалықты қажет? Ең тиімді жолын іздей ме? Алғашқы рет тәуелсіздік алған соң елбасымыз Н.Ә.Назарбаев елімізді дамыту жолында «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындаған болатын. Осы кезден бастап жастарға шетелде білім алуға мүмкіндіктер ашылған болатын. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген.

1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. 1994 жылдан бастап 2014 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 2132 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Қазіргі таңда білім іздеп жүрген жанның жолы ашық. Елімізде азаматтардың сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Әрине, жастардың шетелде білім алып, өзге мемлекетте тәжірибе жинақтағаны құптарлық жағдай. Бірақ шетелде білім алған жандардың кейбірі Қазақстанға оралуға құлықты еместігі тағы бар. Жалпы, жастар неге шет мемлекетте білім алуға құмар? Негізінен шетелде кетудің негізгі себептері: Қазақстанның жаһандануға аяқ басуы, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасының төмендігі, халқының саны аз мемлекеттердің Қазақстан халқына қызығушылық танытуы, халықтың әлеуметтік жағдайы, оқудың қымбаттауы, экономикалық жағдайдың жоғарлығы, мамандық бойынша жұмыс жоқтығы болып табылады.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, жыл сайын Қазақстанда орта есеппен 120 мың түлек мектеппен қоштасады. Ал сол түлектер арасында шамамен 70% ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш білдіреді. Ал бірыңғай тестілеуге қатыспаған 30% жуық мектеп бітірушінің болашағы қандай болмақ? Олардың барлығы бірдей жоғары білім алудан бас тартты деп айта алмаймыз. Әдетте шетелдегі жоғары оқу орындарында білім алуға ниетті жас түлектер ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысудан бас тартады. Себебі шетелде білім алу үшін қазақстандық ҰБТ сертификатының еш қажеті жоқ. Биылғы ҰБТ-ға қатыспаған мектеп түлектерінің барлығы бірдей шетелде білім алады дей алмаспыз. Десек те, олардың жартысынан көбі көршілес Қырғызстан, Қытай, Ресей елдерінен бастап, әрісі Ұлыбритания мен



АҚШ-тың жоғары оқу орындарына құжат тапсыратыны белгілі. Бұл түлектердің еліміздегі оқу орындарында білім алуға талпыныс та жасамағанын ескерсек, жас талапкерлер үшін шетелде білім алған тиімді болып тұрған секілді. Және осы тұрғыда студенттер арасында сауалнама жасалған болатын сауалнама қорытындысы бойынша 71% студент тұрақты жұмыс пен жақсы қаражатпен қамтамасыздандырылса сол жерде қалуға ерік білдіріп отырғаны анықталды. Осы жағдайлардың алдын алу үшін ең алдымен тәрбие тал бесіктен басталады сол себептен әр баланы туылғаннан бастап патриоттық құндылықтарды дәріптеуге үйрету.

Бүгінде шет мемлекеттердің барлығында дерлік Қазақстан азаматтары бар. Олардың бірі арнайы мемлекеттік бағдарлама арқылы білімі мен біліктілігін арттырып жатса, екіншілері өз қаражаттарымен әлемдік жоғары оқу орындарында дәріс тыңдап жүр. Қандай жағдайда да сол жастардың теория мен тәжірибені ұштастырғаннан кейін, туған елге оралып, Қазақстанның қарыштап дамуы үшін еңбек еткенін, тер төккенін қалаймыз. Бірақ еліміздегі университеттерді шетке ысырып, шетелдік оқу орнын таңдаған жастардың таңдауына шек қоюға қақымыз жоқ. Тек әрбір қазақстандықтың патриоттық сезімі жоғары болса дейміз.

ӘОЖ 740.08.25

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ШАРЫҚТАУ КЕЗЕҢІНДЕ АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТҰРҒЫДА ҚҰЛДЫРАУЫ

Төлеген У., Спанов М.Ж.

Техниканың даму процесі заңдылықтар қатарымен сипатталады. Бұл заңдылықтарды зерттейтін ғылым техниканың тарихы деп аталады. Техниканың дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланыста зерттелетіндіктен техника тарихы – бірімсіздікте техникалық және қоғамдық ғылым болып саналады. Техниканың дамуындағы негізгі қозғаушы күш – қоғамға қажетті материалдық қажеттіліктер өндірісі. Көрсетілген қарама-қайшылықтар өз кезегінде өндірістің бар әдістерін өзгертуге қажеттілігін тудырады. Жапония – Шығыс Азиядағы Хоккайдо, Хансю, Синоку және Кюсю секілді шағын ғана аралдарда орналасқан жоғары дамыған мемлекет. Бүгінгі таңда өзінің



экономикалық мүмкіндігі жағынан әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер құрамында. Елдің жалпы ішкі өнімі шамамен 2,4 трлн. долларды құрады. Әлемдік өнеркәсіп өндірісінің 12 пайызы Жапония үлесінде. Бұл мемлекет автокөлік, кеме, темір өңдеу жабдықтарын, тұрмыстық-электрондық техника, роботтар шығарудан әлем бойынша бірінші орында. Ешбір елді алдына түсірмей қарқынды дамып келе жатқан жапондар. Техникасы өз алдына, ал олардың мәдениетті жаулау әдісі мыңдаған сериалдарға созылып жатқан «анимелері». Аниме – анимациялық мультфильмдер ішіндегі ең көп қаралатын, жиі талқыланатын, адамға әсер ету күші бар дүние. Анимедегі әрбір кескін, кейіпкер, ғимараттар мен әрекеттер жапонның тарихы мен олардың қандай ел екені жайында ақпарат береді. Ал оны сіз байқамайсыз да. Тек ұзағынан созылған сериалдарға байланып қаласыз. Ал сол елдің сериалын жан қалауыңызбен көре тұрып жапондар мені «жаулап» алды деп айта алмайсыз. Амалыңыздың жоқтығы – сіздің өз мәдениетіңізді таныта алмағаныңызда. Адамзат бүгінгі таңда әлеуметтік шиеленісті өршітетін қоғамдық індеттердің бұғауынан құрық үзіп, құтыла алмай отыр, бірақ көңілге үміт ұялатар мүмкіндіктер де жоқ емес. XIX–XX ғасырларда адам баласы ғылым мен техникалық прогресте бұрын-соңды болмаған ғаламат жетістіктерге қол жеткізді. Адамзат ғылым мен техникалық прогрес-те қол жеткізген орасан жетістіктерді ізгілік жолында тиімді пайдалана білгенде, жұмыр жерді әлдеқашан «жұмаққа» айналдырар еді. Қазіргі жағдайды байыппен барлап, бағамдайтын болсақ, алыс көкжиектен бақытты да баянды болашақтың сұлбасы ағараңдайды. Ғылым мен техника өз жетістіктерімен адамзатқа бейне бір «ізгілік үшін игілігіне жарат» деп үн қатқандай... Бір өкініштісі, осынау ұлан-асыр, көл-көсір мүмкіндікті қажетінше пайдалана алмай жатқанымыз да белгілі. Бүгінге дейін жанын шүберекке түйген ізгілік жаршыларының адамзатқа бағыт-бағдар беру секілді салмақты да саликалы жауапкершілікті мойнына алмауы жалпыға ортақ баянды өмірдің орнауын кешеуілдеткенімен қоймай, мәңгілік өмірде қауышар игілігі тұрғысынан да көңілді күпті ететін көптеген күдік-күмәндардың шырғауына түсуіне сеп болды. Бұл келеңсіз жағдай адамзат игілігін мұрат тұтқан ізгілік жаршылары өз жауапкершілігін шынайы тұрғыдан ұғынып, санасы сілкінген сәтке дейін осылай жалғаса бермек... Ел ертеңі — білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-денгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына,



талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы.

Қазіргі жаһандану дәірінде ғылым мен техниканы жете меңгерумен қатар, рухани тұрғыда жетілуді қатар қоймасак өз ұлтымыздың болашағы бұлыңғыр болмақ. Себебі өз ұлттық кодымызды бекем ұстанбасак, білмесек өркениетті елдердің қатарында өзіміздің ұлттық ерекшелігімізмен көш ілгері алда тұруымыз бейғайбыл. Рухани жаңғыру бағдарламасы еліміздің дамып өркендеуіне дер кезінде қолға алынған көрегендік саясат болды деп түсінеміз. Адамзат қай уақытта да, қандай заманға тап келмесін рухани тұрғыда жетіліп отыру қажет. Міне бұл адамзаттың өмір сүруінің мәні болып табылмақ.

ӘОЖ 297.17:211.5(574)

ДІНИ СЕНІМ ЖӘНЕ АДАМ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ

Елхат Е., Баярисов Р.У.

Қазіргі қазақ қоғамындағы дін ахуалын көріп, ішіміз ашып қынжыламыз. Уағызшылардың көбінің айтатыны ақыл, іс-әрекеті кемде-кем, біздің діндарлардың адамдарға тигізер ең үлкен пайдасы – мешіт салу, медресе соғу. Біздің ең үлкен мақтанышымыз– біз мұсылманбыз, біз құдайды танығанбыз, біз ақиқат жолымен жүреміз, Европа, Жапония, Қытай – олар құдайын танымаған, пайғамбарды хақ, Алланы жалғыз деп білмеген кәпірлер, атеистер, біз оларға қарағанда мұсылман боп жаратылдық дейміз. Мінекей молдалардың, діндар қандастарымыздың айтатын мақтаны– осындай бөліп-жарған өзімшілдік көзқарасты естігенде, Абай атамыздың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»деген өлең жолдарын еріксіз еске алып ойланамыз.

Біз діншілдіктің құйына батқанымыз соншалық, өзіміздің арғы тегімізді, кім екенімізді ұмытып қалдық. Мешіттерге барып



имамдардың уағызын тыңдасаң, Құран мен хадистен кейінгі айтылатыны ылғида арабтардың ғұламалары, арабтардың ғақлиялары, арабтардың әңгімелері, арабтардың хиджабы мен сакалы. Қазақтардың бетке ұстар, мактан тұтар, ғибрат етертұлғалары аталса аталды, аталмаса олда жоқ, тыңдап отырып өзіңнің қазақ екенінді ұмытып, Қазақстан емес Арабияда жүргендей күйге түсесің.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлтымыздың идеологиясын ұлықтап, ұлы тұлғаларымыздың артында қалдырған еңбектерін оқып, қазақтың дүниетанымын, Алаштың рухын одан ары жаңғыртып, ел үшін, жер үшін күрескен, ертеңіміз үшін арпалысып, қанын төккен бабаларымыздың өнегесін үйренеміз бе десек, қайдағы Түркия көрген, Мысыр көрген, Арабиякөрген молдаларымыз келіп алып, Қазақстанның табиғатын, ауа райын, тұрмыс-тіршілігін көрмеген, қазақтың салт-дәстүрінің иісі мұрнына бармаған арабтардың салтын, тұлғаларын, идеологиясын үлгі қылып, мешіттерде сарнап әкетеді.

Кезінде ислам діні келгеннен кейінде бабаларымыз жаңа дінді тәңірлік дүниетаныммен ұштастыра білді. Ал қазіргі кезде құдай жайлы, дін жайлы пікірінді, көзқарасыңды білдірейін десең, «Ойбай, құдайға қарсы келдің, ондай сөз айтпа, діннен шығасың, шарияғаттан аттайсың, пайғамбарға қарсы келесің!» деп, әбден шырмап үрейлендіріп тастайды. Осылайша өз пікірімізді де айта алмайтын, сызған шеңберден шыға алмайтын, жаттанды пікірден басқаны білмейтін қорқақ боп қалғанбыз. Сонда кешегі сақтардың, көк түріктердің, еркін даланың еркін ұрпағы қайда? Өзін Тәңірінің еркесімін деген ұлылық, биік рух қайда? Қазіргі шектеулі түсінігіміз бен хал-жағдайымызды ойласаң ішің ашиды.

Ал енді жаратушыны, ақиқатты тану жолы тек дін деп шектелмей, ғылым да ақиқатты танудың ұлы жолы деп қабылдаған жөн сияқты. Абай атамыз өзінің оныншы қара сөзінде: «Ғылымсыз ахиретте жоқ, дүниеде жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» дейді. Қазіргі ғылым діни ұстанымның да кейбір пікірталасын тудыратын тұстарын тауып, сарапқа салып жатыр. Міне, осындай күрмеуі қиын мәселелерді сарапқа сала отырып, әр нәрсені ақылға салмай тұрып қабылдай бермей, ғылым көзімен, ақыл көзімен көріп қабылдауды жолға қойсақ дұрыс болар еді.

Біз «иманды адам кім?» десе, бес уақыт намазы бар, ораза ұстаған, қажылыққа барған адамды «ой, мынау иманды адам екен» деп жар саламыз. Бірақ намаз оқып жүріп те күнә жасайтын адам болады. Албіздің түсінігімізде иманды деген әділетті, адамгершілікті, ешкімді алаламайтын, дүниеге теңдік көзқарасымен қарайтын адам. «Мұсылман кім?» десең, «пайғамбарды хақ, Алланы жалғыз деген адам» дейді. Біздің ойымызша, адамдарға жанашырлық сезіммен



қарай білетін, басқаға пайда келтіретін адам – мұсылман. Адамзат пайдасы үшін жарықты, машинаны жәнебасқа датамаша жаңалықтарды ашқанмұсылман емес ғалымдар бар, олар адамзатқа ұшан-теңіз пайда келтіріп жатыр, осыларды қалай кәпір деп жек көре аласың? Біз еркін ойлайтын бабалар жолына, дамыған елдер жолына қайтайық, тапталған тозығы жеткен жолмен жүрмейік, ғылым үйренейік, өзімізге шынайылықпен үңіліп, бойымызға ізгілік қасиеттерді дарытайық! Халқымыздың рухани жаңғыруына қажет осындаймағыналы ізгі ойларды іске асырып, елімізді алға қарай дамытып өркендетсек екен!

ӘОЖ 37.013.1.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ – ПАТРИОТТЫҚ, РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Кененбай Д., Кульбаева Д.Д.

Біздің еліміздің қазіргі таңда алда тұрған ең басты мақсаты Қазақстанның –экономикасы мықты, кез-келген бәсекелестікке төтеп бере алатын, ең дамыған 30 алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына енуіне деген ұмтылысы.«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы осы мақсатқа жетелейтін Ұлы бастама. Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – халқымыздың жүріп өткен жолынан сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұратымыз. Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын, яғни, Қазақстандық дамудың бағыт – бағдарын айқындап берді. «Мәңгілік ел» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Елбасы жолдауында еліміздің экономикасын, шағын бизнесті, әлеуметтік саланы дамыту, Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру, ұлттық білім берудің сапасын жақсарту, инфроқұрылымдық үш тағаннды қарқынды дамуы бұдан өзге де маңызды мәселелер сөз етілді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, оны ұстап тұру қиынның қиыны. Әлемде өз тәуелсіздігі үшін күреспеген халық кемде-кем. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де бір ортақ мәмілеге келе алмай, жерінен, елдігінен айрылып қалғандары қаншама. Сондықтан елдігімізді, мемлекеттігімізді сақтап қалғымыз келсе, өзара алауыздыққа жол бермей, ұлтаралық, конфессияаралық қактығыстардың орын алуына жол бермеуіміз қажет.Ол үшін біз өзгелер жіберген қателіктерден сабақ алып, ынтымақ пен бірлікте өмір



сүруіміз керек. Еліміздің әлемдік картадан жойылып кетпей, Мәңгілік Ел болып қалуы біздің өз қолымызда. Ол үшін біз жастар, елдің болашағы ретінде өзіміздің алдымызға үнемі нақты жоспар қойып, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Бабаларымыз бен аталарымыздың көзінің қарашығындай сақтап келген ұлан-байтақ жеріміздің қазба байлықтарын тиімді пайдаланып, озық технологияларды игеру мақсатында жұмыс жасауымыз керек.

Жаһандану дәуірінде өзіндік ерекшелігіміз бен дәстүрімізбен әлемге танымал болу үшін ұлттық болмысымыз бен ұлттық бірегейлігімізді сақтауымыз қажет. Бұл жерде ұлттық тілдің мәртебесі туралы айта кетуіміз керек. Өйткені тілі жоғалған халықтың құрдымға кетері анық. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамытын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол - мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Ана тіліміздің мәңгілік елімізбен қатар сақталып қалуы да жастарға қатысты мәселелердің бірі. Қазіргі таңда тіл тазалығына көңіл бөлінбесе, болашақта шұбар тілді ұрпақтың дүниеге келері сөзсіз. Сол себепті, жастардың өз ана тіліне деген сый-құрметін арттыру мақсатында тынымсыз жұмыс жүргізілуі тиіс деп ойлаймын. Тіл халықты ұйыстырушы күшті құрал. Ал тілдің мәртебесін көтеру өз қолымызда екенін естен шығармай, өз тілімізде сөйлеп, оның қолданыс аясын кеңітіп, оны білуді қажеттілікке айналдырсақ мемлекеттің тілдің мәңгілік болып қалуына қол жеткізер едік. Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды тереңірек зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып, жасап шығару. Қазақ халқының әлемдік өркениетке «мен» дегізерлік өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ерекшеліктерін саралау өте маңызды және бұл – ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатқан ұстаным.

Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса, біз жастар осы бағытта тынымсыз еңбек етейік.



ӘОЖ 1(091):94(574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ОЯТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МАҚСАТЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Бекбай Г., Баярисов Р.У

XX ғасыр басталғаннан-ақ қалыптаса бастаған Алаш қозғалысы 30-шы жылдарға дейін созылды. Ол Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болатын. Оның басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев тәрізді ұлт зиялылары тұрды. Аталған тұлғалар өз заманының оқыған, білімді, көздері ашық, көкіректері ояу және озық ойлы адамдары болған. Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан сияқты ірі қалаларында жоғары білім алып, сондағы оқу орындарын тәмамдаған олар қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда аса жоғары белсенділік танытты.

Қазақ жерінің Ресейдің меншігі деп мәлімденуі, қазақ даласының шөбі шүйгін, топырағы құнарлы жерлерінің тартып алынуы, Орыс жерінен қоныс аударушылар санының артуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, қазақ халқының өз салт-дәстүрлерінен алыстай бастауы – қозғалыстың басталуының негізгі себептері болып табылады. Зиялылар қолға қару алып, бірігіп, қол жинап көтеріліске шығудың пайда бермейтінін, заман талабына сай, жаңа саяси жағдайға лайықты әдіс-айла қажет екендігін, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлде ерекше саяси-әлеуметтік күш керек екенін түсінді және 1905-1907 жылдары бірінші орыс революциясы кезінде «Алаш қозғалысы» деп аталатын қозғалыстың негізін қалады. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде қол қойылған «Қарқаралы» петициясы соның бағдарламалық құжаты болды.

Ұлт жанашырлары өз жұртының көнеден келе жатқан заңын Батыс елдерінің демократиясымен тоғыстыруды ойға алды және оның әдістерін де білді. Жергілікті халықты ана тілінде білім алып, оқуға, құқығының тапталуына жол бермеуге, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді өзінің шынайы қожайындарына, яғни қазақтарға қайтару тәрізді талаптарды басты орындарға қойды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы басшылық жасаған ұлт зиялылары қозғалысқа нысаналы сипат беру мақсатында газет шығару, бостандыққа үндейтін кітаптар басып



шығару және тарату, бүкілресейлік мұсылманшылдық, түркішілдік қозғалыстарына белсене атсалысу тәрізді қазақ санасына беймәлім күрес әдіс-тәсілдерімен айналыса бастады. 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап», 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газеті, сонымен қатар кейіннен дүниеге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуында айрықша рөл атқарды. Бірінші орыс революциясынан өзінің бастауын алған Алаш қозғалысы 1917 жылы өзінің нәтижелеріне қол жеткізе бастады. Аталған жылдың шілдесінде Орынборда шақырылған бірінші жалпықазақ съезінде қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық Алаш партиясының құрылуы туралы шешімнің қабылдануы, жыл соңына қарай Түркістан автономиясының және Алашорда үкіметінің құрылуы қол жеткізген нәтижелердің ең негізгілері болды.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, Алаш қозғалысы жетекшілерінің қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға қосқан үлестері мен жасаған ерен еңбектері ұшан-теңіз дегіміз келеді. Қазір біздер Алаш қайраткерлері ұмтылған, талай жыл аңсап, сол жолда күрескен азаттықта өмір сүріп жатырмыз. Алаш арыстарының руханиятты көтеру жолында атқарған қызметі қазіргі кездегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үндесіп жатқан тәрізді. Бұлай айту себебіміз, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты мақсаты –өткеніміз бен бүгінімізді рухани тұрғыдан байланыстырып, оларды жаңғырту, ұлттық бірегейлігімізді сақтап, рухани құндылықтарымызды насихаттау, бабаларымыздан қалған асыл мұраларды жаңартып, Ұлы дала жетістіктерін болашаққа бағдар ретінде зерделеу болып табылады. Біз Алаш арыстарының еліміздің азаттығы жолында атқарған қажырлы қайраткерлігі мен интеллектуалдық ізденістерін, тайсалмай аяқ басқан тәуекелшіл әрекеттерін және халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған өршіл ұмтылыстарын қазіргі заман талабына сай жалғастыруға тиіспіз!

ӘОЖ 168.522

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҚҚА ӘСЕРІ

Жанаберген Ж., Аймамбетова Ш.Г.

Гендер («gender» ағылшын тілінен аударғанда «тек» деген мағынаны білдіреді) – бұл биологиялық емес, әлеуметтік жағдайларға тәуелді әлеуметтік жыныс, әйелдер мен еркектер арасындағы айырмашылықтар. Алғашында гендерлік зерттеулер батыста жүргізілді:



Америкада, Англияда, Франция және Германияда. Ресейлік және Қазақстандық психологиялық әдебиеттерде «гендер» термині өте сирек кездесетін. Бүгін жағдай өзгеріп барады: гендерлік зерттеулер адам жайлы ілімнің барлық негізгі аймақтарына кіре бастады. Біреулері «гендерлік зерттеулерді» әйелдердің мүддесі үшін әйелдердің әйелдерді зерттеуі деп түсінеді. Бірақ бұл дұрыс емес, көптеген жағдайларда әйел затының құқықтары жерге тапталып жатады, сондықтан әйел құқығына байланысты мәселелер туындап, гендерлік зерттеуледе көрініс тауып жатады. Осындай жынысқа байланысты дискриминация жағдайларын болдырмас үшін де гендерлік саясат жүргізіледі. Өз елімізге келетін болсақ, қазақ әйелдерінің құқықтарын қорғайтын мынадай құжаттар бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы жыныс белгісі бойынша дискриминацияға тиым салады. Қазақстан 1981 жылы ЮНЕСКО-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларына жол бермеу жайлы конвенциясына» қол қойды, ал 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын тоқтату жайлы конвенциясына қосылған болатын. Дәл қазіргідей ашық қоғамда заман талабына сәйкес қоғамдағы ер азаматтар мен арулар әлемі гендерлік саяси көзқараспен қарасақ, теңескендей. Әйтсе де, қазақ қыздарының бүгінгі күнгі тәуелсіз қоғамымыздағы орны қандай? «Қоғамдық прогрессті әйел жынысының қоғамда алатын орнымен дәл өлшеуге болады», - деп жазған екен Карл Маркс. Бұрынғы даналардың жазғандарына көз жүгіртсек, көбі әйел адамды тек «шаңырақтың сақтаушысы», «бала күтушісі» ретінде ғана қарап, қоғамдық жұмыстарға араластырмаған. Қазіргі заманда әйел адам қоғамдық жұмыстардың барлық түрінде, билік басында да, жеке кәсіпкерлікке де, әскери іске де, ғылымға да араласып жүр. Дегенмен, мәселе әйел адамдардың осы іс-әрекет түрлеріне қандай дәрежеде араласып жүргенінде.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Парламентінде тек 25 әйел бар. Бірде-бір әйел-облыс әкімі жоқ, барлығы 5 әйел ғана облыс әкімінің орынбасары, 2 әйел аудан басқарады. Аудан әкімдері орынбасарларының ішінде тек 17% әйелдер, ауыл және кент округтері әкімдерінің 11% әйелдер. Биліктің ең жоғары эшелонында – ел үкіметінің құрамында – 3 әйел министр, 1 – Премьер-Министр Кеңсесі басшысының орынбасары, 4 – жауапты хатшы, 2 – вице-министр бар. Жалпы, бүгінгі таңда шешім қабылдау деңгейін-дегі әйелдердің үлесі бар-жоғы 10,3% құрайды. Қазақстанның статистика агенттігі 2005 жылы мемлекеттік қызметкерлердің 57 пайызы - әйелдер деген мәлімет таратқан. Қазақстандағы әйелдердің енбекақысы ер адамдарға карағанда 40 пайызға кем. Әйелдер құқын қорғау жөніндегі



ұйымдардың мәліметі бойынша әйелдер тек орташа қызметтерде көпте, ал басшылар қатарында аз. Гендерлік саясат саласындағы кейбір мамандардың пікірінше, Қазақстанда Шығыс дәстүрін сылтауратып, әйелдерді жынысына қарап кемсіту бар деп есептейді.

Ойымды қорыта келе, мен осындай мәселелерге көңіл бөлу керектігін түсіндім: біріншіден, қоғамдық сананы түбегейлі трансформациялау, бір жыныстың екіншісінен артықтығы және басымдылық идеясымен байланысты гендерлік стереотиптерді түбірімен жою. Екіншіден, гендерлік өзіндік сана мен ерлердің және әйелдердің өмірлік практикасы ерекшеліктерін ескере отырып құқықтар мен мүмкіндіктердің гендерлік теңдігі принципіне негізделген мінез-құлық үлгілерінің жаңа модельдерін қалыптастыру.

Қазақстан өзіне алған халықаралық міндеттемелерін біртіндеп және кезең-кезеңімен орындауда. Дейтұрғанмен, Қазақстанға бұл бағытта әлі де жұмыс істеу қажет, ең алдымен бұл заң шығармашылық жұмыс: ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, Қазақстан қосылған халықаралық құжаттарды ратификациялау, басқа елдердегі реформалаудың неғұрлым сәтті тәжірибелерін біздің өмір шындығымызға барынша жақындата отырып қабылдау.

Қазақстанның халықаралық құқық пен халықаралық міндеттемелердің жалпыға бірдей принциптері мен нормаларын орындауы – бұл мемлекеттік гендерлік саясаттың міндеттерін іске асыру және мемлекет тіршілігінің барлық салаларындағы ерлер мен әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік кепілдікті сақтау құралдарының бірі.

ӘОЖ 101.1

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асылбекова М., Аймамбетова Ш.Г.

Мәдени жаһандануға әлемнің әртүрлі елдерінің іскери және тұтынушылық мәдениетін жақындастыру мен халықаралық қарым-қатынасты өрістету тән. Бір жағынан бұл әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етеді. Екінші жағынан әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар ұлттықты ығыстырып немесе оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін. Көпшілік мұны ұлттық мәдени құндылықтарды жоғалту деп түсініп, ұлттық мәдениеттің жандануы үшін күреседі. Қазіргі заманғы кинофильмдер экранға әлемнің көптеген елдерінде бір



мезгілде шығады, кітаптар аударылып, әртүрлі елдер оқырмандары арасында бір уақытта танымалдыққа ие болады. Мәдени жаһандануда ортақ Ғаламтордың таралуы үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ жыл санап халықаралық туризм кеңінен етек алуда. Жаһанданудың негізгі мағынасы «халықаралық бірігу» дегенді білдіреді. Ол үрдіс ретінде де сипатталады. Бұл үрдіс – экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің қисындасуы.

Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), Македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жер-дүниенің бәрін жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды әлемге таратпақшы болған. Бүгінгі таңда батыстық мәдениеттің «мысы» басым болып тұр. Ал қалған елдер не батыстың құндылықтарын, мәдениетін қабыл алып, батыстың «жүркек пойызының соңғы тепшегіне жабысады», яғни жаһанданады, не өздерін батыс ықпалынан шығарып алу үшін томаға – тұйықтық, жабықтық стратегия ұстанады. Жаһандану біздің елде де басталып кетті. Жаһандану заманында қазақ халқы менталитетінің этномәдени архетиптерін саралаудың да маңызы өте зор. Этномәдени архетиптер қатарына кеңпейілділікті, жомарттықты, ашықтықты, бөтенді жатсынбауды, төзімділікті жатқызуға болады. Нарықтық қатынастар мен демократиялық құндылықтарды игерудегі икемділік таныту астарының көзі де осы аталған архетиптермен байланысты. Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол – жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба? – деген сауал. Батыстың мәдениет ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстың нені алуымыз, нені алмауымыз керек. Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі – ғылыми – техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Тіпті ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ал батыстың дүниетанымынан келіп шыққан мәдениет бізге керек емес. Себебі батыс дүниетанымы өмірдің қызығын бұрмалап, қоғамымызға түнгі клубтар, нашақорлық т.б. көріністерді енгізуде. Бұл әсіресе жас буынның санасын улап жатыр. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Егер жастарымыз осындай жеңіл түсінікке ұрынса, онда мемлекетіміздің болашағы не болмақ? Ұлтымыздың болмысында біткен асқар таудай биік, өмірдің бар асылына бергісіз, сан ғасырлық ғажайып, бірегей мәдениеті бар. Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің



болу шартыәрі ең жоғары құндылығы. Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр. Ендеше, жөргегінде тұңшыққандай күйдегі біздің тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян. Сол қамалды сақтап қалу — әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз қатарлы жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршендігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту біздің айқын міндетіміз.

Өз ойымды қорытындылай келе, ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді берік ұстанып, ана тілімізді құрметтеп, өз мәдениетімізді ұмытпай қастерлеп ұстасақ, еліміздің болашағы үшін білім алып, қызмет етсек, біздің еліміз өз мәдениеті бар бәсекеге қабілетті болып қалады.

ӘОЖ 323(574)+37.018.1

РУХАНИ ТҰРҒЫДА ЖЕТІЛУДЕГІ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақтабекова А., Спанов М.Ж.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанына қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», – деп айтқан. Қазақ отбасында



ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін кәрі тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдеhana, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағи--дат қай дәуірде болсын өзгер-ген емес, өзгермек те емес. Ұлттың бүгiнi де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған. Жеке адамның индивид қалпынан тұлға тұғырына көтерілу процесіне қоғамдағы қалыптасқан ахуал, отбасындағы этностық тәлім тәрбие, білім берген оқу ордасы, ата бабасынан мирас болып бойына сіңетін генетикалық ерекшеліктері, жоғарғы психикалық процестердің жүзеге асу ерекшеліктері әсер етеді. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр.

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Ең алдымен отбасының тәрбиесі жүйесіз болса болашағымызда бұлыңғыр. Сондықтанда ата – ана баланы мейіріммен, бар махабатымен және болашағы үшін қам жесе баланы қаталдықпен тәрбиелейді. Қазаки тәрбие алған балада рухани азық көп болатындығы сөзсіз. Ол бала қақтың тарихын, салтын, мәдениетін бойына сіңіріп өседі. Ал енді отбасыда баланың айтқан әр еркелігін көтеріп, аузын ашса бәрін беріп немесе салғырт қарасақ, есейгенде өзінің кім екенін ұмытып бар білімін алған соң, ол бала елінің қамын жемей, қара басының қамын жеп, сол алған білімімен өзге мемлекетте қызмет ететіндігіне кім кепіл. Түйіндей келе,



отбасында орныққан қарым-қатынас, түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы. Үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады. Қазіргі отбасы тәжірибесіндегі басты мақсат-баланы тәрбиелеуде рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Отбасы институтының жандануына ат салысу қажет деп санаймыз.

ӘОЖ 94(574)

БҮГІНГІ ТАҢДА АЗАМАТТЫҚ НЕКЕГЕ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Шенгелбаева Ұ., Спанов М.Ж.

Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет. Заңда неке тандауға ерік берілген, яғни некеге тұру немесе оны бұзу үшін тараптардың өзара ерікті келісімі қажет. Қазақстанда мемлекеттік АХАЖ органында тіркелген неке ғана неке деп танылады. Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығына қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады. Ерлі-зайыптылар қатынастарына туыстарының араласуына жол берілмейді.

Азаматтық неке - еркек пен әйелдің не дін жағынан, не мемлекет тарапынан заңды түрде некесін қидырмай бір шаңырақ астында тұруы. Қазақтың діліне де, дініне де жат «азаматтық неке» жағдайында қаншама қандас бауырларымыздың өмір сүріп жатқанын дөп басып айту мүмкін емес шығар. Оның бәрін ресми санаған ешкім жоқ. Дегенмен, жастар арасында «азаматтық некеге» деген «оң» көзқарастың туындап келе жатқаны айдан анық. Және де бұл өте өкінішті. «Азаматтық неке» құбылысының қоғамға демографиялық, рухани және басқа да зардаптары жайында еліміздегі белгілі тұлғалар



аузынан айтылып, бірқатар жетекші басылымдар тарапынан жазылып та келеді. Мамандардың есептеуінше, азаматтық некемен өмір сүрген жастардың 80 пайызы кейін бір-бірінмен жараспай, айырылысады екен. Тек бестен бірінің ғана дәм-тұзы жарасып, ерлі-зайыпты атанатын көрінеді. Еліміздегі Дағдарыс орталықтары одағының мәліметіне сүйенсек, онда жыл сайын «азаматтық некеге» тұрып, алданып қалған 15-20 әйел көмек сұрап келеді екен. Оның үстіне, бүгінгі таңда кәмелетке толмаған балалардың 22 пайызы некесіз туған деген дерек бар. Мұның бәрі еліміздің демографиялық жағдайына оразан зор кесірін тигізері айдан анық.

«Кейбіреулер азаматтық некені «еркін махббат» немесе «іш жүзіндегі неке» деп те атайды. Көптеген жастар бір-біріне қаншалықты сай келетінін білу және сынау мақсатында айлар немесе жылдар бойы бірге тұрады. Азаматтық неке заңдастырылмайды. Бұл - «ашыналық», «көңілdestік» қадам. Себебі, олардың басты мақсаты бір жастықта қартаю емес, сынап-байқап көру болатын. Азаматтық некеге ешкім де әдейі бармайды. Олар сезімге мас болып ештеңе көрмейді, естімейді. Мен де азаматтық некеге махаббатқа малынып жүргенде келістім. Бір жыл бірге тұрдық. Бәрі керемет болды. Күнде гүл, шоколад, тосын сыйлар. Бірақ, мен бәрінің тез болғанын қаладым. Әсіресе, ақ көйлек киіп, әдемі қалыңдық болуды армандадым. Жігітім бұл туралы сөз қозғасам қашқақтап кететін. Сондықтан, өзім шешім қабылдап, мүлдем сақтанбайтын болдым. Болашақ сәби арамызды одан әрмен жақындастырып, тойдың күнін белгілеуге себеп болады деп ойлады. Алайда, қателесіппін. Жүкті екенімді білген кезде жасанды түсік жасатуды талап етіп, ақшасын төлеп, өзі зым-зия жоқ болып кетті. Бүгінде кішкентай Алдияр есімді ұлым бар. Бала-бақшаға барады. Жиі әкесі туралы сұрап қояды. Ал, оны әкесінің көргісі жоқ. Тіпті, хабарлассам тұтқасын да алмайды деген пікірлерді зерттеу барысында кездестірдім. Қорыта келе айтарым, тіпті біздің халық алдында жүрген адамдарымыздың өзі “алға жылжуымыз керек, дамуымыз керек, бүйтуіміз керек, сүйтуіміз керек...” деп асыра сілтеп жіберген жоқ па екен? Енді ұлдарымыз “азаматтық некемен” үйленіп алып, бір жылдан кейін “мына қыз маған болмайды екен, басқасын алам” дегенге көз жұмуымыз қалды ма? Жетпегені осы ма еді? Онсыз да елімізде жылына 50 мың отбасы ажырасып жатыр емес пе? Біздің қоғамда азаматтық некенің көптеген салдарлары шешімін таппай келуде. Біздің ойымызша азаматтық некенің зияны салмақты болғандықтан осы қадамға барарда әр азамат ойлану қажет деп санаймыз.



Әркім өзінің қалауынша өмір сүруге құқылы, дегенмен әрбір адам өз болашағын, болашақ балаларының алдағы өмірін ойлап өзінің қазіргі қадамдарын аңдап басып, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қарсы келмейтін іс-әрекет жасаса дейміз! Азаматтық некені құқықтық және моральдық тұрғыда қарастырсақ та, қоғамға оның падасы бола қоймас. Себебі сол азаматтық некеде туылған бала да, оның ата-анасы да, заң алдында тең құқыққа ие бола алмайды. Бүгінгі таңда жастарда азаматтық некеде тұрудың алдында жан-жақты қарастырып, дұрыс шешім қабылдауға жастарымызды сауаттылыққа баулығанымыз дұрыс. Рухани жаңғыру аясында салт-дәстүрімізді ұстанған дұрыс деп ойлаймыз.

ӘОЖ 233:502.3

XXI ҒАСЫРДАҒЫ АДАМЗАТТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Сейдәзімова М., Таирова Б.І.

Табиғи ортаның барған сайын соншалықты ластануына қарсы, қоғам мен табиғат арасындағы қазіргі қайшылықтарды жоюдың тұтас бір концепциясы жасақталған жоқ. Адамдардың қолында экологиялық дағдарысқа жол бермеу және оның көріністерін бейтараптандыру жөніндегі іс-қимылдың халықаралық ауқымда келісілген бағдарламасы жоқ. Айналадағы ортаны қорғау саласындағы халықаралық концепция мен іс-қимыл бағдарламасын талдап белгілеу алуан түрлі ғылыми, техникалық, өндірістік және өзге де міндеттердің шешілуіне байланысты, олардың арасынан экологиялық қорғаныштың экономикалық аспектілері бірінші орынға шығарылды. Ауа және су бассейндері тазалығының стандарттарын іс жүзіне асыру үшін, сондай-ақ адам өмірінің басқа да экологиялық жағдайларын қамтамасыз етуі үшін қажет шаралардың ауқымдылығы тазарту құрылғыларының барлық түрін салуға, қазіргі заманғы технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұтас алғанда табиғат қорғау қызметіне арналған шығындардың жалпы көлемі, сарапқа салынған деректер бойынша, экологиялық жағдайды тұрақтандырып алып, одан әрі жақсарту үшін қажет мөлшерден екі есе аз. XX ғасырдың аяғын да тіршілік ету ортасын сақтауға, оған келтірілген залалды жоюға, қазіргі және болашақ ұрпақтар өмірінің қажетті сапасын қамтамасыз етуге қамқорлық жасай отырып, қоғам айналадағы ортаны қорғау жөніндегі



жұмыстарды қаржыландырудың қалдықтық принципін бағдар ете алмайды.

Адам мен табиғат арасындағы өзара байланыстардың тартысты сипатымен да көрінеді: оның ресурстары экономикалық және демографиялық өсу үшін мүмкіндіктер ашыпқана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір шекқояды. Өсудің экономикалық шекаралары шындыққа айналды, өйткені ендігі жерде ол шикізат пен энергияның қалпына келтірілмейтін ресурстарын, табиғи жүйелерге көпсалмақ түсіретінін ескерместен, барған сайын мол өндіру мен лайлануға негізделе алмайды. Бұлайша салмақ салудың әрбір ұлттық шаруашылықтағы және тұтас алғанда дүниежүзілік шаруашылық көлеміндегі ұдайы өндіріс пен экономикалық өсуге тікелей қатысы бар. Олар табиғи ресурстарды пайдалануға деген жаңа, ұтымды көзқарастарды, жербетіндегі тіршілікті сақтап қалу мен бұдан былайғы әлеуметтік – экономикалық прогресс мүдделері үшін біздің планетамыздың экологиялық қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігін алға тартады. Адамзаттың алдында сондай – ақ өзінің мәні жағынан экологиялық мәдениет болуы тиіс жаңа технологиялық мәдениетті қалыптастыру міндеті тұр. Бұл арада қалдықсыз технологиялар басым болуы тиіс. Солардың көмегімен өндіріс пен табиғат арасындағы қайшылықтарды бәсеңдетуге, ал кейінірек жоюға, экономикалық өсудің экологиялық шектеулерін алып тастауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға болады. Атмосферадағы ауа өмір сүруінің қамтамасыз ететін табиғи –орта болып табылады және де газдар мен аэрозолдердің қосындысы жербетінің атмосфера қабатын құрайды. Ол жердің даму мен қалыптасу эволюциясында қалыптасты. Экологиялық зерттеулер нәтижесінде және соңғы мәліметтер бойынша атмосфералық қабықтың биосферасы азондық қабатының маңызын сақтауда, күннен шығатын ультрафиолеттің шағылысуы тірі организмдер үшін өте қатерлі болып тұр. Атмосфера адам мен биологиялық өмірге өз әсерін тигізіп қоймай, сонымен қатар гидросфераға, өсімдік жамылғысына, геологиялық ортаға, ғимараттар мен құрылыс, технологиялық объектілерге өз әсерін тигізеді. Жер бетінде атмосфераның ластану өкпенің рак ауруына ұшырауға әкеледі, тамақ және тері қабаттарының орталық нерв жүйесінің бұзылуын, аллергиялық және жаңа туылған балалардың кемістігін т.б. аурулардың тууына әкеледі. Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен қаруланған адамдардың іс-әрекеті миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан теңсіздікті бұзып, қоршаған ортаны аздырып, енді өздерінің өміріне қауіп төндіре бастады. Көп ғасырлар бойы табиғатқа қожалық етіп, билік жүргізуге үйренген адамдар оның байлықтарын есепсіз жұмсап, шашып-төгіп, қазіргі экологиялық дағдарысқа әкелді.



Өмір сүруге қажетті кеңістіктің тарлығын, табиғат байлықтарынын таусылатынын адамдар енді түсіне бастады.

ӘОЖ 101:7.046.2(574)

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тәліп Л., Таирова Б.І.

Тарихта мифологияның орнына тоқталсақ, мифтің адамзат тарихында атқарған қызметі зор. Рухани мәдениеттің көне формасы. Себебі әрбір халықтың дүниетанымында аңыз бн ертегінің алатын орны зор. Бұл кезде адамзаттың санасы әлі толық толыспаған болатын. Мифология гректің сөзінен шыққан болатын. Адамзат қоғам дамуының қоғамдық санасының формасы ретінде мифтер барлық халықтарда көрініс тапты. Мифологияның бірінші ерекшелігі, жалпы дүние мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объект пен субъектінің арасында айқын шекара болмады. Мұндай шекаралар адамзат санасы толысқаннан кейін пайда болып, дамыды. Ең алғашқы танымда барлығы тұтастық түрінде қаралған болатын. Мифологияның бірінші ерекшелігі дүниені танып білу мүмкін болмаса, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау тән болатын.

Барлық халықтардың дүниетанымына тән болып келетін: эпос, ертегі, аңыздар, тарихи әңгімелер арқылы мифологиялық кейіпкерлер түрлі халықтардың рухани мәдениетіне, әдебиетіне, сурет-мүсін өнері түрінде енді. Халқымыздың руханиятына көзжүртетін болсақ, қазақтың ауыз әдебиетінде, эпостық жырларында бар. Мифологиялық, діни, философиялық дүниетанымның қоғамда алатын орны зор. Мифологияның тарих сахнасынан кетуінің өзіндік орны бар болатын. Дегенмен, мифологиялық санада туған сауалдар: дүниенің, адамның пайда болуы мен адамның тууы мен өлімі т.б. қамтитын сұрақтар дүниеге көзқарастың өзіндік мәнін айқындады. Мұндай сауалдар күні бүгінге шейін өз маңызын жоймаған болатын.

Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, көне миф туысқандық, рулық, соның ішінде отбасылық қарым-қатынастарға құралған. Белгілі ғалым Жанат Әскербекқызы тарихтағы ғалымдардың мифке қатысты айтылған ойларын саралай келіп, мифті зерттеуді лингвистикалық тәсіл XIX ғасырдың екінші жартысында кеңінен таралып, әйгілі болғанын айтқан болатын. Ол М. Мюллердің әйгілі «Салыстырмалы» мифологиясынан өзге бірнеше, А.Кунның Зевс туралы бес томдық А.Афанасьевтің славян мифологиясына



қатысты үш томдық т.б. ғалымдардың еңбектері мен ғылыми зерттеу жұмыстары осы мифтанудағы лингвистикалық аспектінің көрсеткіштері болғандығын атаған болатын. Сонымен қоса, қазақ мифтанушысы Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» атты көп томдық зерттеуінде негізінен осы лингвистикалық мектеп әдістерін басшылыққа алғандығын айтқан болатын.

XVIII ғасырда Италия ойшылы Джованни Баттиста Винд «Жаңа ғылымның негіздері» еңбегінде мифті «Құдіретті поэзия» деп атай отырып, оның маңызына мән берген болатын.

Мифтік танымның мәнін былай топтастыруға болады:

- Синкретизмде – әртүрлі көзқарастардың бір-біріне, қайшылығын елемеген кездегі үйлесімі;
- Антропоморфизмде – табиғи объектілерге адамдағы ерекшеліктердің тоғысуы;
- Теңдестіруде – барлығын бір-бірімен, объектінің субъектімен, бөлшекті тұтастықпен, ақиқатты шектен тыс ақиқатпен, адамның өзін хайуанатпен, өсімдікпен, таспен т.б теңдестіру;
- Традиционизмде (дәстүрлікте) – ата-бабалардың істері мен сөздердің пір тұтуда мифтің ақиқаттылығына шексіз сену;
- Этикеттілікте (әдептілікте) – жүріс-тұрыстың, сөздің берік дінгегіне, өнердің себептері мен түріне арқа сүйеуі;
- Ритуализмде (әдет-ғұрып) – ойынның, әңгіменің бейненің элементтері бар әдет-ғұрып, тәртіптерін ұстануы;
- Зерделенетін мифтер сюжеттерінің әмбебаптығында (өмір, сенім, басталу, аяқталу).

Мифтік сананың тағы бір ерекшелігі әлемді игеруге, көмектесумен қатар өмір мен тіршілік ке тұрақтылық бере отыра, оны қорғайтынымен ерекшеленген. Мифтік сана өзінің беймәлімділік болуымен қатар белсенді арна. Оны ұлттық сананың арғы негізін қалыптастырған ерекше рухани күш екенімен аастастыңдығымен ерекшелейміз.



УДК 821.222

ВЕЛИКИЕ ПОЭТЫ МУСУЛЬМАНСКОГО ВОСТОКА

Уалиханова А., Исмаилова С.К.

В сфере духовной жизни Средневекового мусульманского Востока возникла возвышенная и подобно орнаментам цветистая иранская классическая поэзия. Поэтические творения великих поэтов являются богатым кладом исламской средневековой художественной культуры.

Воспевание величия духа и высоких чувств человека, стремление приблизиться к идеалу - главные черты, присущие восточной поэзии.

Творчество восточных поэтов представлено разнообразными жанровыми формами. Высшей поэтической формой считалась касыда. Сборники же своих стихов восточные поэты называли диванами. Особенно популярной формой лирики стал жанр рубаи – стихотворной миниатюры, четверостишия. Рубаи оказались очень емким жанром: их краткая форма требовала обнажать сущность того, о чем идет речь; легкая рифма, острота высказываний делала стих афористически точным, запоминающимся, способным быстро оказаться на устах у всех. Поэтому рубаи - любимая форма всей исламской поэзии.

Более изысканной формой стихосложения является газель, которая считается экзотическим цветком восточной поэзии. Сначала газель была исключительно любовным стихотворением. Позже ее объектом становились картины природы, сцены дружеских прогулок, размышления о бренности жизни и жалобы на превратности судьбы.

Классиком этого жанра стал **Шамседдин** (ок. 1325-1389/1390), известный в мировой культуре под псевдонимом **Хафиз**. Он родился в городе Ширазе в незнатной и небогатой семье, упорным трудом получил полное богословское образование и стал «хафизом», т.е. человеком, знающим наизусть весь Коран.

Рудаки считается родоначальником иранской классической литературы. Рудаки был певцом импровизатором; он пел свои стихотворные строки, аккомпанируя себе на струнном инструменте. Как человек, вышедший из простой крестьянской семьи, Рудаки знал цену нелёгкому труду бедняка. Его стихи полны горьких размышлений о несправедливости жизни.

Фирдоуси (934-1020) был одним из самых знаменитых поэтов (персидский и таджикский). Более 30 лет он работал над великой эпической поэмой «Шахнаме» («Книга царей»). Она рассказывает историю царей до завоевания Персии арабами. Эта поэма о борьбе



- дайын өнімдерді жарнамалау және өткізу жолдарын іздеу.

Биокаминдерді өндіру кезінде оларды дайындау технологиясы келесі сәттерді қамтиды:

- сызбалар бойынша металды лазерлік кесу;
- тазарту;
- дәнекерлеу жұмыстары;
- ұнтақ бояумен бояу;
- бұйымдарды құрастыру.



Жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін өте қолайлы бюджет нұсқасы- үйде өндірістік үрдісін ұйымдастыру. Бұл мақсат үшін ауданы 50 шаршы метрден кем емес үй- жай бөлу керек, мысалы гараж болуы мүмкін.

Өнімді бірнеше жолмен жарнамалауға болады:

- баспа басылымдарында хабарландыру орналастыру;
- буклеттер мен парақшаларды тарату;
- Интернеттегі жарнама.

Әлеуетті клиенттерді тарту үшін, құрылыс компаниялармен және бригадалармен ынтымақтастықты жолға қою ұсынылады, олар арқылы сатып алушыларға шығуға болады. Бұл салада әлі үлкен бәсекелестік болмағанына қарамастан, ұқсас тауарды сататын фирмалардың пайда болуы оны өткізудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін бизнесті жүргізуге шығармашылықпен қарау және сатып алушыларға бәсекелестік артықшылықтарға ие бұйымдарды ұсыну қажет.

Әдетте, клиенттер жарияланған брендт тауарларын неғұрлым мұқият сатып алады, сондықтан ауқымды өнім өндірумен айналысудытаңдаған жағдайда, франшизаны сатып алуға болады. Бұл жағдайда бизнесті ұйымдастыру кезінде көмек, маркетингтік сүйемелдеу, өндірістік станоктарды ұсыну, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.

ӘОЖ 657.221(105):2

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ЖАҒДАЙДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚОЛАЙЛЫ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ

Қырықбай А., Теңізбаева Ж.С.

Нарықтық қарым-қатынастар жағдайында республикадағы өнеркәсіптік өндірістің дамуына инвестициялардың әсерін анықтау үшін, алдымен, “инвестициялар” категориясының әлеуметтік-экономикалық мәнін анықтап алу қажет.

«Инвестиция» деген сөз латынның «инвест» (салу) дегенінен шыққан. Енді кім инвестор, ол не салады, не мақсатпен және қайда салады деген сұрақтарға жауап туады. Капиталды салады, оның көптеген түрі болады: инвестиция дегеніміз – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлері, объектілері, ақша қаражаттар технологиялар, машиналар, жабдықтар, тауарлық белгілер, несиелер, басқа да мүлктік құқықтық интеллектуалдық құндылықтар.



В. Фельзенбаум, инвестиция түсінігін мағынасы бойынша “күрделі салымдар” және “қаржылық” (портфельді) инвестициялар түсініктеріне, яғни меншіктен табыс алуға құқық беретін акцияларға, облигацияларға және басқа да бағалы қағаздарға салынған салымдарға жақын келетін нақты инвестицияларды қамтиды деп атап өткен.

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік – экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр.

Өндірістік-экономикалық потенциалды сақтау және дамыту – кәсіпорынның өндірістік – шаруашылық іс-әрекеттің маңызды бөлігі болып табылады. Осы бағыттағы кәсіпорынның іс-әрекеті инвестициялық іс-әрекет деп аталады. “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, инвестициялық іс-әрекет деп, инвестициялауды іске асыру үрдісімен байланысты кәсіпкерлік іс-әрекетті айтамыз.

Инвестициялық іс-әрекеттің объектілерін пайдаланушылар ретінде инвесторлар және басқа да жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік және жергілікті мекемелер, шет мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы орта құрылмына мыналар кіреді:

- күрделі құрылысы ортасы, мұнда салалардың негізгі және айнымалы өндірістік қорларға инвестиция салу жүргізіледі; инновациялық орта, мұнда ғылыми-техникалық өнім және интеллектқады потенциал іске асырылады; қаржылық капитал айналымы ортасы (әртүрлі түрдегі ақшалай, қаржылық және қарыздық міндеттемелер).

Әрбір кәсіпорын өзінің инвестициялық саясатын жүргізу керек, ол үшін оның тактикасы болу керек. Біз оны стратегиялық инвестициялық саясат дейміз.

Кәсіпорында инвестицияны тиімді пайдалану үшін мынандай шараларды қолдану керек:

- экономикалық, ғылыми техникалық, әлеуметтік жетістіктерге жетудің жолдарын табу; пайданы көздеу; жалпы шығындарды азайту; мемлекеттен келген, бюджеттен келген қаржыны, кредиттік қаржыны, гранттан келген қаржыны дұрыс пайдалану; дүние жүзілік мүмкіндіктерді пайдалану, жеңілдетілген гранттар алу; инвестициялық тәуекелділік; инвестицияның өтімділігі.

Инвестициялық қызмет үшін жағымды жағдайлар қалыптастыру үшін мына мәселелерді қолға алу керек:

- салық жүйесін, амортизациялық аударымдарды пайдалану және амортизацияны есептеу тетігін жетілдіру; – инвестициялық қызмет субъектілеріне арнайы салық тәртібін белгілеу; –



инвесторлардың мүдделерін қорғау; – инвестициялық қызмет субъектілеріне жерді, басқа да табиғи ресурстарды пайдалану жеңілдіктерін беру; – инвестициялық қызмет субъектілеріне рейтинг өткізетін және рейтингтік бағаларды жариялайтын ақпараттық-сараптама орталықтарын құру және дамыту; – монополияға қарсы шараларды қабылдау; – несиелендіруді жүзеге асыруда кепілдерді қолдану мүмкіндігін кеңейту; – инвестициялық қызмет субъектілерінің меншікті инвестициялық қорларды құруына мүмкіндік жасау; – инфляция қарқынына байланысты негізгі қорларды қайта бағалауды жүргізу.

ӘОЖ 336.717.1:336.7

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Рапілбек Г., Молдабекова А.Ш.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік саланы қаржыландыру әлеуметтік сала мен оның компоненттерінің ерекшеліктеріне байланысты қаржы ресурстарын алу және пайдаланудың тиісті механизміне негізделген. Қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың формалары, қаржы механизмі ретінде экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам пайдаланатын қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану әдістерін бөлуге болады. Осылайша, қаржы тетігін қаржы құралдарын қаржылық әдістер арқылы және қаржылық левередж арқылы онтайландыруға бағытталған қаржы ресурстарын қайта бөлу кезінде медициналық қызмет көрсету субъектілерінің арасындағы қаржылық қатынастарды басқару жүйесі ретінде түсіну керек.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көздеріне:

- ұзақ мерзімді экономикалық стандарттарға бөлінетін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің кірістерінен шегерімдер, министрліктерден, ведомстволардан және басқа да мемлекеттік органдардан мақсатты субсидиялар;
- арнайы бағдарламалар бойынша халықаралық ұйымдардың қаражаттары;
- республикалық және жергілікті валюта қорларынан ақша аударымдары;



- жұмыс берушінің жоғары сапалы медициналық қызметтерді жүзеге асыруға және ақылы қызмет көрсетуге және экономикалық қызметтің басқа да түрлерін ұсынуға арналған медициналық мекемелердің қаражаты ұйымдар мен азаматтардың, соның ішінде басқа мемлекеттердің қайырымдылық жарналары кіреді.
- Қоғамдық денсаулық сақтау қорларына;
- азаматтарға медициналық көмек көрсету;
- денсаулық сақтаудың кешенді бағдарламалары;
- қоғамдық денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын дамыту;
- емдеу-профилактикалық және санитарлық – эпидемиологиялық мекемелердің мазмұны;
- медициналық кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру;
- медицина ғылымын дамыту және енгізу;
- жұқпалы аурулардың эпидемиясын жою.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыруға;
- мемлекеттік медициналық мекемелер үшін - жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес;
- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілері үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен шарттық негізде жүзеге асырылады.

ҚР Денсаулық сақтау саласын дамыту үшін нормалаудың экономикалық әдістеріне көшу қажет болды, өйткені аумақтық деңгейде бюджеттік қаржы бір тұрғынға шаққанда бөлінеді, ал денсаулық сақтау мекемелері мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет көлемінің бірлігіне шаққанда қаражат алады. Денсаулық сақтау жүйесін республикалық бюджет есебінен қаржыландырудың негізгі бағыттарының бірі мемлекеттік тапсырыстар негізінде өндіріс пен денсаулық сақтау құрылымдарын қаржыландырудың өзара әрекеттесу механизмін қалыптастыру болып табылады. Ұлттық денсаулық сақтау жүйелерінің жұмыс істеуін зерттеу және шет елдердің тәжірибесін жинақтау мәселесі мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы үшін өте маңызды. Әрбір ел өзінің даму үрдісінде медициналық көмек көрсету, халықтың денсаулығын сақтау және нығайту үшін экономикалық ресурстарды тартудың өзіндік жолын жасады. Қоғам бөлінген ресурстардың саны мен сапасы, оларды денсаулық секторында қолданудың тиімділігі елде тарихи қалыптасқан экономикалық, саяси және басқа да қатынастардың кешенді жүйесі арқылы анықталады.



ӨОЖ 336.717.1: 336.7

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ НЕСИЕЛЕНДІРУ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Құдайбергенов Ж., Муратова Д.Б.

Несиенің түрлері оның құрлымымен тығыз байланысты, сондықтан несиенің түрлеріне тоқталмастан бұрын оның құрлымына қысқаша тоқтала кетейік. Несие бір бірімен тығыз байланыста болатын элементтерден тұрады. Мұндай элементтер ең алдымен оның қатынастарының субъектілері болып табылады. Несиелік келісімде қатынастардың субъектілері болып үнемі несие беруші және несие алушы табылады.

Несиелік қатынастар құрылымының элементіне несие беруші мен несие алушыдан басқа тапсыру объектісі – несие берушіден несие алушыға және керісінше тапсырылатын объектілер жатады. Тапсыру объектісі болып құнның негізгі бөлігі ретіндегі қарыз берген құн жатады.

Несиенің банктік түрінің бірінші ерекшелігі болып банк тек меншікті капиталымен ғана емес, сонымен қатар тартылған ресурстармен де жұмыс істейді. Бір субъектілерден ақшаны қарызға алып, уақытша қолданысқа басқа заңды және жеке тұлғаларға береді.

Екінші ерекшелігі болып банк шотына немесе клиенттердің салымдарына салынған уақытша бос ақша қаражаттарынаң тарылуы табылады.

Үшінші ерекшелігі келесідей сипатталады. Банк жай бір ақша қаражаттарын емес, капитал түріндегі ақшаны қарызға береді. Бұл дегеніміз қарыз алушы банктен алған қаражатын несие берушімен есеп айырысып қана қоймай, одан тіпті несиенің пайызын өтейтіндей табыс ала отырып пайдалана білу керек. Несиенің банктік түрінің ақылығы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Банктік несие - заңды тұлғаларға ақшалық ссуда ретінде банктермен, несиелік-қаржылық мекемелермен берілетін несие. Банктік несие коммерциялық несиенің шекарасынан асады. Бос ақша капиталы кез келген өндіріс кешенінде бөлінеді және банктік несие арқылы кез келген бағытта жүре алады .



Кесте 1

Жеке тұлғаларға берілетін несиелердің сомасымен салыстыру
нәтижелері

р/с	Жеке тұлғаларға несиелердің жылдық көрсеткіштері	Сомасы трлн.тг
1	31.12.2007	2,6
2	31.12.2008	2,3
3	31.12.2009	2,2
4	31.12.2010	2,1
5	31.12.2011	2,3
6	31.12.2012	2,9
7	31.12.2013	3,6
8	31.12.2014	4,0
9	31.12.2015	4,2
10	31.12.2016	4,0
11	31.12.2017	4,5
12	31.12.2018	4,7

Бұл кестеде көрсетілгендей жеке тұлғаларға берілетін несиелер сомасы 2007 жылы 2,6 пайызды құраса, 2017 жылы 4,5 пайыз, яғни 10 жыл арақашықтығын алып салыстырып қарасақ 1,9 пайызға көбейгендігін байқаймыз. Ал 2017 мен 2018 жылды салыстырар болсақ 2,0 пайызға несиелер беру сомасының көбейгендігін көре аламыз.

ӘОЖ 336.717.1: 336.7

БАНКТИҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН РЕСУРСТАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ НЕСИЕ БЕРУДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Үсен Б., Нурманалиева Г.

Қазіргі коммерциялық банктер қаржы делдалы ретінде ақша капиталын салааралық және аймақаралық қайта бөлуді қамтамасыз етіп, маңызды халық шаруашылық қызмет атқарады. Капиталды салалар мен жүйелерге бөлу және қайта бөлудің банктік механизмі өндірістің



объективтік қажеттілігіне байланысты шаруашылықты дамытуға және экономиканың құрылымын өзгертуге мүмкіндік туғызады.

Коммерциялық банктің жалпы мақсаты оның табыстылығы, рентабельділігі, өтімділігі, тәуекелдерді төмендету, несие қоржынын оптималдау (несиелік, депозиттік және т. б.), оның қызметінің бағыттары ұстанымы тұрғысындағы банк саясатының басымдылықтарын анықтауы керек. Банк әлеуметтік жүйе болып табылатындықтан, адамдар өз қызметінде өз мақсаттарын, мүдделерін, ойларын жетекшілікке алады, сондықтан да банк мақсаттары оның иелерінің жетекшілерінің, қызметкерлерінің, сонымен бірге банк клиенттерінің және банктік қадағалау органдарының жекелеген мақсаттарына негізделеді. Банк иелерінің маңызды мақсаты – банктің өсуі (активтердің, меншікті капиталдың клиенттердің, операциялардың, ең алдымен, табыстардың көбеюі және акция бағасының көтерілуі). Басқарушыларға кең ауқымды, әр түрлі мазмұнды мақсаттар тән, өйткені олар банктің бүкіл жұмысына жауап береді, яғни олардың жұмысының мақсаты пайданың өсімі болып табылады. Банк клиенттерінің, мақсаттары табыс алу ұстанымына байланысты әр түрлі болады, өйткені мүдделер қарама-қарсы, сөйте тұра олар серіктесі ретінде сенімді банк болғанын қалайды. Банк қызметкерлерінің негізгі мақсаты – ағымдағы табыстың деңгейін көтеру. Ал мемлекетті алдымен оның өнімділігі мен тұрақтылығы ойландырады.

Ендігі кезекте Банктердің жеке тұлғаларға ұсынған несиелерінің көлемін салыстырайық.





Жоғарыдағы сызбаға қарай отырып, «Kaspi bank» АҚ-ның қазақстан нарығындағы банктердің ішінде жеке тұлғаларға берген несиелер бойынша көш бастап тұрғанын байқаймыз. Ол 2017 жылы 645202953 мың тг несиелер берсе, 2018 жылы 845033886 мың тг несиелер беріп отыр, ал салыстырып отырған төрт банктің ішінен аз мөлшерде несиелер берген «БанкЦентрКредит» АҚ-ы. Ол 2017 жылы 143627000 мың тг, 2018 жылы 142018000 мың тг несиелер ұсынған.

Банктердің қызметіне талдау жасай келе банктер әлі де проблемалық несиелермен жұмыс жасауда, сол себепті проблемалық несиелермен жұмыс істеудің 4 негізгі кезеңін ұсындым.

УДК 338. 24

АНАЛИЗ МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аблайсан М., Жусипова С.М.

Маркетинг направляет экономику на удовлетворение множества постоянно меняющихся потребностей миллионов потребителей. Контролируя условия, следует целенаправленно изменять в собственных интересах те, которые подвержены влиянию, и противостоять остальным. Решать такую проблему позволяет реализация маркетинговых возможностей предприятия, в комплекс которых входит всё, что фирма может предпринять для оказания воздействия на спрос своего товара.

Основой маркетинговой деятельности предприятия является маркетинговая стратегия, которая формирует направления маркетинговой деятельности субъекта рыночных отношений, следуя которым организации стремятся достигнуть своих маркетинговых целей.

Основным «полем» реализации маркетинговых возможностей является непосредственное окружение предпринимателя, система, в которой он действует. Это в первую очередь потребители, конкуренты, торговля, посредники по сбыту, а также поставщики. При функциональном подходе выделяются три направления деятельности предприятия: снабжение, производство и сбыт. Должны быть изучены и сферы деятельности, обеспечивающие нормальную работу предприятия: финансы, служба информации и кадровая политика. Все они влияют на реализацию возможностей маркетинга.

Объект исследования – кофейня «Мадлен».



Организационная структура – линейная.

Численность сотрудников составляет 9 человек.

Анализ деятельности кофейни позволил сделать ряд выводов:

- выручка организации увеличилась к 2017 на 2,73% и к 2018 на 3,21%.
- При этом, товарооборот по собственному производству предприятия увеличивается на 4,72% в 2017 и сократился на 1,82% в 2018 году;
- чистая прибыль увеличилась в 2018 году на 14,2%;
- оборот по продукции собственного производства на 1 посадочное место: к 2017 году на 21,46% (что связано с увеличением количества посадочных мест), и сокращается в 2018 году на 1,82% (что связано с сокращением притока средств – выручки).
- рентабельность деятельности кофейни в 2018 году увеличилась на 3,97% и составила – 41,29% - достаточно высокий уровень.

Стратегия маркетинга была сформирована на основе матрицы М. Портера - «удовлетворение запросов потребителей за счет формирования конкурентных преимуществ и с учетом изменения спроса и предпочтений покупателей». Стратегия заключается в позиционировании кофейни «Мадлен» как заведение, которое предлагает качественный продукт и превосходное обслуживание в комфортной окружающей среде.

Направления реализации стратегии маркетинга затрагивающие ассортиментную, сбытовую и ценовую политику предприятия. Ожидаемые результаты выражены в увеличении притока денежных средств и в сокращении издержек, связанных с реализацией продукции.

Совершенствование маркетинговой деятельности Кофейни «Мадлен» затрагивает рекламную деятельность и систему продвижения в разрезе товарных групп с различным жизненным циклом, а также политику ценообразования и ассортиментную политику.

В отношении товаров с жизненным циклом «зрелость» необходимо реализовывать стратегию медленного проникновения на рынок. В данном случае необходимо рассмотреть маркетинговые акции – проект «День кофе». Данный проект ставит своей целью привлечение большего числа гостей Кофейни за счет маркетингового хода – бесплатной чашки кофе.

Маркетинговая стратегия для группы товаров «завтраки» - это интенсивная стратегия маркетинга с учетом целенаправленной работы на узком сегменте рынка.



ӘОЖ 657.421.31(574):69

ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Елтай Ә., Игликова А.Н.

Республика экономикасының даму кезеңіндегі Елбасының алға қойған талаптарына және де мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, бүгінгі күні құрылыс өндірісінің ауқымы кеңіп, көлемі күннен-күнге жоғарылауда. Құрылыс өндірісі технологиясының шаруашылық субъектілерінің аналитикалық және синтетикалық есебін ұйымдастыруда әсер ететін өзіне тән ерекшеліктері бар. Құрылыс өндірісі жермен тікелей байланысты. Құрылыс өндірісінде жұмыстардың жүргізілуі мердігер мен тапсырушының арасындағы жасалған келісім-шартқа байланысты. Бұл шарт қаржылық есеп берудің 11 халықаралық стандартының негізінде жүргізіледі. Есептеудің тәртібіне орай келісім төмендегі типтерден тұрады:

1. Бекітілген баға бойынша келісім, яғни баға шығындар өзгеруіне байланысты құбылмалы;

2. Шығындарды қосу арқылы немесе шығындар көлемін анықтап, пайыздық үлесімен анықтау.

Құрылыс-монтаж кәсіпорындары «өмірлік циклына» байланысты құрылыстың соңғы өнімін қалыптастыруда келесідей түрлерге бөлінеді:

- құрылыс, не монтажды жұмыстарды орындаушылар;
- жобалау-құрылыс фирмалары;
- ғылыми жобалау-құрылыс фирмалары;
- барлық жұмыстарды құрайтын және конструкциялар мен құрылыс материалдарын өндіретін мекемелер.

Құрылысқа бірнеше қызмет түрлерінің біріктірілуі тән. Құрылыс кәсіпорындарының өндірістік қызметі келесідей түрлерден тұрады:

- негізгі өндіріс - құрылыс-монтажды жұмыстар, ғимараттар мен қондырғыларды капиталды жөндеу;
- қосымша өндірістер;
- өндіріс пен шаруашылыққа қызмет ететін (әлеуметтік) сала.

Өндірісті бағыты бойынша классификациялау - негізгі және қосымша өндірістің, әлеуметтік сфераның шығындарын бөлек есепке алу қажеттігін туғызады.

Бұл мақсат үшін қаржылық-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есебі шоттарының жұмыс жоспарындағы синтетикалық шоттар



тізбесінің топтамасында 8 бөлімнің шоттары - «Негізгі өндірістік есептің шоттары», оның бөлімшелері: 8110 «Негізгі өндіріс», 8210 «Меншікті өндірістің жартылай фабрикаттары», 8310 «Қосалқы өндірістер», 8410 «Үстеме шығыстар» белгіленген. Құрылыстық қызмет белгілі бір орындаушының дайындығын талап ететіндіктен лицензиялануы қажет, онсыз белгіленген тұтынушылық сапалы құрылыс өнімін құру мүмкін емес. Сондықтан да құрылыс өндірісімен айналысқысы келетін барлық шаруашылыққа құрылыс жұмыстарын жүргізу олардың қызметінің негізгі түрі болады немесе құрылыстан басқа да қызмет түрлерімен паралельді түрде шаруашылық әдіспен жүргізілетін жұмыстарын жүзеге асыруға құқық беретін лицензия алуы қажет.

Лицензия алу үшін кәсіпорындар лицензиялаудың қалалық орталығына келесі құжаттарды беруі қажет:

- техникалық аудитті жүзеге асыруға өкілетті кәсіпорынға лицензияны рәсімдеу мақсатымен аудит жүргізуді сұрау хаты;
- лицензиялаудың қалалық орталығына өтініш;
- кәсіпорында ұйымдастыру туралы бекітілген құжат немесе тіркелген жарғы;
- тіркеу карточкасының көшірмесі;
- Әділет министрлігінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;
- лицензия сұралып отырған жүзеге асырылатын құрылыс-монтаждық жұмыс түрлерінің тізімі;
- салынып жатқан, реконструкцияланатын және (немесе) жоспарланатын нысандардың тізімі, олардың мекен-жайы және қуаты.

УДК 311.31

СТАТИСТИКА И АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Алтыбаева А., Тулеева Г.Т.

Женское предпринимательство - это, прежде всего бизнес, которым управляет женщина. Участие женщин в предпринимательской деятельности началось еще в XX веке. Данный период в истории носит название тихая революция. Во время постиндустриального этапа развития роль женщины в предпринимательской деятельности становится необходимой, так как производство товаров переходит на производство



услуг. Такие качества женщин, как способность генерировать идеи в неопределенных ситуациях, интуиция и умение входить в доверие нашли свое место в данной сфере.

Произошедшие в нашей стране за 28 лет независимости глубинные преобразования коренным образом изменили прежние стереотипы, социальный и экономический уклад. Переход от плановой экономики к рыночным отношениям потребовал перестройки сознания людей, активной жизненной позиции. На становление предпринимательской деятельности в Казахстане повлияли экономические, социальные и политические факторы.

Казахстан отказался от всех видов и форм дискриминации женщин в обществе в 1998 году. С того времени все женщины имеют право свободно вести свою деятельность в любой области, которая им по душе.

Под конец прошлого века в стране имеется действительная тенденция наращивания количества безработных и подъем таких явлений как отсутствие работы. На данном этапе гигантская доля населения была склонна к безработице.

Но вскоре в 2000-х годах женщины начали проявлять экономическую активность и уровень безработных снизился. На это повлияло улучшение состояния экономики в стране.

В экономически тяжелые для нашего государства времена, именно активное участие женщин в бизнесе привело к стабильности и улучшению состояния. Женщины-предприниматели подтвердили свое умение руководить и показали, что могут внести значительный вклад в дело возрастания благосостояния народа. Они играют важную роль в решении экономических, социальных вопросов, в укреплении здорового общества, а также служат примером реализации гендерной политики государства.

Сегодня количество женщин, привлеченных в сферу предпринимательства значительно увеличилось, а также подняла общий уровень образованности людей, которые заняты в данной области деятельности. Женщины вносят значительный вклад в развитие страны. Они работают во многих разных сферах деятельности, таких как ведение бизнеса, преподавание, охрана здоровья, на государственных службах и многих других.

Многие женщины решились на расширение своего бизнеса и на данный момент имеют возможность обеспечить занятость населения. Все это осуществилось благодаря поддержке, которую государство оказывает каждой области.

На 1 января 2019 года в Жамбылской области действует 63262 субъектов малого и среднего предпринимательства. Численность занятых в малом и среднем предпринимательстве на данный период составляет 118053 человек и это число с каждым годом растет. Но в нашем регионе



сфера женского бизнеса находится только на этапе становления, даже при наличии необходимых программ по поддержке этой деятельности. Женский бизнес все еще нуждается в активном содействии государства, но несмотря на это, женщины заняли достойное место в динамично развивающейся экономике и достигли высоких позиций в бизнесе. В кратчайшие сроки предприниматели смогли успешно обеспечить свои предприятия, продемонстрировав им соответствующий деловой потенциал и изменив устаревшее представление о деловой женщине.

Экономика может хорошо развиваться только в том случае, если будет наблюдаться рост числа малого и среднего бизнеса. Сегодня большинство стран мира стараются год за годом влиять на пополнение рядов деловых женщин.

ӘОЖ 657.6

ҚР КӘСІПОРЫННЫҢ ІШКІ АУДИТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айтывар Г., Тулеева Г.Т.

Аудит (кіммен жүргізілетін субъектілеріне байланысты) екі түрде жүзеге асырылады: ішкі және сыртқы.

Ішкі аудит – ұйымның штаттағы аудиторларымен немесе тікелей жетекшілікке бағынатын арнайы бөлімдерімен жүргізіледі. Ішкі аудит – бұл негізінен шаруашылық бақылау, бірақ мазмұны мен жүргізу әдістері бойынша көбінесе сыртқы аудитпен ұқсас.

Ішкі аудитті қолайлы ұйымдастыру кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері мен ұйымның материалды жауапты тұлғаларының өз міндеттерін орындау үшін жауапкершілігін арттыруға, мүлік пен міндеттемелердің қозғалысымен байланысты шаруашылық операцияларды жүзеге асыруда негативтік құбылыстарды болдырмауға мүмкіндік туғызады. Ішкі аудит - сыртқы аудиттің ақпараттық базасы. Ішкі аудит үздіксіз жүргізіледі.

Сонымен бірге ішкі мен сыртқы аудиттің арасында тәуелсіздік деңгейінде, мақсатында және тексеруді жүргізу бойынша маңызды айырмашылықтар бар. Ішкі аудиттің қажеттілігі субъектінің басқару әдістері мен оның серіктерімен (партнерларымен), мемлекет пен кәсіпкерлік экономикалық қатынастарын реттейтін заңдылықтардың күрделіленуімен байланысты. Сонымен қатар, ішкі аудит тиімсіз шығынды, материалдық және ақшалай ресурстардың қымқырулары мен



жоғалтуларын болдырмау, дер кезінде ескертіп және қаржы қиыншылықтарынан шығу бойынша уақтылы кепілдемелер құрастыру үшін қажетті. Яғни, ішкі аудит - бұл ұйымның және оның құрылымдық бөлімдерінің қызметін тиімді басқаруын үздіксіз бақылау (бағалау).

Ішкі аудит – өнеркәсіптің әрекетінің тиімділігін анықтау және тексеруге қажет ішкі тәуелсіз бағалай ішкі аудит басқару бақылаудың бөлінбес бөлшегі болып табылады. Соңғы уақытта көптеген ұжымдарда ішкі аудиттің маңызы шешім қабылдаудың негізін құрайтын және басқару ақпаратын жүйесін беретін ақпарат сапасын бағалау, сонымен қатар пайдаланушы ақпараты талдау әдісінің пайдалылығын бағалауға енгізу арқылы кеңейтілді.

Аудиторлық ұйым тексерілетін ұйымның ішкі бақылау жүйесімен жалпы танысудың қорытындысы бойынша өз жұмысында ішкі бақылау жүйесіне жүгіну туралы шешім қабылдаса, онда ол ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бастапқы бағалауды жүзеге асыруға тиіс.

Ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бастапқы бақылау процедуралары аудиторлық ұйымның өзімен аудиторлық қызметтің осы аталған стандартының талаптарына сәйкес құрастырылған әдістемелер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Процедураның барысында аудитор ұйымның бухгалтерлік және шаруашылық құжаттарын тандап емес, есептік кезеңге түгел тексереді.

Тексеру кезінде көбірек көңілді қызметте ерекшеліктер мен айырмашылықтар болған кезеңдерге бөлу қажет.

Ішкі бақылаудың бүкіл жүйесінің сенімділігін және кейбір бақылау құралдарын «төменгі» сияқты бағалау бақылаудың басқа құралдарының сенімділігін бағалау мүмкіндігін жоймайды.

Бастапқы бағалау процедураларының қорытындысы бойынша ішкі бақылау жүйесіне сенімі туралы шешім қабылдаған аудиторлық ұйым аудиторлық тексеру барысында осы жүйенің дұрыстығын растап бекіту процедураларын жүзеге асыруға міндетті.

Растау процедуралары аудиторлық ұйыммен өз бетінше Қазақстандағы аудиттің Халықаралық стандартына сәйкес құрастырылған әртүрлі әдістер мен тәсілдер, сонымен қатар арнайы тесттер арқылы іске асырылады.

Егер, жалпы ішкі бақылау жүйесінің сенімділігінің бағасы бастапқыдан төмен болса, онда аудиторлық ұйым аудитті жүргізу нәтижесі бойынша өз қорытындысының (есемінің) дұрыстығын жоғарылату үшін басқа аудиторлық процедураларды жүзеге асыру тәртібін тиісті түрде реттеуі керек.



**ТАМАҚ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІ.
СТАНДАРТТАУ. ТУРИЗМ ЖӘНЕ СЕРВИС**

**ПИЩЕВАЯ И ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ.
СТАНДАРТИЗАЦИЯ. ТУРИЗМ И СЕРВИС**

УДК 663.051.2:664.664.331

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СУХИХ И КОМПОЗИТНЫХ СМЕСЕЙ
В ПРОИЗВОДСТВЕ БАРАНОЧНЫХ И СУХАРНЫХ ИЗДЕЛИЙ**

Арысова М., Жанысбек А., Иванникова Н.В.

Структура питания населения Казахстана в последнее время претерпевает существенные изменения, так как со снижением трудозатрат уменьшается и потребность в энергии. Вместе с этим необходимость получения человеком с едой важнейших микронутриентов остается на прежнем уровне. В связи с этим актуальной задачей является разработка технологий, позволяющих эффективно использовать биопотенциал пищевого сырья и производить натуральные продукты, обладающие позитивным действием на здоровье человека. Выбранное направление является важным для реализации положений Концепции здорового образа жизни и питания населения Республики Казахстан.

Целью исследований является научное обоснование возможности использования овощных выжимок, разработка технологии приготовления бараночных изделий с использованием пищевых волокон - выжимок овощей локального сырья для повышения пищевой ценности готовых изделий. Для реализации поставленной цели определены основные задачи исследования: изучить рынок бараночных изделий в Казахстане, влияние пищевых волокон овощных выжимок на основные технологические параметры производства тараллини – новых видов бараночных изделий, разработать технологическую рецептуру тараллини с внесенными выжимками отечественных овощей.

На первом этапе научных исследований был проведен анализ научно - исследовательской литературы, охватывающей специфику приготовления бараночных изделий. Рассмотрены новые технологии производства бараночных изделий, особенности технологии,



инновационные приемы, позволяющие повысить потребительские свойства за счет оптимизации технологического процесса. Третий этап - обоснование рецептурно-компонентного решения при производстве бараночных изделий.

На основании проведенных экспериментальных исследований были разработаны рецептуры инновационного продукта - «Тараллини», обогащенного сухими композитными смесями с заменой части муки полизерновыми культурами. Для обогащения продукции использовали выжимки овощей и фруктов, технологический процесс осуществляли согласно общепринятой схемы.

Качество готового продукта определяли по органолептическим и физико – химическим показателям. Имеется протокол качества №0142 от 04.12.2019г. ТОО «ГСС и MZHAMBYLSTANDART». Готовый продукт имел следующие качественные характеристики: внешний вид - округлая и овальная; поверхность - глянцевитая, гладкая; вкус и запах-приятный, свойственно данному виду изделий; цвет - от светло-желтого до светло-коричневого, равномерный по всей массе. По физико-химическим показателям продукт «Тараллини» соответствовал требованиям ГОСТ: массовая доля жира - 5,2%, влажность мякиша - 3,2%, кислотность мякиша - 0,5%. Содержание токсичных элементов, микотоксинов, антибиотиков, пестицидов и радионуклидов в продукте «Тараллини» не обнаружено.

С точки зрения маркетинга, новый продукт может быть рассмотрен как продукт, имеющий качественное усовершенствование по отношению к продукту – аналогу. В научной работе исследовали различные способы внесения выжимок в оптимальных дозировках при приготовлении бараночных изделий. Экспериментально исследовано влияние основных технологических параметров и установлены рациональные технологические параметры производства тараллини с внесенными выжимками овощей и фруктов.

Выполненные теоретические и экспериментальные исследования подтвердили эффективность применения перспективных композитных добавок на основе сухих выжимок овощей и фруктов, позволили разработать новые рецептуры бараночных изделий, повышенной пищевой ценности, внедрение которых внесет значительный вклад в расширение ассортимента продуктов, предназначенных для функционального питания.



ӘОЖ 637.344:663.8

«ДӘНДІ» ҚҰРТ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Айткулова А., Мынбаева А.Б.

Бүгінгі күні ұлттық дәстүрлі технология арқылы жасалынатын тағамдарды өндірістік технология бойынша жасау және бұл тағамдардың ассортиментін кеңейту актуалды болып табылады.

Өңген қарабидай дәні және майсыздандырылған сүтті қолдану негізінде жасалған құрттың сапасын жақсарту үшін және ұлттық тағамдардың ассортиментін көбейту мақсатында «Дәнді» құрт ұлттық тағамын дәстүрлі технология бойынша жасалынды.

«Дәнді» құрт ұлттық тағамы - бұл табиғи, экологиялық таза, жоғары калориялы, халықтың барлық жастағы тобына шектеусіз қолдануға ұсынылатын тағам.

Орындалған экспериментті зертеулердің нәтижелері бойынша «Дәнді» құрт ұлттық тағамының органолептикалық көрсеткіштерін (дәмді және хош иісі, құрылымы және консистенциясы, түсі), құртқа өлшемдері 3, 6, 9, 12, 15 көлемде өңген дән бөлшегін қосу арқылы анықталды. Нәтижелері 1 - кестеде көрсетілген.

Кесте 1

250 мкм өлшемдегі өңген қарабидай дәнін қосу арқылы алынған құрттың органолептикалық көрсеткіштері

Өнген қарабидай дәнінің мөлшері, %	Сапасын бағалау						
	дәмі және хош иісі (макс. балл-60)	балл	құрылымы және консистенциясы (макс. балл-30)	балл	түсі (макс. балл-5)	балл	жалпы балл (макс. балл-95)
3	дәмі дәмді және иісі хош, құрамында қарабидай бар	58	біртекті, жеткілікті тығыз	30	ақ	5	93



	екені сезілмейді						
6	дәмді дәмі мен хош иісі сезіледі, дегенмен уыттың әлсіз дәмімен иісі бар	58	біртекті, жеткілікті тығыз, иілімді	30	ақ, жеңіл крем түстес	5	93
9	дәмді дәмі мен хош иісі басым, бірақ уыттың әлсіз дәмімен иісі сезіледі	60	біртекті, жеткілікті тығыз, иілімді	30	ақ, жеңіл крем түстес	5	95
12	жақсы уыттың дәмі мен хош иісіне тән	60	біртекті, жеткілікті тығыз	30	ақ, жеңіл крем түстес	5	95
15	уытқа тән дәмі мен хош иісі, жеңіл ұнды дәмі, бірақ жағымды иіске тән	58	күрғақ заттардың ұлғаюы нәтижесінд е тығыз	29	біртег ті крем түстес	4	91

Алынған нәтижелерді талдау, органолептикалық көрсеткіштер бойынша 9 және 12 мөлшерде өнген дәмді қосқанда құрттың консистенциясы балдық көрсеткіші бойынша ең жоғары 95 балл құрайтынын көрсетті. «Дәмді» құрт ұлттық тағамының иісі жағымды, консистенциясы тығыз, түсі ақшыл өнген дән ұнтағымен, құрт өзінің дәмін сақтап қалған, дәмі жағымды.

УДК 677.026

ИССЛЕДОВАНИЕ СВОЙСТВ ОТХОДОВ ШЕРСТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕПЛОИЗОЛЯЦИОННЫХ СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Құсмұхамбетов А., Шардарбек М.Ш.

В работе изучено влияние технологических параметров на свойства объемных термоскрепленных нетканых материалов, полученных на кафедре «Технология текстильной промышленности и материаловедение» из отходов шерстяной промышленности и



бикомпонентных волокон, с различной поверхностной плотностью ($200\text{ г/м}^2, 250\text{ г/м}^2, 300\text{ г/м}^2$) при одинаковом времени термообработки (1 минута).

Эксперимент по изучению влияния технологических параметров на свойства термоскрепленного объёмного полотна проводили с использованием метода математического планирования и анализа эксперимента (план КОНО-2).

В качестве сырья для получения образцов термоскрепленного объёмного полотна была взята волокнистая смесь: отходы шерстопрядильного производства, легкоплавкое бикомпонентное полиэфирное волокно (БИК-волокно) («ядро-оболочка»).

Входными параметрами являлись количество БИК волокна, процентная и поверхностная плотность. Выходными параметрами были следующие свойства термоскрепленного полотна: толщина, поверхностная плотность, разрывная нагрузка, по длине и по ширине, удлинение при разрыве, по длине и по ширине, воздухопроницаемость.

Образцы термоскрепленных нетканых полотен получали в лаборатории кафедры по следующей технологической цепочке: формирование волокнистой смеси → замасливание (эмульсирование) → чесание → термоскрепление.

Чесание волокнистой смеси проводили на чесальной машине марки ЧБВ, термоскрепление осуществляли на лабораторном термопрессе. Поверхностная плотность волокнистого холста составила 300 г/м^2 . Термоскрепление проводили при температуре $125\text{--}130^\circ\text{C}$ (температура соответствует температуре плавления легкоплавкой части БИК волокна) в течение 1 мин. Образцы готовых термоскрепленных нетканых полотен подвергали испытаниям на физико-механические показатели.

Совместный анализ полученного уравнения регрессии показывает, что зависимость поверхностной плотности объёмного нетканого полотна от содержания БИК волокон в холсте и поверхностной плотности волокнистого холста имеет параболический характер.

С увеличением содержания БИК волокон в холсте с 20 до 40 % и поверхностной плотности волокнистого холста с 200 г/м^2 до 300 г/м^2 , поверхностная плотность готового объёмного полотна увеличивается с 200 г/м^2 до 340 г/м^2 . Увеличение поверхностной плотности готового объёмного полотна на 10-15% от задаваемой величины поверхностной плотности холста объясняется усадкой волокнистого холста при термическом скреплении волокнистого холста на термопрессе. Усадка волокнистого холста происходит за счёт плавления легкоплавкой оболочки БИК волокна при $t=125^\circ\text{--}130^\circ\text{C}$. Указанная температура



$t=125^{\circ}-130^{\circ}\text{C}$ является параметром технологического процесса термоскрепления при получении объёмного нетканого полотна.

Плавление БИК волокна вызывает усадку за счёт образования адгезионных склеек в местах пересечения базовых волокон с БИК волокном. Этот фактор усадки нужно учитывать при заправочных расчётах технологического оборудования.

На изменение разрывной нагрузки по длине оказывают оба фактора технологического процесса. Причём увеличение доли вложения БИК волокна в волокнистом холсте оказывает большее влияние на прочность по длине. Исследовано влияние технологических параметров на свойства объёмных термоскрепленных нетканых материалов из шерстяных и бикомпонентных волокон, с различной поверхностной плотностью (200, 250, 300 г/м²), времени термообработки (1 минута). Воздухопроницаемость зависит от размера пор и времени термоскрепления. Разрывная нагрузка зависит от температуры термоскрепления волокна и длины полотна. Удлинение полотна зависит от поверхностной плотности и температуры термоскрепления.

ӘОЖ 677.3:613

ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ БАР ТРИКОТАЖ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Махмутова Ш., Осконбек қызы Н., Маханбеталиева К.Т.

Жұмыс Жамбыл облысы мен Тараз қаласындағы бүйрек, бел ауруларымен және радикулитпен ауыратын адамдардың статистикалық мәліметтерін және түйе жүнінің емдік қасиеттерін зерттей отырып, артрит, ревматизм, радикулит, суық тию, бел, бүйрек ауруларын емдейтін қасиеттері бар іш-киімдік трикотаж бұйымының жаңа құрылымын жасауға арналған.

«The Lancet» журналында жарияланған мәліметтер бойынша созылмалы бүйрек ауруларына (СБА) шалдыққандардың орташа саны әлемдегі көптеген елдерде 10 пайызды құрайды, ал кейбір жерлерде жоғары қауіпті 50 пайызды құрайды. Адамның жасы ұлғайған сайын, бұл көрсеткіш те жоғарылайды. 60 жастан жоғары пациенттерде 20 пайыз, ал 70 жастан жоғары 35 пайыз. Дегенмен жастар арасында да СБА шалдыққандар, 20-30 жастағы 25 адамның ішінде біреуінде осы



диагноз кездеседі. Соңғы онжылдықта СБА өлімнің негізгі себептерінің тізімінде 1990 жылы 27 орыннан 2014 жылы 18 орынға көтерілді.

Елімізде ревматологиялық аурулар етек жайып барады. Бұл дертпен 50 жастан асқан қазақстандықтардың 80% ауырады екен. Көпшілік сырқат туралы аз білуінің салдарынан қол-аяқтың сырқырағанына мән бермей, жүре береді. Дәрігерлерге ауру асқынған кезде ғана келеді. Алғашқы кезеңде дерттің алдын алуға болады, дейді дәрігерлер. Ал асқынып кетсе, дерттің емделуі екіталай. Тіпті, бұл сырқатқа шалдыққан адамдардың 90 пайызы мүгедек болып қалуы мүмкін. Өңірімізде буын ауруларының өзге сырқаттарын есепке алмағанда, ревматоид артриті дертімен емдеу мекемелерінде диспансерлік есепте тұрғандар саны шамамен 800-ге жеткен. Ал тіркелмегендері қаншама?! Бұл сырқаттың бірнеше түрі бар. Олар: ревматоид артриті, ювенальді ревматоид артриті, жүйелі қызыл жегі, остеоартроз және тағы басқалары.

Бұйымның гигиеналық және эргономикалық қасиеттерін жоғарылатуға мүмкіндік беретін емдік қасиеттері бар түйе және зығыр иірімжіптерінен тоқылған трикотаж жаймасының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде бұйымға зығыр және түйе жүнінің иірімжіптерін таңдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу тапсырмалары математикалық статистика, есептеу техникасы және бағдарламалау әдістемелерін қолдана отырып, шешілді. Зерттеудің физика-механикалық, электронды-микроскопиялық, ИК-спектроскопиялық, ренгенді жаңа аспаптары мен заманауи әдістері қолданылды.

Түйе жүнінің қасиеттерін зерттеу үшін аналитикалық растрлі электронды микроскоп JSM-7500F (Жапония, шығарылған жылы 2008ж.) қолданылды. Зерттеулер М.Х.Дулати университетінің Ә.С. Ахметов атындағы «Наноинженерлік зерттеу әдістері» ғылыми-зерттеу зертханасында жасалды.

Компьютерлік бағдарламасы бар Silver SK-840/SRP-60N трикотаж машинасында емдік қасиеттері бар жаңа құрылымды трикотаж жаймасы тоқылды. Бұл бұйым әртүрлі бел, бүйрек, артрит, ревматизм ауруларының алдын алу және оларды емдеумен қатар, радикулит белгілері бойынша омыртқа жоталарын жиі зақымдайтын кәсіби спортшылар мен компьютерде көп уақытын өткізетін адамдарға, сонымен қатар 35 жастан асқан әйелдерге және 40 жастан асқан ер адамдарға бел ауруының алдын алуға қажетті болып табылады, бұл



денсаулықтарының өмір бойы жақсы болуына және еңбекке деген қабілеттілігін жоғарылатуға өз септігін тигізеді.

Ұсынылып отырған емдік қасиеті бар іш-киім үлгісін бел, бүйрек ауруларымен ауыратын адамға бір ай шамасында киіп жүруге тәжірибе жасалынды. Тәжірибе негізінде бұйымның емдік әсерінің бар екендігі, сондай-ақ әртүрлі сипаттағы қабыну кезіндегі ауырсыну сезімдерін басудың әсері байқалды.

ӘОЖ 677.31.027.41

БОЯҒЫШТАРДЫҢ БЕКУІН ЖЕТІЛДІРУ

Мұлдалиев М., Баданов К.И.

Өндірістік шығындардың төмендігін, шикізатты өңірлердің жақындығын (Қазақстанның оңтүстік өңірі, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан), тоқыма өнімін өткізудің ықтимал нарықтарының жақындығын (Батыс, Шығыс Еуропа, Азия тынық мұхиты өңірінің, Таяу Шығыс елдерінің, ТМД елдерінің де) ескере отырып, Қазақстанның тоқыма өнеркәсібінде одан әрі даму үшін жақсы негіз бар. Тоқыма өнеркәсібіндегі жұмыс күшіне жұмсалатын шығындар Қазақстанның оңтүстігінде оператор жұмысының бір сағаты үшін 0,94 АҚШ долларына жуық. Мұның өзі Түркиядағы шығындардан төмен, бірақ Қытайдағыдан, Үндістандағыдан, Пәкістандағыдан жоғары. Қосалқы шикізатқа және ресурстарға жұмсалатын негізгі шығындар тоқыма мен киім бойынша негізгі бәсекелес елдерден төмен. Ресурс қағидаты өңірде мыналардың:

- өндіріске арналған шикізаттың;
- өңірдің жедел экономикалық дамуына байланысты көліктік және өндірістік инфрақұрылымды дамыту перспективаларының;
- еңбек ресурстары молдығының бар болуымен іске асырылады.

Осы жұмыс текстиль материалдарға бояғыштарды бекітудің тиімді әдістерін табу мәселесіне арналған. Қаныққан су буының және азеотроптық қоспалар буларының ортасында әр түрлі класстағы бояғыштарды бекіту үшін жүргізуге мүмкіндік беретін булау қондырғысының конструкциясы ұсынылған. Қондырғы булау уақытын және жылытасымалдаушының түрін өзгертуге мүмкіндік береді. Осы қондырғыны пайдалану барысында өңдеу уақытының, текстиль



материалдары құрылымының, жылытасымалдаушы түрінің, бояғыш класстарының бояғыштың бекіту дәрежесіне әсерін және сіндірілген және өрнекбасылған үлгілерді өндеуде түстерінің сапалық көрсеткіштерін зерделеу бойынша зерттеуді жүргізуге болады. Қондырғының конструкциясы қарапайым болып келеді. Жылытасымалдаушының қуатын тиімді пайдалануға, қаныққан су буының ортасында өндеу кезінде өңдейтін үлгілерде «тамшылардың» пайда болуын минимумға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. «ТӨТЖМ» кафедрасының зертханалық шарттарында ресми түрде мақұлдау жүргізілген. Ағартылған фон бойынша белсенді және кубты бояғыштармен өрнек басып шығарылған мақта маталарының үлгілерін қаныққан су буының ортасында өндеуде оң нәтиже алынады. Қондырғының конструкциясы текстиль материалының өндеу аймағында будың қысымын тұрақты етіп ұстауға мүмкіндік береді. Конструкцияда өңделген текстильдік материал арқылы будың өтуі үшін буландыратын сопел әдісі қолданылған. Апараттың ішкі конструкциясы пайда болған будың қуатын максимумға пайдалануға жасалған. Қондырғының автономиялық электрлік қоректенуі бар. Суды жылыту және қажетті көлемде будың пайда болуы 1 сағат уақытты құрайды. Ақ өң бойынша белсенді және кубты бояғыштармен басылған мата үлгілерін булау үшін қондырғыны пайдалану, белсенді бояғыштар үшін 8-10 минутта ал кубты бояғыштар үшін 7-12 минут булау, өңнің ақтығын нашарлатпай тұрақтылығы жоғары бояуды алуға мүмкіндік береді. қондырғысы қаныққан су буының факторларының әртүрлі кластағы бояғыштардың бекітуіне және диффузия дәрежесіне әсерін зерделеу бойынша ғылыми-зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді. Қондырғының конструкциясы жылу тасушы түрін өзгертіп, бекіту шарттарын өзгертуге мүмкіндік береді. ЭЕМ-де жүргізілген эксперименталді мәліметтерді математикалық өндеудің нәтижелері көрсеткендей, ұсынылып отырған қондырғы үлгілердің бүкіл ауданы бойынша бір текті, сонымен қатар беттік және теріс жағынан өндеуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған модельді булағыш қондырғыны текстиль өнеркәсібінің өндеу кәсіпорындарының бояу және өрнек басу цехтарының химиялық зертханаларында, ғылыми-зерттеу институттарында, текстиль бағытындағы ЖОО-да өрнек басылған және текстиль материалдарына сіндіре өндеудің оңтайлы режимдерін құрастыру мақсатымен, бояғыштарды бекіту дәрежесіне әртүрлі факторлардың әсерін зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуде қолдануға болады.



ӘОЖ 664.6/0.7

САУДА ЖЕЛІЛЕРІНДЕ САТЫЛАТЫН ӘРТҮРЛІ МАКАРОН ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУ

Разуан Т., Қауымбаев Р.Т.

Жұмыста арнайы зерттеу объектілері ретінде, келесі атауларға ие, Қазақстан Республикасында кеңінен қолданыстағы, отандық макарон өндіруші кәсіпорындардың шығаратын макарон өнімдерінің төмендегідей түрлерінің ішінен 3 түрлі үлгілері таңдап алынды, яғни:

1. "Ұзын вермишель", дайындаушы кәсіпорын ЖШС "БК Рола-Ян", Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қызыл жұлдыз ауылы;
2. "Сұлтан" макарон, өндіруші кәсіпорын АҚ "Сұлтан элеватор-диірменді-макарон кешені", Қазақстан Республикасы, Петропавл қаласы;
3. "Кэмми" макарон, әзірлеуші-кәсіпорын ЖШС "Кэмми Group", Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы.

Макарон өнімдерінің сараптамаға түскен жоғарыда келтірілген үлгілерінің сапаларына бағалау жүргізу «Стандартау және метрология» кафедрасының оқу зертханасының базасында орындалды.

Макарон өнімдерінің сапасын органолептикалық жолмен бағалау кезінде мынадай сапалық көрсеткіштер анықталды, яғни сараптамаға алынған Қазақстан Республикасында шығарылған макарон өнімдерінің түрлері-түстері, беттерінің жай-күйі, пішіндері, дәмі мен иісі, пісіруден кейінгі макарон өнімдерінің жай-күйі.

Болашақта адамдардың жарық шамын табатынын, оның өміріміздің айрылмас бөлшегі болатынын айтып кеткен. Қазіргі кезде электр энергиясын өндіру әлемнің басты мәселесіне айналды. Электр энергиясын өндіру үшін күніне мыңдаған тонна көмір, мұнай жағылып жатса оның табиғатқа деген зиянын есептей беріңіз. Пайдалы қазбалар азайып, ауа мен су ластанып, орман қоры аяусыз кесіліп жатқан заманда, келер ұрпаққа не қалдырамыз деп толғанып көрейік. Электр энергиясына деген сұраныстың күн санап өсіп келе жатқанын ескерсек, оны өндірудегі қиындықтар, АЭС, СЭС, ЖЭС-н күн сайын ауаға шығарып жатқан улы қалдықтары, табиғатқа келтіріп жатқан есепсіз зияны, жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың сарқылуды еске алатын болсақ, бізге қарапайым қыздыру шамдарын энергия үнемдегіш шамдарға ауыстыру арқылы көптеген жетістікке жетуге болатынын ескерейік. Біз табиғатты қорғауға аз да болса үлес қоса аламыз.

ӘОЖ 537.638.214

НАНОБӨЛШЕКТІҢ КЮРИ ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ОНЫҢ ӨЛШЕМІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Джантйлеуова А., Наметкулова Р.

Зерттеу жұмысының мақсаты – соңғы жылдары алынған эксперимент нәтижелерін ескере отырып, нанобөлшектің Кюри температурасы мен өлшемінің өзара байланысын сипаттайтын модельді жасау.



Соңғы жылдары, наноматериалдардың өздеріне ғана тән «кванттық/өлшемдік» деп аталатын құбылыстармен байланысты ерекше қасиеттерінің болуы себепті ғылым мен өнеркәсіп оларға аса жоғары көңіл бөлінуде. Наноматериалдар қазіргі уақытта оптикада, электроникада, магнетизмде, механикада, катализде, энергетикада, биомедицинада және т.б. салаларда кеңінен қолданылуда. Нанобөлшектердің қасиеттеріне қатысты жалпы сипаттағы мәселелердің ішіндегі анағұрлым маңыздысы деп беттік қабаттардың құрылымының ерекшеліктері мен бүтін бөлшектің макроскопиялық сипаттамалары арасындағы өзара байланысты анықтау есебін айтуға болады. Осындай сипаттамалардың бірі Кюри температурасы. Шындығында, заттар макроөлшемдерден молекула өлшемінен бір-екі ретке ғана үлкен өлшемдерге өткенде, олардың сипаттамалары кенеттен өзгереді: меншіктік беттік энергияның артуымен оның беттік керілуі, балку температурасы және құрылымдық өту температуралары өзгереді, тіпті құрылымның өзі, оның электрондық сипаттамалары өзгеруі мүмкін, яғни макроүйдігі заттарға қарағанда бүкіл физико-химиялық спектрі басқаша болады.

Қазіргі уақытта нанобөлшектерді алудың біраз жалпы әдістері жасалған. Олардың көпшілігі магниттік нанобөлшектер алу үшін қолданылады. Нанотехниканың дамуының арқасында нанобөлшектің Кюри температурасы мен оның өлшемдерінің арасындағы байланысты анықтау мүмкіндігі пайда болды.

Нанокристалдардың (нанобөлшектердің, наностержендердің және жұқа пленкалардың) ерекше физика-химиялық қасиеттері және осы қасиеттердің практикалық мақсатта қолданудың мүмкіндіктері қызығушылық тудыруда. Нанотехнологияның ағымдық жетістігі жеке нанокристалдарды дайындауға мүмкіндік берсе, бұл өз кезегінде олардың негізгі қасиеттерін зерттеу мүмкіндігін ашты. Бұл жұмыста жоғарыда аталған негізгі қасиеті ретінде Кюри температурасы қарастырылады. Әрине, бұл жағдайда, Кюри температурасы болатын, тек наноөлшемдік күйдегі заттарды ғана зерттеуге болады.

Нанобөлшектердің беттік қабаты туралы сандық ақпаратты олардың Кюри температуралары жайындағы мәліметтер бойынша алудың салыстырмалы қарапайым әдістеріне назар аудару керек.

Бөлшектерді сфералық және r радиустары бірдей деп есептейміз. Нанобөлшектің берілген R радиусы үшін Кюри температурасының "массивтік" бөлшектің Кюри температурасына қатынасының R -ға



тәуелділігін эксперименттік түрде анықталды. Қорытындылай келе бұл ғылыми жұмыстың негізгі нәтижесі – нанобөлшектің өлшемі мен оның ақаулығының сандық өлшемі, яғни реттелген құрылымның бұзылуы арасындағы өзара байланысы анықталды. Нанобөлшектер мен нанопленкалар үшін бұл бұл байланыс төмендегідей көрініс табады:

$$\frac{\Delta T_c}{T_c} = -\frac{\Delta R}{R}; \quad \Delta R = R \cdot e^{-\frac{R}{\lambda_R}};$$

мұндағы R – наноөткізгіштің радиусы, ΔR – релаксация радиусы.

Кюри (Неель) температурасы сияқты макропараметрлердің көмегімен нанобөлшектердің құрылымының реттілігінің бұзылуы және кристалдық құрылымның қалыптасу процесін зерттеуге мүмкіндік беретін модель жасалды.

Нанобөлшектердің релаксациялық моделі сегнетоэлектрлік нанобөлшектердің Кюри температураларының тәуелділігін сипаттау үшін қолдануға болатыны анықталды.

Сонымен бірге заттар үшін материалдық тұрақты, дәлірек айтсақ, релаксациялық радиус енгізілді. Барлық зерттелген заттар үшін оның мәні есептелді.

ӨОЖ 531.1-227

КИНЕМАТИКА БӨЛІМІНІҢ КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ ӘДІСТЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Арынбекова А., Кадиримбетова А.

Бұл ғылыми жұмыстың мақсаты– кинематика бөлімінің күрделі есептерін шешу әдістері мен олардың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Физикалық есептерді шеше білу әр түрлі физикалық олимпиадаларға қатысатын оқушыларға өте қажет.

Тақырыптың өзектілігі – физика бойынша жоғары дәрежелі интеллектуалдық жарыстарға дайындалуда белгілі бір есептер класын шешуде қолданылатын әдістер мен тәсілдерді бөліп алып, әр қайсысының қолданылуын нақты мысалдармен көрсетіп, түсіндіру



жүйесі тәжірибе көрсеткендей, өте тиімді болып табылады; алынған білім мен тәжірибе жүйелендірілген болады.

Жұмыс үш кезеңнен тұрады. Жұмысты жазудың бірінші кезеңінде негізгі білім элементтері анықталды, механиканы зерттеп үйрену барысында механикадан күрделілігі жоғары есептерді таңдап алынды. Екінші орында, таңдалған есептерді шешу негізіндегі негізгі физикалық және математикалық идеялар жатқан есептер және осындай есептерді шешудің жалпы әдістері белгілеп алынды. Осы ғылыми жұмысты орындау барысында оқу-әдістемелік құралдарға талдаулар жасалды. Олар оқушылар мен студенттерді механика есептерін шешуді үйретуге арналған, сондай ақ классикалық есептерден, күрделі есептерден тұратын жалпы физика курсының оқулықтары мен жинақтары қолданылды. Нәтижесінде ғылыми-әдістемелік мәселе анықталды – физикалық және математикалық идеялардың жүйеленуіне негізделген арнайы оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі анықталды. Берілген мәселені шешу үшін мынадай мәселе қойылды: құрылымының негізі мектептің механика курсына дағы күрделі есептер болатын есептерді шешу әдістерінен тұратын оқу-әдістемелік құралдарды жасау керек.

Жұмысты орындау барысында келесі негізгі нәтижелер алынды: механикадан күрделілігі жоғары есептерді шешу әдістерін талдау жүзеге асырылды.

Бұл ғылыми жұмыстың нәтижелерін жалпы білім беретін оқу орындарында, қосымша білім беретін және жоғары оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін және физикалық олимпиадаларға өз бетінше даярлануда қолдануға болады. Олимпиадалық тапсырмаларда да шешу үшін жалпы пән бойынша білім беру мекемесінде алған білімдері жеткілікті болғанымен, мұндай есептерді шешу әдістемесі стандартты емес және өте сан түрлі болып келеді. Сондықтан білім алушыларды олимпиадаға қатысуға дайындауда педагог өз үрдісінде қолданатын есептер жиынтығын құру болып табылады. Жұмысты болашақта жалғастыруға болады: күрделілігі жоғары есептерді шешу әдістерін қарастыруға арналған оқу-әдістемелік құралдар жасауда, сондай ақ мектеп курсына да, жалпы физика курсына да кіретін бөлімдерге қатысты қолдануға болады. Физикалық есептерді шешуге үйрететін мұндай әдістің негізгі сипаты ретінде типтік есептердің бөлініп алынуы және оларды шешу барысындағы алгоритмдеуге ұмтылуы болып отыр. Мұндай әдіс



физиканы оқыту үрдісінің бастапқы кезеңдерінде немесе пәнді оқуда қызығушылығы төмен (мысалы, болашақ мамандығын физикамен байланыстырмайтын, оны қажет деп санамайтын) оқушылармен жұмыс істегенде де жемісін береді.

Бұл жұмыста қарастырылған кинематика бөлімінің күрделілігі жоғары есептерін шешу әдістері мен тәсілдерін және осында қарастырылған есептер мен мысалдарды «Физика» мамандығының студенттеріне педагогикалық тәжірибеден өту кезінде, сондай ақ аталған мамандықта білім алатын студенттерге «Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі», «Физикалық есептерді шешу әдістемесі» пәндерін оқытуда дәріс сабақтарында қолдануға болады. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы – педагогикалық тәжірибеде механика есептерін шешуде жоғары сынып оқушылары мен төменгі курс студенттерін оқытуда оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Бұл ЖОО-да жоғары санатты мамандарды даярлауда оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруда, кейбір дербес мәселелерді – мысалы жоғары деңгейдегі физикалық олимпиадалардың теориялық турларына қатысуға даярлауда белгілі роль атқарады.

ӘОЖ 519.21(075.8)

ТУЫНДЫНЫҢ КЕЙБІР ҚОЛДАНУЛАРЫ

Асимова Б., Бештаева Р.А.

Жұмыста туындыны функцияға зерттеуге қолдану алгоритмдері қарастырылған. Функцияның анықталу облысы мен оның зерттеу нәтижелері бойынша график салынған.

1. Функцияның анықталу облысын табу;
2. Функцияның тақ, жұптығын анықтау. Егер функция не тақ, не жұп болса, онда ол анықталу облысындағы аргументтің тек оң мәндер аралығында зерттеледі және тақ, жұп функциялардың графигі туралы қасиет пайдаланылады.
3. Функцияның периодтылығын анықтау. Егер функция периодты болса, онда бір период аралығында ғана зерттеледі;
4. Графиктің координаталар осьтерімен қиылысу нүктелерін табу;



5. Функция таңбасының тұрақтылық, өсу, кему аралықтарын, экстремумын табу, шектелгендігін анықтау;
6. Анықталу облысына кірмейтін нүктелер аймағында және аргументтің модуль бойынша шексіз үлкен мәндерінде функцияның өзгеру сипатын зерттеу,
7. Зерттеу нәтижелері бойынша график салу.

Мысал ретінде $y = 2 - \sqrt{x+3}$ функциясын зерттеп, графигін салыңған.

Функцияны зерттеу алгоритмін колданамыз:

1) функциясының анықталу облысын табу үшін $x+3 \geq 0$ теңсіздігін шешеміз. Сонда $D(f) = [-3; +\infty)$, ал мәндер жиыны $E(f) = (-\infty; 2]$;

2) функция жұп та, тақ та, периодты да емес;

3) координата осьтерімен қиылысу нүктелерін анықтаймыз:

$$x=0, y(0) = 2 - \sqrt{0+3} = 2 - \sqrt{3}, (0; 2 - \sqrt{3})$$

$$y=0, 2 - \sqrt{x+3} = 0, \sqrt{x+3} = 2, x = 1 (1; 0);$$

4) функция графигі Ох осімен бір ғана нүктеде қиылысады, сондықтан функцияның анықталу облысын, $x=1$ нүктесі арқылы екі интервалға бөліп, әр интервалдағы функцияның таңбасын анықтаймыз.

Сонда $(-3; 1)$ интервалында $f(x) > 0$, ал $(1; +\infty)$ интервалында $f(x) < 0$;

5) функция барлық анықталу облысында кемиді және экстремум нүктелері жоқ;

6) аргументтің шексіз үлкен мәндерінде қабылдайды және $x \rightarrow -\infty$ болғанда, функция мәні;

7) берілген функцияның графигі салуды көрсету.

Графиктің көмегімен $g(x) = \frac{2}{x+3}$ функциясы $f(x) = \frac{2}{x} - 3$ функциясына кері функция болатынына дәлелдендер.

Шешуі. $g(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының кері функциясы болатынын графиктің көмегімен дәлелдеу үшін бір координаталық жазықтыққа $y=g(x)$ және $y=f(x)$ функцияларының графиктерін саламыз. Оданк кейін олардың графиктері $y=x$ түзуіне қарағанда симметриялы

болатынына анықтаймыз. $f(x) = \frac{2}{x} - 3$ функциясының графигі гиперболо.



Оның графигін салу үшін $y = \frac{1}{x}$ функциясының графигін Оу осі бойымен екі есе созамыз, содан кейін Оу бойымен 3 бірлікке теріс бағытта параллель көшіреміз. $y = \frac{2}{x+3}$ функциясының графигін салу үшін $y = \frac{1}{x}$ функциясының графигін Оу осі бойымен оң бағытта екі есе созамыз, шыққан графикті Ох осі бойымен үш бірлікке теріс бағытта параллель көшіреміз.

Берліген функциялардың графиктерін бір координаталық жазықтыққа саламыз. Соданк кейін $y=x$ түзуін жүргіземіз. Суреттен $f(x) = \frac{2}{x} - 3$ және $g(x) = \frac{2}{x+3}$ функцияларының графиктері $y=x$ түзуіне карағанда симметриялы екенін көруге болады. Осыдан $f(x) = \frac{2}{x} - 3$ үшін $g(x) = \frac{2}{x+3}$ функциясы кері функция болып табылады.

Жұмысты қорытындылай келе, туынды арқылы функцияны толық зерттеуге болатынына көз жеткізілді.

ӘОЖ 534.014.1

ЛАГРАНЖДЫҢ ЕКІНШІ РЕТТІ ТЕНДЕУІН ДИНАМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚОЗҒАЛЫС ТЕНДЕУЛЕРІН ҚҰРУДА ҚОЛДАНУ


Телимбай Б., Жақаш Ә.Т.

Жұмыста динамикалық жүйелер қозғалысының теңдеулерін құру үшін Лагранждың екінші ретті теңдеуін қолданудың әдістері қарастырылған. Жалпы Лагранждың екінші ретті теңдеуі еркіндік дәрежесі жоғары механикалық немесе динамикалық жүйелердің математикалық моделін құру үшін қолданылады. Лагранждың екінші ретті теңдеуі консервативті жүйелер үшін келесі түрде өрнектеледі

$$\frac{d}{dt} \left(\frac{\partial T}{\partial \dot{q}_j} \right) + \frac{\partial T}{\partial q_j} = Q_j, \quad (1)$$



Ал консервативті емес жүйелер үшін (1) теңдеудегі жалпылама күш жүйенің потенциалдық энергия арқылы анықталады, яғни $Q_j = -\frac{d\Pi}{dq_j}$. Мысал ретінде келесі еркіндік дәрежесі екіге тең динамикалық жүйені қарастырайық (1-сурет).




Осылай қарастырылып отырған жүйе үшін Лагранждың екінші ретті теңдеуі негізінде оның еркін тербелісінің дифференциалдық теңдеуі келесі түрде болады.

$$a_{11}\ddot{x}_1 + c_{11}x_1 + c_{12}x_2 = 0$$

$$a_{22}\ddot{x}_2 + c_{12}x_1 + c_{22}x_2 = 0$$

Осы дифференциалдық теңдеулер негізінде заманауи есептеу әдістерін қолдана отырып, Delphi жүйесінде бағдарлама түзілді. Нәтижесінде қарастырылып отырылған жүйенің кинематикалық параметрлерін үлкен диапозонда алуға мүмкіндік туды. Кейбір кинематикалық параметрлердің графиктері төменгі суреттерде көрсетілген.



Қорыта айтсақ, Лагранждың екінші ретті теңдеуінің негізінде еркіндік дәрежесі екіге тең серпімді жүйедегі стержен мен дискінің еркін тербелісін есептеп, оның программасын құрдым.

ӘОЖ 517.95

ТІК СТЕРЖЕНДЕРДІҢ КӨЛДЕНЕҢ ТЕРБЕЛІСІНІҢ ЖИІЛІГІН АНЫҚТАУ

Тұрсынбай О., Жақаш Ә.Т.

Тақырып бойынша әдеби жолдау жасалынып, қарастырылып отырған мәселемен көптеген оқымыстыларымыздың айналысқанын және бұл мәселенің әліде өзекті екенін атап өту керек.

Тік стержендердің көлбеу тербелісін өрнектейтін дифференциалдық теңдеулер алынды. Бұл теңдеулерді құруда кейбір параметрлер




ескерілмейді. Шектік және бастапқы шарттарды ескере отырып, стержендердің тербелісінің меншікті формалары және ол формаларды өрнектейтін функциясы алынды. Ұштары әртүрлі жағдайда бекітілген стержендердің тербелістері қарастырылып, олардың формалары анықталды. Тербеліс формаларын, жиіліктерін, анықтайтын функциялар аналитикалық және заманауи есептеу әдістерімен алынды. Практикалық маңызға ие мысалдар қарастырылды. Олардың жұмыс істеу процестерін бақылау үшін және параметрлердің өзгеруіне байланысты негізгі тербеліс жиіліктерін тербеліс жылдамдылықтарын анықтайтын Delphi тілінде бағдарламалар түзілді.

Жұмыста кималары тұрақты немесе айнымалы болып келетін стержендер мен арқалықтардың көлбеу тербелістерінің формасын, жиіліктерін және басқада параметрлерін анықтау қарастырылады.

Мәселені шешу үшін негізгі ескерілмейтін шамаларға тоқталып, Остроградский-Гамельтон функционалы үшін Эйлер формуласын қолданып, түзу стерженнің көлбеу тербелісін өрнектейтін дербес туындылы төртінші ретті дифференциалдың теңдеуі алынды. Дифференциалдық теңдеуді шешуде стержендердің ұштарының бекітілуі ескеріліп, шектік және бастапқы шарттар ескерілді. Сонымен қатар, теңдеулердің шешімін анықтауда А.Н.Крыловтың S , T , U , V функциялары негізінде шешудің ыңғайлы екені көрсетілген. Стержендердің ұштарының бекітілуінің бес жағдайы қарастырылады. Олардың шешімі аналитикалық және заманауи есептеу әдістерімен алынды. Жұмыста тік стержендердің еркін тербелісімен қатар еріксіз тербелісінде қарастырылған, яғни төртінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеудің оң жағы қандайда периодты уақытқа тәуелді функциялармен өрнектеледі. Мұндай дифференциалдық теңдеулерді шешуде А.Н.Крыловтың функциялары және гармоникалық коэффициенттердің әсер әдісі қолданылады.

Сонымен қатар кималары айнымалы тік стержендердің көлбеу тербелістерін есептеудің жуықтау әдістері қарастырылды. Бұл вариациялық әдістерге Ритц, Релей, Галеркин әдістерін жатқызуға болады. Осы әдістердің негізінде есептелінетін техникалық маңызға ие мысалдар келтірілді. Стержендердің көлбеу тербелістерінің жұмыс істеу процесін байқау және кейбір кинематикалық параметрлерді анықтау үшін есептеу бағдарламалары түзіліп, көптеген графиктерді алуға мүмкіндік туды.



Жұмыстың нәтижелерін кейбір техникалық мәселелерді жобалауда қолдануға болады.

ӘОЖ 512/514(075.4)

КЛАССИКАЛЫҚ ОРТАЛАРДАН ТУЫНДАҒАН ТАМАША ШЕКТЕР

Саткожаева Э., Айтказина А.М.

Бұл жұмыста негізінен классикалық орталардан туындаған тамаша шектер келтіріліген. Бірінші және екінші тамаша шектерді қарастырамыз.

Функцияның нүктедегі функция шегі. Функция шегінің барлық қасиеттері біржақ шектерге келтіріледі. Нүктедегі функция шегі мен біржақ шектердің арасындағы өзара байланысы:

а) Егер екі біржақты функцияның нүктедегі шегі бар және олар өзара тең болса, онда нүктедегі шек бар болады;

б) Егер екі біржақты функцияның нүктедегі шегі бар болса, бірақ олар өзара тең болмаса, онда нүктедегі шек болмайды;



Бір жақты шектер дегеніміз - егер кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін қандайда бір $\delta = \delta(\varepsilon)$ саны табылып, $a < x < a + \delta(\varepsilon)$ үшін, $|f(x) - A| < \varepsilon$. теңсіздігі орындалатын болса, онда A саны $y = f(x)$ функциясының оң жақ шегі деп аталады және былай белгілейді:

$$\lim_{x \rightarrow a+0} f(x) = A$$

Егер кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін қандайда бір $\delta = \delta(\varepsilon)$ саны табылып, $a - \delta < x < a$ үшін, $|f(x) - A| < \varepsilon$. теңсіздігі орындалатын болса, онда A саны $y = f(x)$ функциясының сол жақ шегі деп аталады және былай белгілейді:

$$\lim_{x \rightarrow a-0} f(x) = A$$

Туындының геометриялық мағынасына тоқталатын болсақ, $y = f(x)$ функциясының $M_0(x_0, f(x_0))$ нүктесіне жүргізілген жанама мен Ox осінің оң бағытының арасындағы бұрыштың тангенсін кескіндейді, яғни $f'(x_0) = \tan \alpha$, мұндағы α - жүргізілген жанама мен Ox осінің оң бағытының арасындағы бұрыштың шамасына тең, онда $y = f(x)$ функциясының $M_0(x_0; y_0)$ нүктесіндегі жанаманың теңдеуін мына түрде жазуға болады:

$$y - y_0 = f'(x_0)(x - x_0).$$

Егер осы жанамаға $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде перпендикуляр түсіретін болсақ, онда ол түзуді нормаль деп атайды.

Егер $f'(x_0) \neq 0$ болса, онда нормаль теңдеуін мына түрде жазуға болады:



$$y - y_0 = -\frac{1}{f'(x_0)}(x - x_0).$$

Егер $f'(x_0) = 0$ болса, онда нормаль теңдеуін

$x = x_0$ түрінде жазуға болады.

ӘОЖ 517.957

ЖОҒАРҒЫ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ШЕШІМДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Даулет А., Сұлтанбекова Г., Рахимова Г.Қ.

Дифференциалды теңдеулерді зерттеу кезінде көңіл бөлінетін сұрақтар мынадай: шешімнің бар болуы, жалғыздығы, олардың қасиеттері. Дифференциалды теңдеудің шешімінің бар болуы және жалғыздығы шарты нақты жүріп жатқан процестің сипаттауының қажетті шарты болып табылады. Сондықтан сызықты және сызықты емес дифференциалды теңдеулер теориясындағы маңызды мәселенің бірі олардың шешімінің бар болуы мен жалғыздығы болып табылады.

Соңғы жылдары нұқсанды сызықты емес дифференциалдық теңдеулер өте қарқынды зерттелуде, себебі олардың қолданбалы маңыздылығы артқан.

Зерттеу жұмысын біз жоғарғы ретті дифференциалдық теңдеуге жүргіздік.

Берілген $\Omega = \{(x, y): 0 < x < 2\pi, 0 < y < 1\}$ облысында төмендегі сызықты емес дифференциалдық теңдеуді

$$Lu = -\frac{\partial^2 u}{\partial y^2} + \sum_{k=0}^s (-1)^k R_k(x, y, u) \frac{\partial^{2k+1} u}{\partial x^{2k+1}} + \sum_{k=0}^m (-1)^k B_k(x, y, u) \frac{\partial^{2k} u}{\partial x^{2k}} = f \in L_2(\Omega), \quad (1)$$

мынадай шектік шарттармен бірге қарастырамыз:



$$\left. \frac{\partial^i u}{\partial x^i} \right|_{x=0} = \left. \frac{\partial^i u}{\partial x^i} \right|_{x=2\pi}, \quad i = 0, 1, 2, \dots, 2s, \quad s \geq m, \quad (2)$$

$$u(x, 0) = u(x, 1) = 0, \quad (3)$$

мұнда

$$f \in L_2(\Omega), \quad \Omega = \{(x, y) : 0 < x < 2\pi, \quad 0 < y < 1\}.$$

Барлық жерде (1) тендеудің коэффициенттерін төмендегі шектеулер қоямыз:

$$R_k(x, y, z) \quad (k = 0, 1, \dots, s), \quad B_k(x, y, z) \quad (k = 0, 1, \dots, m)$$

бөлікті-үздіксіз функциялар және берілген аргументтері бойынша төмендегі шарттарды қанағаттандырады:

$$a) \quad C^{-1} \varphi_k(y) \leq R_k(x, y, z) \leq C \varphi_k(y), \quad x \in [0, 2\pi], \quad y \in [0, 1], \quad |z| \in [0, A],$$

А-кез-келген белгіленген сан;

$$b) \quad C^{-1} \psi_k(y) \leq B_k(x, y, z) \leq C \psi_k(y), \quad x \in [0, 2\pi], \quad y \in [0, 1], \quad |z| \in [0, A],$$

А-кез-келген белгіленген сан, мұнда φ_k , ψ_k функцияларын сәйкесінше

i_0)- $i_0 i_0$) шарттарын қанағаттандырады.

$$i_0) \quad R_k(y) \geq 0 \quad (k = 1, 2, \dots, s), \quad B_k(y) \geq 0 \quad (k = 2, \dots, m), \quad R_0(y) \geq \delta_0 > 0, \quad B_0(y) \geq \delta > 0.$$

$$i_0 i_0) \quad \lim_{y \rightarrow 0} \frac{R_k(2y)}{R_k(y)} < \infty \quad (k = 1, 2, \dots, s); \quad \lim_{y \rightarrow 0} \frac{B_k(2y)}{B_k(y)} < \infty \quad (k = 1, 2, \dots, m).$$

Теорема 1. Айталық а)-б) шарттары орындалсын, онда кез-келген $f \in L_2$ үшін (1)-(3) есібінің $L_2(\Omega)$ кеңістігінде жататын шешімі бар болады және ол төмендегі теңсіздікті қанағаттандырады

$$\|u\|_{C(\bar{\Omega})} \leq C_0 \|f\|_2, \quad (\|u\|_{W_2^2(\Omega)} \leq C \|f\|_2), \quad (4)$$

мұндағы $C > 0$, $C_0 > 0$ – бекітілген тұрақты сандар.



**ТАСЫМАЛДАУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.
МҰНАЙ-ГАЗ ІСІ. МАШИНАЖАСАУ**


**ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИЯ.
НЕФТЕГАЗОВОЕ ДЕЛО. МАШИНОСТРОЕНИЕ**

ӘОЖ 621.311.24

**КӨП ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ БАСПАЛДАҚ АЛАҢДАРЫН
АВТОНОМДЫҚ ТҮРДЕ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ**

Қадыс Ә., Ибылдаев М.Х.

Жұмыстың мақсаты: Көп қабатты ғимараттың баспалдақтарының биіктігіне тең құбырдағы биіктігі белгілі қашықтыққа аз қуатты жарық шамдары бар шағын генераторларды орната отырып, жел генераторларының пышақтарын кесіп өту үшін жоғары қарай бағытталған ағынды қолданып, электр энергиясын өндіру. Ломоносов ауадағы өзгерістерді білу және шахталардағы әртүрлі ауа тығыздығындағы шахталардан тік ауа ағымдарын алғаш рет анықтағаннан кейін (1745 ж.) Ауа райын болжаудың ғылыми негіздерін жасау үшін атмосфераның жоғарғы қабаттарын аспаптық зерттеу қажеттілігі туралы идеяға келген сияқты. Ғалым мақтан тұтқан сөздің негізгі идеяларының бірі әртүрлі метеорологиялық процестерді дұрыс түсіну және түсіндіру үшін тік ауа ағымдарының көтерілуінің шешуші рөлін негіздеуден тұрады.





Зерттеу әдістері: Егер тік температура градиентінің температурасы $1\text{ C} / 100\text{ м}$ -ден төмен болса, белгілі бір биіктікте тік ауа ағындарын басу бар екендігі шығады. Тік температура градиентінде керісінше белгі болуы мүмкін; демек, ауа температурасы биіктікке көтеріледі. Мұндай құбылыс температураның инверсиясы деп аталады және ол тік ауа ағындарының кідіруіне әкеледі. Төменгі жағында пайда болатын тік ауа ағыны концентраттың бөлшектерін жинап, оларды суспензияда ұстайды. Аэрозольдің бір түрі пайда болады, ол қайнаған сұйықтықтың қасиетін алады. Бұл ортадағы бөлшектер газ ағындарымен бөлініп, үздіксіз қозғалыста болады. Жел мен тік ауа ағындарының әсерінен суық ауа қабаты бұрмаланып, қалыңдығын өзгертіп, биіктікте қозғалуы мүмкін. Жел генераторының тиімділігін арттыру үшін диодты шамдарды қолдануға болады. Бұл жарықтандыру дизайнның кез-келген жерде қолдануға болады, мысалы: жарнамалық стендтерді, көп қабатты ғимараттардың белгілерін жарықтандыру үшін және т.б. Құбыр ретінде сіз арнайы пластикалық материалдарды пайдалана аласыз, яғни. өздігінен жұмыс істейтін жарық диодты гирлянданы аламыз. Көріп отырғаныңыздай, ұсынылған дизайнның ауқымы өте кең.

Қорытынды: Тік ауа ағындарын көп қабатты үйлердің баспалдақтарын жарықтандыру үшін пайдалану мүмкіндіктері зерттеледі. Электр қуатын өндіру үшін тік ауа ағындарын пайдалану аз зерттелген; Көп қабатты үйлердің баспалдақтарын жарықтандыру өзекті мәселе. Бұл ағындар тұрақты, жыл бойы өзгермейді. Бұл жағдайда ғимарат неғұрлым жоғары болса, соғұрлым желдің жылдамдығы жоғары болады. Ғылыми жұмыс табиғатта қолданылады, оның нәтижелері көпқабатты үйлердің баспалдақтарына, жарнамалық стендтерге, маяктарға орнатуға болады.

УДК 281.21

ИССЛЕДОВАНИЕ РЕЦЕПТУРЫ ТАМПОНАЖНОГО РАСТВОРА, ПРЕДОТВРАЩАЮЩЕГО ГАЗОПРОЯВЛЕНИЕ ВО ВРЕМЯ ОЗЦ

Уалиханова А., Кабдушев А.А.

Актуальность проблем, связанных с улучшением качества цементирования скважин, всегда являлись высокими, особенно при разработке нефтяных и газовых месторождений, которые находятся



уже на последней стадии как, например в Казахстане. На этой стадии все проводимые операции являются решающими, даже удаление бурового раствора, цементирование и другие процессы. Во избежание вторичного цементирования, которое связано с ремонтными работами, каждую операцию при первичном цементировании важно проводить без осложнений.

Проникновение газа в скважину происходит на всех этапах, но в основном проявляется при первичном цементировании скважин. После того, как только доставлен цементный раствор в кольцевое пространство, по мере гидратации цементный раствор постепенно перестает передавать давление, и снижается гидростатическое давление, оказываемое в забой. За счет плавного снижения этого давления создается депрессия между пластом и кольцевым пространством, заполненным тампонажным раствором. В этот момент из пласта могут проникать газы, давление которых может достигать до создания выброса всего раствора.

Миграция газа носит различные названия в различной литературе по нефтегазовой отрасли, как заколонный переток газа, прорыв газа во время ожидания затвердевания цемента (ОЗЦ), межколонное давление и т.д. Однако они все имеют самую главную причину - негерметичность или некачественное цементирование скважин.

Для предотвращения газопроявления было предложено улучшать реологические свойства цементного раствора, добавлением полиэлектролитов. Эксперименты проводились чистым цементом и с добавлением полиэлектролитов, выполняющих роль газоблокаторов, в качестве которых использованы ВПК-402 (водорастворимый катионный полиэлектролит) и ПАК (полиакриловая кислота).

Установка для исследования механизма газового прорыва в скважину может определить кинетику изменения гидростатического давления в забое после размещения цементного раствора в колонну. Также можно определить устойчивость исследуемого тампонажного раствора на миграцию газа. Прозрачная пластмассовая труба имеет возможность показать образование каналов и окон (пустот) во время проведения эксперимента за счет газового прорыва. После завершения опыта исследуемого раствора на газовый прорыв можно исследовать физико-механические свойства цементного камня.

Проводилось исследование роли различных добавок газоблокаторов на возможность предотвращения ГНВП во время ОЗЦ. В той работе наибольшую эффективность показала добавка ВПК-402, предупреждающая



миграцию газа и получение достаточно прочного цементного камня. Однако добавку необходимо использовать в достаточно больших концентрациях (7 %) и предварительно разводить с водой. Поэтому было предложено использовать добавку ПАК, представляющий собой сухой аналог ВПК-402, дающий возможность использования меньших концентраций добавок.

На основании вышеупомянутых причин, появление проблем, связанных с проникновением газа в цементный раствор, с миграцией газа в нем, можно сделать вывод, что во многих случаях миграция газа возникает из-за потери или снижения гидростатического давления столба цементного раствора ниже пластового во время ОЗЦ. Поэтому цементный раствор должен иметь высокую прочность геля в раннем периоде для блокировки миграции газа.

Данные эксперименты по изучению влияния концентрации ПАК на изменение гидростатического давления, имеется хороший результат в перспективе использования ПАК в качестве газовых блокаторов, что требует дальнейших исследований в этом направлении.

ӘОЖ 622.323


МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ СОРҒЫЛАРДЫ ОҢТАЙЛЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Жомартұлы А., Манапбаев Б.Ж.

Батырмалы электрлі орталықтан тепкіш сорғыларды (УЭЦН) орнату арқылы мұнайды механикалық өндіру - ең көп таралған тәсілдерінің бірі. УЭЦН көптеген кен орындарында бұрыннан кеңінен және табысты пайдаланылуда, бірақ күрделі жұмыс жағдайларында және түрлі факторлардың болуына байланысты туындайтын үлкен проблемаларға тап болады. Оның негізгілері – өндірілетін өнімнің сулану көрсеткішінің артуы, оның жоғары газ мөлшері, механикалық қоспалардың көп мөлшері, тұздар мен парафиндердің шөгінділері, температуралардың артуы, ұңғымалардың кисаюы және пайдалану бағаналарының диаметрінің азаюы (әсіресе бүйір окпандарын бұрғылағанда) және т.б.



Мұндай жүйелерді жаңғырту және пайдаланудың күрделі жағдайларында осы батырылатын жабдықтардың сенімділігін арттыру нұсқаларының бірі сорғы-эжекторлық жүйелерді (НЭС), яғни сорғыларды (ЭЦН) және ағынды аппараттарды (СА) бірлесіп пайдаланудың әртүрлі схемаларын енгізу болып табылады. Жалпы мағынада ағынды аппарат сұйық немесе газ тәрізді заттарды айдауға (инжектор) немесе соруға (эжектор) және гидроалмастырғыштарды тасымалдауға арналған (гидроэлеватор) құрылғы болып табылады. Әрекет принципі сұйықтықтың, будың немесе газдың ағынымен айналатын ортаны өзімен ілестіру арқылы сұйықтықтың әртүрлі ағындарының өзара әрекеттесуі мен энергиясымен алмасуына негізделген. АА принципалды сұлбасы суретте көрсетілген.



Жоғары қысымдағы белсенді (жұмыс) сұйықтықтың ағыны жылдамдықтың артуы мен қысымның төмендеуі орын алатын соплоға беріледі. Сопладан жұмыс сұйықтығы аппараттың қабылдау камерасы арқылы араластыру камерасына түседі. Екі камера да пассивті (айдалатын) сұйықтықпен толтырылған, оның қысымы мен жылдамдығы жұмыс істеуінен едәуір аз. АА-ның шығуында қарсы басуға байланысты реактивті ағыс белгілі бір қашықтықта ыдырайды

және белсенді және пассивті ағындар араластырылады. Бұл ретте энергияның түрленуі жүреді – белсенді сұйықтық жылдамдығының энергиясы пайда болған қоспаның қысымының энергиясына айналады. Энергия түрленуі араластыру камерасынан кейінгі диффузор да жалғасады, мұнда өтпелі қиманың ұлғаюы есебінен қысым өсуі және қоспа жылдамдығының төмендеуі жүреді.

Айдалатын сұйықтық пен газдың қысымын арттыру және ұстап тұру үшін дәстүрлі қолданылатын көлемдік немесе динамикалық машиналардан (сорғылар мен компрессорлар) гөрі АА едәуір сирек қолданылады. Бұған бірқатар себептер бар:

- АА-әдетте ПӘК төмен 30-35% деңгейінде болады, бірақ оның жоғарғы шекарасы әлі дәл орнатылмаған;



- жұмыс мүмкіндіктері мен оның ауыспалы режимдердегі тұрақтылығы аз зерттелген.
АА реттеу мәселелері аз зерттелген. Бірақта практикалық тұрғыдан АА келесі артықшылықтарға ие:
- тапшы материалдар мен қымбат құрылыстарды талап етпейтін конструкцияның ықшамдылығы мен қарапайымдылығы, сәйкесінше - жабдықтың құны мен өтелу мерзімінің төмендігі, дайындау мен монтаждың қарапайымдылығы;
- кең диапазондағы газдар мен газ сұйықтықты қоспаларды айдау қабілеті, бұл ұңғымалық сорғы қондырғыларының басқа түрлері үшін, атап айтқанда стандартты УЭЦН үшін жиі үлкен проблема болып табылады.

УДК 314.18

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ ИСТОЧНИКОВ ЭНЕРГИИ ДЛЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ НУЖД АГРС-2 г. ТАРАЗ

Юлдашева С., Исакова А., Сексенбай М.Ж.

В программах перспективного развития аграрно-промышленного комплекса страны особое место уделяется повышению эффективности использования природных ресурсов. Особое место в этих программах уделяется разработке и внедрению мероприятий по снижению энергозатрат на единицу валового внутреннего продукта (ВВП).

Значительные возможности экономии энергетических ресурсов имеются при их потреблении на большинстве предприятий. При этом вопросы рационального использования вторичных энергоресурсов являются одними из ключевых в программах энергосбережения большинства промышленных предприятий нашей страны.

Транспортировка газа по магистральным и распределительным сетям осуществляется при высоких давлениях газа (до 75 атм). Перед подачей потребителям давление газа на газораспределительных станциях (ГРС) снижается до уровня, требуемого потребителю. При этом потенциальная энергия сжатого газа безвозвратно теряется.

В целях энергосбережения и повышения эффективности общественного производства эту энергию нужно и можно утилизировать с получением положительных эффектов.



Идея преобразования энергии сжатия природного газа в электрическую энергию имеет давнюю историю. Смысл ее состоит в том, чтобы рационально использовать перепад давлений природного газа (от 55-75 атм. до 0,1-0,5 атм.) при редуцировании на ГРС (ГРП) на всем пути от газового месторождения к потребителю. Для Казахстана, который является одним из производителей и потребителем природного газа реализация этой идеи имеет особое значение. Выработка электроэнергии с помощью детандер-генераторных агрегатов (ДГА) на газораспределительных станциях и пунктах при редуцировании газа является одним из высокоэффективных способов энергосбережения в газотранспортной системе страны.

Газораспределительная станция (ГРС) представляет собой совокупность установок и технического оборудования, измерительных и вспомогательных систем распределения газа и регулирования его давления. У каждой ГРС существует свое назначение и функции. Основным назначением ГРС является снабжение газом потребителей от магистральных и промысловых газопроводов. Основными потребителями газа являются: объекты газонефтяных месторождений (собственные нужды); объекты компрессорных станций (собственные нужды); объекты малых, средних и крупных населенных пунктов, городов; электростанции; промышленные предприятия.

Газораспределительная станция выполняет ряд определенных функций. Во-первых, очищает газ от механических примесей и конденсата. Во-вторых, редуцирует газ до заданного давления и автоматически поддерживает его с заданной точностью. В-третьих, измеряет и регистрирует расход газа. Также на АГРС осуществляется одоризация газа перед подачей потребителю и обеспечивается подача газа потребителю, минуя основные блоки ГРС, в соответствии с требованием ГОСТ 5542-2014.

В связи с переходом на альтернативные виды энергии проектом предлагается использовать солнечные панели для получения электрической энергии, на АГРС-2 г. Тараз.

Солнечная батарея - объединение фотоэлектрических преобразователей (фотоэлементов) - полупроводниковых устройств, прямо преобразующих солнечную энергию в постоянный электрический ток, в отличие от солнечных коллекторов, производящих нагрев материала-теплоносителя.

Система солнечных батарей, обеспечивающая номинальную мощность в 23 кВт/сут электроэнергии. Всего батарей в системе 56, мощностью 410 Вт каждая. Чтобы покрыть месячную потребность в электроэнергии (83 кВт/сут) потребуется 4 таких систем. Стоимость одной системы 76 тыс. тенге. Следовательно, 4 системы – 304 тыс. тенге.



ӘОЖ 635.338

БИІК ТАЛДАН ЖЕМІС ЖИНАЙТЫН ҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ

Қойайдаров А., Қойайдаров Б.А.

Биік талдан жеміс (алма, алмұрт, қара өрік, өрік, т.б.) жинау, әзірге, дұрыс механикаланбаған, қол жұмысымен орындалады.

Қазіргі кезде, биік талдан жемісті, негізінен, сатының көмегімен жинайды. Бұл әдістің кемшіліктері: сатыға бірнеше рет көтеріліп-түсу; сатыны көтеріп бірнеше рет орнын ауыстыру; жеміске толып ауырлаған шелекті көтеріп сатымен жерге түсу; шелектегі жемісті жәшікке аудару; аудару кезінде жемістердің ұрылуы; ұрылған жемістер тез бүлінеді.

Бұл кемшіліктер жұмыс өнімділігін және қауіпсіздігін төмендетеді, жарамсыз жемістер үлесін өсіреді. Сирек болса да талды сілкіп жемісті жерге түсіру әдісі де орын алады. Бұл әдіспен жинаған жемісті бірден өңдеуге жібермесе, бәрі жарамсыз болып қалады.

Биік талдан жеміс жинау процессінің тиімділігін көтеру үшін келесі мәселелерді шешу керек: биік талдан жемісті жерден жинау әдісін құру; жемістердің ұрылуын болдырмау.

Осы мәселелерді шешу мақсатымен жемісті сабағынан бөлу әдістері мен механизмдері ойластырылып, ұсынылды:

1. **Шабу** – жемістің сабағын қозғалмайтын пластинаның жазық бетіне жатқызып, қайтатын ілгерілемелі қозғалыс жасайтын пышақпен шабады.

2. **Кесу** – жемістің сабағын, екі бағытта да айнала алатын, дискі пышақпен кеседі.

3. **Қайшылау** – жемістің сабағын қозғалмайтын және қозғалатын пышақпен қайшылап кеседі.

Жемісті сабағынан бөлетін әдістерді орындауға механизмдер:

1. **Шауып бөлетін механизм.** Негізгі элементтері: қозғалмайтын пластинка; пластинка пышақ; тіреу; серіппе; рычаг; топса; корпус; майын; бағыттаушы; жіп; сап. Қозғалмайтын пластинаны, майын, бағыттаушы корпусқа пісіріліп бекітілген. Тіреу қозғалмайтын пластинканың жазық бетіне перпендикуляр бекітілген пластинка пышақ рычагқа пісірілген. Рычаг топсамен корпусқа бекітіледі және серіппемен оған тартылады. Сондықтан, пластинка пышақ серіппенің күшімен қозғалмайтын пластинканың жазық бетіне қысылады.



Мойынға ұзын сап кигізіледі. Рычагтың бос ұшына жіп байланып, бағыттаушыдан өтіп, саптың төменгі ұшына жақын жерге бекітіледі.

2. Кесіп бөлетін механизм. Негізгі элементтері: дискі пышақ; өс; втулка; рычаг; мойын; бағыттаушы; серіппе; сап; жіп.

Дискі пышақ өстің жоғарғы ұшына бекітіледі. Өс втулкада еркін айнала алатын мүмкіндікпен отырғызылған.

3. Қайшылап бөлетін механизм. Негізгі элементтері: қозғалмайтын пышақ; қозғалатын пышақ; топса; серіппе; мойын; бағыттаушы; сап; жіп.

Қозғалатын пышақ топсамен қозғалмайтын пышаққа қосылған. Пышақтардың топсадан кейінгі жақтары сығу серіппесімен керілген. Сондықтан, бастапқы қалыпта, пышақтар айқасып орналасады. Қозғалмайтын пышақтың топсадан кейінгі рычагына мойын және бағыттаушы пісіріліп бекітілген. Мойынға дөңгелек сақина пісірілген. Дөңгелек сақинаның қуысының ортасы пышақтардың жүздерінің жазықтығына (қайшылау жазықтығына) параллель және одан 20 см-ге төмен орналасқан. Сақинаға конус формалы мата қаптың үлкен аузы жіптермен байланып, бекітіледі. Конус қаптың кіші аузының бір шетіне, қолға кигізілетін, дөңгелек резина тігілген.

Мойынға ұзын сап кигізіледі қозғалатын пышақтың топсадан кейінгі рычагының ұшына жіп байлап, бағыттаушы тесігінен өткізіп, ұшын саптың төменгі ұшына жақын жерге бекітілген.

Биік талдан жемісті қайшылап бөлетін сайманның үлгісі жасалды. Оның қайшылайтын құралы – стандартты секатор. Саптың төменгі шетінен бастап, жоғары қарай үш жерден тұйықталған үш белдік сапқа бекітілді. Сайманды пайдалану үшін, көтеру биіктігіне қарай, жұмысшы саптағы белдіктің біреуіне қолын сұғып, саптан ұстап, сайманды жеміске дейін көтереді. Екінші қолын конус қаптың шетіндегі резинаға кигізеді.

УДК 643.214.35

ПРОЕКТ «ЛАЗЕРНАЯ ЗЕБРА»

Самойленко Н., Баймамыров А.Д.

Цель работы: «Зебра» – пожалуй, самая известная дорожная разметка. С ней хорошо знакомы не только автомобилисты, но и пешеходы. С момента возникновения автомобильного транспорта о безопасности пешеходов задумывались в разных странах, однако гениальная идея о создании данной дорожной разметки родилась в



Великобритании в октябре 1951 года. С момента создания зебры минуло уже 69 лет. С тех пор она успела претерпеть видоизменения, пройти некий этап инновационного развития. Так, в мире обретает популярность, так называемая «лазерная зебра».

По статистике, большинство Дорожно-транспортных происшествий происходит на нерегулируемых пешеходных переходах. Проект «Лазерная зебра» актуален сейчас и не потеряет своей актуальности еще долгое время. Проект с применением новых технологий был создан, в первую очередь, с учётом повышения безопасности передвижения пешеходов и улучшения видимости водителей. Всем известная «зебра» в ночное время суток не видна многим водителям и пешеходов на ней также можно не заметить. К тому же, разметка на дорогах в виде зебры очень быстро стирается, а зимой из-за снега «зебру» и вовсе замечает снегом.

Целью данного проекта является разработка дорожной разметки по городу Тараз, благодаря которой движение пешеходов и водителей станет намного удобнее, независимо от времени года и времени суток.

Методы исследования: Объектом исследований стали, непосредственно, сами дороги, а предметом – дорожные разметки.

Система позволит водителю заметить пешехода на дороге. Когда к дороге подходит пешеход, лазеры подсвечивают разметку и проецируют на проезжую часть световую стену, которая визуальнo преграждает путь автомобилистам. Таким образом, комплекс позволяет контролировать скорость автомобилей приближающихся к пешеходному переходу и предупреждать пешеходов изменением цвета проецируемой разметки зебры и информацией на LED дисплее. В тот момент, когда на светофоре будет гореть красный свет для автомобилистов, эти лучи будут визуальнo ограничивать зону пешеходного перехода со стороны дороги. Когда же красный загорится для пешеходов, лазеры переключатся в сторону тротуара. Эта система весьма наглядна и проста в создании, а ее реализация будет стоить сущие копейки, ведь бытовые лазеры давно перестали быть технологиями будущего.

«Лазерному пешеходному переходу» не требуется питание от городской электросети. Днём инновационный комплекс аккумулирует ветровую и солнечную энергию, тем самым обеспечивая бесперебойную работу пешеходного перехода ночью. При этом «зебра» бесперебойно работает при любой погоде: в туман, дождь и бураны. Комплекс выдерживает температурный режим от -50°C до $+50^{\circ}\text{C}$.

Заключение: Значимость проекта высока, ведь она нацелена на предотвращение аварийных ситуаций на дороге, в связи с наездом автомобилей на пешеходов, которые зачастую приводят к летальному исходу. Таким образом, наша задача сейчас – запустить «Лазерную



зебру» как пилотный проект в нашем городе, провести опробацию, выявить статистические данные, показывающие, улучшилась ли ситуация на дорогах. В последствии, если проект будет иметь успех, подобные дорожные разметки можно будет установить на наиболее загруженных дорогах года, там, где чаще всего случаются ДТП, а затем, уже выйти за пределы региона и области и внедрить данные технологии во всей стране, т.е. повсеместно. Предполагается, что «Лазерную зебру» можно будет оборудовать дополнительными модулями, которые расширяют возможности. В их числе – устройство видеоаналитики с камерой, точка доступа Wi-Fi, прибор метеостанции и экологический датчик, определяющий параметры окружающей среды, а также система оценки обледенения дорожного полотна.

Таким образом, данный проект очень важен. И его внедрение в нашу повседневную жизнь - веление времени. Ведь время не стоит на месте, ежедневно изобретаются сотни новых вещей. Уверен: и моя идея в скором времени станет обыденной реальностью.

ОӘЖ 621.9.02.001.63 (075.8)

ШАХМАТТЫ ТАРТҚЫШТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

Нұрғалиева А., Ысқақов Қ., Сейтпанов П.Қ.

Қаттылығы НВ269 40ХН болаттан жасалған бөлшекте диаметрі $D=29$ мм, ұзындығы $L=50$ мм тесікті тарту арқылы өндеуде қолданылатын шахматты тартқыш есептеліп, жобаланды.

Тарту алдында бұрғымен немесе зенкермен өңделген дөңгелек тесіктер үшін әдіп мөлшері

$$A = 0,005 \cdot D + (0,2 - 0,075)\sqrt{L} = 0,005 \cdot 29 + 0,125 \cdot \sqrt{50} = 1,02 \text{ мм} \quad (1)$$

мұндағы D – тесіктің номинал диаметрі, мм;

L – өңделетін тесіктің ұзындығы, мм;

Тартқыштың бір тісі кесетін металл жаңқасының бойлық қимасының ауданы

$$S_1 = L \cdot S_z = 50 \cdot 0,33 = 16,5 \text{ мм}^2, \quad (2)$$



мұндағы L – тарту жолының ұзындығы, мм; S_z - тіске беру, мм.

Тіс ойпаты қимасының қажетті ауданы

$$S = K \cdot S_1 = 4 \cdot 16,5 = 66 \text{ мм}^2 \quad (3)$$


Тістер қадамын таңдауда қатарынан жұмыс істейтін тістердің саны үштен кем болмауы керектігін ескерсек, кескіш тістердің саны

$$Z_{\text{кес}} = \frac{1,02}{2 \cdot 0,33} + (2 \div 4) = 3,55 \div 5,55 \quad (4)$$

мұндағы: A - тартуға әдіп; S_z - кесуге беру, мм/тіс.

Прогрессивті схемамен кескенде тартқыш тістері топтасып орналасады, сондықтан қабылдаймыз $Z_{\text{кес}} = 6$. Калибрлеуші тістердің санын $3 \div 8$ етіп қабылдайды, саны көп болған сайын өңдеу дәлдігі де арта түседі. Мақсат диаметрі $\varnothing 30\text{H}9^{(+0,052)}$, бетінің тазалығы $Ra=2\text{мкм}$ болатын тесік алу болғандықтан, тістері шахматты орналасқан топтық (прогрессивті) тартқыш үшін қабылдаймыз $Z_k = 8$.

Сонымен, жобаланған тартқыштың геометриясы 1-суретте келтірілді.



Сурет 1

Калибрлеуші тістерде цилиндрлік ені $f=0,05 \div 0,2$ мм болатын «ленточка» жасалады, $\alpha_{\text{кес}} = 3^0$; $\alpha_{\text{к}} = 1^0$; $\gamma = 10^0$.



**СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И
СТРОИТЕЛЬСТВА**

УДК 626.816

**ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ
СООРУЖЕНИЙ**

Каракозова А., Джурумбаева Р.

В Республике Казахстан (РК) гидротехнические сооружения (ГТС) оказывают большое влияние на экономику, экологическую и социальную сферу, что определяет особую актуальность обеспечения технической надежности и безопасной эксплуатации этих сооружений. Безопасность сооружений должна поддерживаться строгим соблюдением правил и режима эксплуатации, своевременным проведением профилактического и капитального ремонта, а также обучением персонала.

В Казахстане имеется 643 гидротехнических сооружений, из них 340 гидроузлов и гидротехнических сооружений, функционирующих в системе водного хозяйства. В том числе 270 водохранилищ с комплексом гидротехнических сооружений, из которых 62 водохранилища республиканского значения и 208 местного значения.

Наличие большого количества напорных грунтовых гидротехнических сооружений (70%), аккумулирующих огромные запасы водной энергии, создают потенциальную угрозу безопасности социально-экономической инфраструктуре и природной среде. Если учитывать, что вероятность аварий на гидротехнических сооружениях начинает резко повышаться и при этом возрастает опасность их разрушения, сегодня они требуют незамедлительной реконструкции. Фактический износ большинства водохозяйственных объектов на сегодня уже составляет 60% и более. На названных и многих других объектах со времени ввода их в эксплуатацию не производились ремонтные и восстановительные работы, поэтому из года в год снижается их надежность и безопасность.



Серьезной проблемой являются малые гидротехнические сооружения, часть которых заброшена, не имеет владельцев или эксплуатационную службу. Техническое состояние их крайне неудовлетворительное.

Выполненные расчеты величин риска катастрофических отказов гидротехнических сооружений РК показал, что из 67 водохранилищ, находящихся в республиканской собственности, у 5 - уровень безопасности ГТС не соответствует нормам и правилам (7,5%); из 146 водохранилищ находящихся в коммунальной собственности - у 33 уровень безопасности ГТС не соответствует нормам и правилам (22,6%); из 148 водохранилищ находящихся в частной собственности - у 13 уровень безопасности ГТС не соответствует нормам и правилам (8,9%); лучшее положение с обеспечением безопасности ГТС отмечается у сооружений, находящихся в республиканской собственности, чуть хуже положение ГТС с частной формой собственности и очень низкий уровень у коммунальных ГТС; хотя большинство водохранилищ показали удовлетворительное соответствие нормам и правилам безопасности ГТС, большинство из них требуют срочного ремонта и реконструкции; ни одно из обследованных водохранилищ не может быть оценено как полностью соответствующее нормам и правилам безопасности ГТС.

Длительный срок эксплуатации и снижение в последние 20 лет объемов финансирования на эксплуатационные расходы, текущие и капитальные ремонты, а также влияние климатических и сейсмических факторов постепенно приводят к моральному и физическому износу всего комплекса ГТС.

На сегодняшний день значительная часть гидротехнических сооружений находится в ограниченно работоспособном состоянии, а некоторые сооружения полностью исчерпали весь свой эксплуатационный ресурс и достигли своих предельных состояний. В сложившейся ситуации остро стоит вопрос о продлении эксплуатационно-технического ресурса сооружений, их модернизации в соответствии с меняющимися технико-экономическими требованиями, поэтому одним из лучших решений такой задачи является строительство новых сооружений. Однако это сопряжено с большими капитальными затратами, которые чаще всего невозможно осуществить из-за особенностей реальной экономической ситуации, следовательно ремонт и реконструкции гидротехнических сооружений в настоящее время выходят на первый план.



ӘОЖ 631.67.03

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Әлімбек А., Байжигитова М.Т.

Жамбыл облыс бойынша негізгі су пайдаланушы ауыл шаруашылығы болып табылады, облыс бойынша бұл салаға барлық судың 96% кетеді.

Ауыл шаруашылық саласына су пайдалану және су алу. 1996-2018 жылдар аралығында алапта жерді суландыру ауданы 225 мың.га. 131,81 мың га дейін немесе 42 % қысқарды. Жамбыл облысындағы Аса өзенінің алабы 35,63 тен 18,63 мың.га дейін немесе 42 % қысқарды, ал су алу 346,1 млн.м³ тан 210,982 млн.м³ қа дейін немесе 39 % қысқарды.

Талас өзенінің алабында 64,05 мың.га-дан 35,81 мың.га-ға дейін немесе 44% қысқарды, ал су алу 592,2 млн.м³ тан 307,992 млн.м³ қа дейін немесе 48% қысқарды.

Шу өзенінің алабы 125,32 мың.га-дан 75,723 мың.га-ға дейін немесе 40% қысқарды, ал су алу 1201,7 млн.м³ 581,951 млн.м³ қа дейін немесе 52% қысқарды.

Бүкіл алап бойынша 1996-2009 жылдар аралығында жерді суландыруға су алу 2176,2 млн.м³ тан 1111,398 млн.м³ қа дейін немесе 49%, ал суару аудандары 225 мың.га дан 131,81 мың.га дейін немесе 42% қысқарды.

Жамбыл облысы бойынша 2016 жылы 226,5 мың.га-дан 96,61 мың.га дейін немесе 26% қысқарды, фактілі түрде 129,89 мың.га жер суландырылды, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 30,117 мың.га азайған.

Алап бойынша негізгі су пайдаланушылар ауыл шаруашылығы болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуіне байланысты, өнімділік төмен болғандықтан үлкен суармалы жерлер істен шығарылуда.

1997-2018 жылдар аралығында алап бойынша ауыл шаруашылығына су алу көлемі 3135,3 млн.м³ тан 2160,895 млн.м³ қа дейін немесе 31% азайды. Соның ішінде Жамбыл облысы бойынша 2885,82 млн.м³ тан 2039,422 млн.м³ қа дейін қысқарды

1996-2018 жылдар аралығында алап бойынша суармалы егістікке су алу 2176,2 млн.м³ тан 1111,398 млн.м³ қа дейін немесе 49% қысқарды.



Соның ішінде Жамбыл облысы бойынша 2140 млн.м³ тан 1100,925 млн.м³ ка дейін азайды.

Есептік 2018 жылы алап бойынша суармалы егістікке су алу көлемі 1111,398 млн.м³ құрады, яғни бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 24,298 млн.м³ қа көп.

Жамбыл облысының көптеген аудандарында ауыл шаруашылық өнімдерін отырғызу кезінде агротехникалық шаралар ескерілмейді, сол себептен вегетациялық суару мерзімі кеш басталады және суару жоспарларынан қалып отырады. Суармалы егістікке берілетін су мөлшері тиімсіз пайдаланылады. Барлық аудандарда түнгі суару жоқ.

Облыс бойынша коллекторлы-сүзу сулары қайтара суаруға қолданбайды, олар негізінен су үнемдеуде үлкен орын алады. Облыс бойынша коллекторлы-сүзгіш сулардың тек 1,07 млн.м³ мөлшері ғана пайдаланылады.

Балық шаруашылығында 2005-2018 жылдар аралығында су пайдалану тұрақты болып келе жатыр, ол 0,662 млн.м³ шамасында.

Алап бойынша шабындық жерлерін суландыру үшін 2000-2008 жылдар аралығында 1391,9 млн.м³ тан 1047,0 млн.м³ қа дейін немесе 25 % қысқарған. Соның ішінде Жамбыл облысы бойынша 1391,9 млн.м³ тан 936,0 млн.м³ қа дейін немесе 23 % қысқарған.

Есептік жыл бойынша өзеннің төменгі ағысына жіберілетін экологиялық жіберілістер 1,1991 млн.м³ құрады, солардың ішінде Жамбыл облысының Мойынқұм, Сарысу аудандарында шабындық жерлерін суландыру үшін 936,0 млн.м³ су берілді. Бұл сумен Жамбыл облысының Мойынқұм және Сарысу аудандарында 65,0 мың. га шабындық жерлері суғарылды.

Талас өзені бойынша экологиялық қажеттіліктерге 172,0 млн.м³ су тасталды. Су ресурстарын 2018 жыл бойынша ауыл шаруашылық саласына пайдалану. Есептік жылда ауыл шаруашылығына су алу көлемі 2987,55 млн.м³ құрады (соның ішінде беттік сулар 2895,13 млн.м³), ал 1938,02 млн.м³, су пайдаланылған (сонын ішінде беттік сулар 1935,6 млн.м³).

Алапта 231,38 мың.га суармалы жерден 2012 жылы тек 152,03 мың.га пайдаланылды. 79,35 мың.га жер қаржы мәселесіне байланысты пайдаланылған жоқ. 2012 жылы жерді суландыруға жоспарлап отырған 1769,9 млн.м³, судан тек 1075,48 млн.м³, су алынды. Суды аз пайдалану себебі жауын-шашын көп болған себебінен болды. Ауыл шаруашылық саласына су алу және пайдалану көрсеткіштері келесі кестеде көрсетілген.



ӘОЖ 332.21

ЖУАЛЫ АУДАНЫ, Б.МОМЫШҰЛЫ ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ ЖЕРЛЕРІН БАҒАЛЫҚ АЙМАҚТАУ

Аман А., Асу А., Шокимова Ж.К.

Елді-мекен жерлерінің құндылығы, олардың әсіресе қосымша табыс әкелуінен тұрады. Бұл табысты анықтау үшін алдымен кадастрлық бағалау жұмыстары жүргізіледі. Жер учаскелерінің құнын дұрыс бағалау қажеттілігін атқарушы билік органдары да елді мекендердің келешектегі дамуын ұтымды жүзеге асыруда, салық саясатын жүргізу кезінде тиімді жүзеге асыру керек, сондай-ақ жермен әртүрлі мәмілелер жасау кезінде де жер құқығы, жеке субъектілердің мәртебесі де қазіргі уақытта басты тақырыпқа айналууда.

Объектінің жалпы мәліметтері. Бауыржан Момышұлы (қазір Б.Момышұлы, 1992 жылға дейін «Бурное» деп аталып келген) - Қазақстан деңгейінде ауыл санатында, Жамбыл облысы, Жуалы ауданының әкімшілік орталығы, сонымен қатар Б.Момышұлы ауылдық округтің әкімшілік орталығы және жалғыз елді мекені.

Түрлі аудандар мен қалаларда жер телімдерінің бағалық құны мен жал төлемінің көлемі жергілікті билік органдарымен бекітілген. Қазақстанда әлеуметтік құрылыс дәуірінің басталуымен аумақты бағалау жүргізілмеген. Экономикалық қатынастардың қайта құрылуының басталуымен қоғам осы мәселеге қайта кезікті. Қазақстан Республикасының 20 маусым 2003 ж. №422-ЗКР Жер кодексін қабылдаумен және ҚР ЖК 9 бап 1 және 2 тармақтарын, 8 және 11 баптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 338 бабын жүзеге асыру мақсатында, жерді бағалық аймақтау мен елді-мекендерде (қалаларда) салық салу мақсаты үшін жерлерді аймақтау бойынша уақытша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Аймақтау - жерге орналастыру сызбасы, жер ресурстарын пайдалану және қорғау сызбалары, табиғатты қорғау сызбалары, жерге орналастыру және құрылыстағы құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

Бағалау аймақтары мен жер-кадастрлық кварталдарды таңдау. Б.Момышұлы ауылының аумағы 5 есептік жер-кадастрлық кварталдарға бөлінген, оның ішінде: 001, 002, 003, 004, 005.

Б.Момышұлы ауылының аумағында ОЗКК-ны таңдау жүргізілген жоқ. Елді мекендерде кадастрлық кварталдар саны 50 бірліктен кем болған жағдайда кварталдар шекарасындағы жер учаскелеріне жаппай бағалау жүргізіледі және бағалау кварталдарын іріктеу талап етілмейді.



Аймақтаудың қорытынды сызбасы жасалды. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 11-бабының 1-тармағына сәйкес елді мекендердің аумақтарын аймақтарға бөлу кезінде аймақтардың шекаралары және аймақтардың ішіндегі жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау үшін базалық ставкаға түзету коэффициенттері белгіленеді. Бұл ретте көтеру немесе төмендету коэффициентінің шекті ең жоғары мөлшері екі есе мөлшерден аспауы тиіс.

Екі әдіс бойынша бағалық аймақтарға бөлудің екі нұсқасы жасалды: I-бағалау аймағына ауылдың оңтүстік бөлігі темір жол бөлу жолағымен қосылған. Шекараның сипаттамасы темір жолға бөлінген белдеудің электр беру желілерімен қиылысу нүктесінен бағалау аймағының солтүстік-шығыс бөлігінен басталады. Одан әрі ауыл шекарасының бойымен оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс бағытта ауыл шекарасының темір жолға бөлінген белдеумен қиылысына дейін өтеді. Содан кейін солтүстік-шығыс бағытта темір жол шекарасымен бастапқы нүктеге дейін жүреді.

II-бағалау аймағы ауылдың солтүстік бөлігін темір жолға бөлінген белдеуге дейін қамтиды. Сипаттама бағалау аймағының оңтүстік-шығыс бөлігінен темір жолға бөлінген белдеудің электр беру желілерімен қиылысу нүктесінен басталады. Граництің бастапқы нүктесінен оңтүстік-батыс бағытта темір жолға бөлінген белдеудің ауыл шекарасымен қиылысына дейін өтеді. Одан әрі шекара солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бағытта село шекарасының бойымен бастапқы нүктеге дейін өтеді.

ӘОЖ 631:657

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТАУ ЕТЕГІНДЕГІ СҰР ТОПЫРАҚТАРДА КАРТОП ДАҚЫЛЫН ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ӨСІРУ

Әлімбек Ж., Қоңыр С.Б.

Тамшылатып суғару технологиясының артықшылығы қымбат тұратын және өте тапшы суды үнемдеу, картоп өнімділігін жоғарылату, топырақ құнарлығын сақтау, түйнектер сақталуын жақсарту, танаптардың фитосанитарлық күйін жақсарту, тыңайтқыштардың тиімділігін жоғарылату, жоғары экономикалық



көрсеткіштер болып саналады. Зерттеуге картоптың «Ақсор» сұрпы колданылды.

а) Танаптық тәжірибелер мына әдістемелер бойынша жүргізілді:

1. Агрохимиялық зерттеулер әдістемесі (Ф.А.Юдин);
2. Танаптық тәжірибелер әдістемесі (Б.А.Доспехов);
3. Көкөніс және бақша шаруашылығында тәжірибелік іс әдістемесі (В.Ф.Белик);
4. Картопты ақтау бойынша зерттеулер жүргізудің әдістемесі (С.Ф.Полищук)

б) Топырақтың су-физикалық қасиетін анықтау:

1. Көлемдік массасы (Н.А. Качинский);
2. Топырақ агрегаттарының су сіңіргіштігі (Н.И. Савинов);
3. Ылғалсыйымдылығы (таразылау әдісі);
4. Вегетациялық суғарудың нормалары (И.А. Костяков);
5. Меншікті массасы (пикнометрлік әдіс);
6. Жалпы қуыстылығы (меншікті және көлемдік массалары бойынша есептеу әдісі);

в) Суғаратын суды есептеу тәжірибелік аумақтың басында және аяғында қашыртқы суды есептеу үшін орнатылған 50 см табалдырығымен су баспайтын Чиполетти сүтөкпесінің көмегімен жүргізілді. Кезекті суғару мерзімін белгілеу үшін топырақтың ылғалдылығы кезең-кезеңмен (әрбір 7 күн сайын) термостатты-таразылық әдіспен анықталды.

г) Су үнемдегіш технологияның картоптың өсіп-жетілуіне әсерін анықтау үшін биометрикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу кезінде картоптың биіктігі және жалпы салмағы, сонымен қатар сабағының ұзындығы, саны, жапырағының көлемі мен массасы, жалпы саны және картоп органдарының жерүсті және жерасты массалары есептелді.

Картопты тамшылату тәсілімен суғаруды зерттеуде келесі тұжырымдар жасалды:

а) Тамшылату технологиясы суғармалы суды 33,01%-ға үнемдеуге мүмкіндік берді;

б) Тамшылатқыш таспалармен картоп тамырларын тікелей суғаруды жүзеге асыру топырақ құнарлығы параметрлерінің нашарлауын болдырмады. Тау бөктеріндегі ақшыл сұр, жеңіл әрі орташа саздақ топырақтың су-физикалық қасиетінің жақсаруы байқалды. 1 жылдағы орташа есеппен топырақтың көлемдік массасы 1,21-ден 1,15 г/см³-қа дейін төмендеді, меншікті массасы 2,55-тен 2,66 г/см³-қа дейін жоғарылады, қуыстылық 52,6-дан 56,8%-ға дейін өсіп, су



өткізгіштікті 77,95-тен 95,87%-ға дейін жақсарды, топырақ агрегаттарының суға төзімділігінің жоғарылауы үрдісі байқалды;

в)Танаптардың фитосанитарлық күйі жақсарды: 1 жылдағы орташа есеппен картоп егістерінің ластануы 53,03%-ға, жапырақ сабақтық массаның аурулармен залалдану дәрежесі 27,22%-ға төмендеді;

з)Өсімдіктердің қарқынды дамуы және құнарлы биомассаның қалыптасуы байқалды, өте жоғары түсім жинауға мүмкіндік берді. 1 жылғы зерттеулердің орташа есебімен түйнектер өнімінің үстемесі 5,95 т/га-ға тең болды;

д) $N_{60}P_{60}K_{60}$ нормасында тыңайтқыштарды қолдану 3,03 т/га (14,43%) өнім алуды қамтамасыз ететіні анықталды. Тыңайтқыштың екі есе нормасы нұсқасында ($N_{120}P_{120}K_{120}$) 8,7 т/га (41,43%) және үш есе нормасында ($N_{180}P_{180}K_{180}$) 12,23 т/га (58,24%) қосымша өнім алынды;

е)Тамшылатып суғару технологиясының картоптың биохимиялық құрамына оң әсер етуі анықталды. Өсірілген өнімнің сапалық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды: картоп түйнектерінде құрғақ заттардың, крахмалдың (түйнектер), жалпы қанттың және аскорбин қышқылының (С дәрумені) болуы және ұзақ сақтау кезінде түйнектер сақталғыштығының 3,3-4,2% айырмашылығының жоғарылауы байқалды.

ӘОЖ 711

БІРЕГЕЙ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖОБАЛАУДА «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Сәтбай А., Ноғайбекова М.Т.

«Жасыл» құрылыста құрылыс қызметінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін негізгі принциптер қолданылады:

1. білікті жобалаушы топ;
2. энерготімді технология және шешімдер;
3. рационалды суды пайдалану;
4. ғимараттардың орнын таңдау;
5. экономикалық анализ;
6. ландшафтты дизайн;
7. жобалау;



8. материалдарды таңдау;
9. құрылыс қалдықтарын екінші реттік пайдалану және өндеу.

Қазіргі таңда «жасыл» құрылыс әлемде жылдам дамып жатыр. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде «жасыл» құрылыстың экономикалық, экологиялық және қоғамдық артықшылықтары туралы ақпарат өзекті және мамандар мен қоғамда қызығушылық туындатады.

Экологиялық артықшылықтары: парникты газдардың шығарындыларын азайтады, табиғи ортаға ластанған сулардың түсуін төмендетеді, табиғи ресурстарды сақтайды.

Экономикалық артықшылықтары келесідей: ғимараттардың эксплуатация кезінде энергия мен суды пайдалануды азайту нәтижесінде шығынды төмендетеді, объект капитализациясын арттырады және қаржыландыру және сақтандыру шығындарын азайтады, жалға алушылардың қызығушылығы, әлемдік мойындау, корпоративті бәсекелестік, жасыл құрылыс технологияларының ашықтығы және қол жетімділігі.

Қоғамдық артықшылықтарына жатады: үй-жайда ауа, жылу және акустикалық сипаттамалардың сапасы жайлы жағдайда, тұрғындар мен жалға алушылардың денсаулығы мен өміріне жақсы жағдайлар жасалады.

Жеке тұрғын үйді жобалауда жасыл құрылыс технологиясы пайдаланды. Осындай жеке тұрғын үйлер біріншіден энергия мен су пайдалануды азайту үшін жобаланады. Бұл жобада экологиялық таза материалдардан, суды жинау, тазарту және шаруашылық қажеттіліктерге және суғаруға екінші реттік пайдалану технологиясы енгізілген. Жасыл құрылыс негізінде қасбетті өңдеу үшін қазіргі заманға сай материалдар қолданылады. Бұл жобадағы мақсатым қолданылған материалдар ауаны ластанайтын қайта өңделетін, қалдықтардан жасалған сапалы өнімдерді қолдана отырып ғимараттың беріктігін ғана емес адамның денсаулығы мен экологияның амандығын қамтамасыз ету. Жобада өртке қауіпсіз, табиғат мінезіне төтеп бере алатын токсикологиялық зияны жоқ материалдар қолданды. Жобада ең ерекше материалдардың бірі шыны пластиктен жасалған арматура. Оның диаметрі 10-15 мм үздіксіз шыны талшықтардан (ровингтен) және осы талшықты термореактивті синтетикалық шайырды байланыстырушы жоғары берік монолитті өзек болып табылады. Жобада конструкциясы қаңқалы болғандықтан металл арматураның орнына шыны пластиктен жасалған арматура қолданылды.

Өтінім бойынша металл емес арматура үлкен диаметрлі де жасалуы мүмкін. Құрылыс жұмыстарының жоспарына және объектіге дейін жеткізу ыңғайлығына қарай кез келген ұзындықтағы кесінділермен (стандартты ұзындығы 6 немесе 12 м), сондай-ақ бухталарда (Ø 10 мм дейін қоса алғанда) 100 м (стандартты) немесе өтінім бойынша басқа метражды шыны



пластикті арматураны қолдануға болады. Композитті шыны пластикті арматура өндірісі жоғары технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі және барлық заманауи сапа стандарттарына жауап береді. Шыны пластиктен жасалған арматура сыртқы диаметрі 4-тен 20 мм дейінгі, тегіс бөлінген спиральді рельефті шыны пластиктен жасалған өзек түрінде дайындалады.

Қабырға және жылытқыш материалдар ретінде шыны қалдықтарынан жасалған көбікті ұяшықты шыны ұсынылады. Бұл материал экологиялық таза, полистирол, фенол зиянды жылытқыштар сияқты қоршаған ортаға зиянды заттар бөлмейді. Бұл материал жанбайды, 50 жылға кепілдік беріледі.

Тұрғын үйлер құрылысында жасыл экономиканы пайдалану заманауи құрылыс талаптарына сай келеді және оны дамыту қажет.

УДК 693.11

ПОДБОР СОСТАВОВ БЕТОНА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПЛАСТИФИЦИРУЮЩИХ ДОБАВОК

Сапакбай А., Сағындыков А.А.

Целью настоящей работы явился поиск оптимальной добавки для технологии тротуарных плит с применением пластифицирующих добавок. Эффективность добавок определяли по технологической методике, применяя производственные составы бетона:

1. Проверяется в лабораторных условиях пластифицирующий эффект: все составы бетона как без добавок, так и с добавками должны иметь одинаковое В/П. Регистрируются: увеличение подвижности смеси, потеря подвижности во времени, расслаиваемость и водоотделение.

2. Проверяется увеличение прочности бетона: все составы бетона подгоняются под одинаковую исходную производственную подвижность, т.е. В/Ц бетонов с пластификаторами соответственно уменьшается при одинаковом расходе цемента. Определяются: расслаиваемость и живучесть бетонной смеси при длительном транспортировании, прочность, морозостойкость и водонепроницаемость образцов бетона, наличие высолов.

3. Проверяется процент экономии цемента: все составы бетона подгоняются под одинаковую прочность образцов бетона в проектном возрасте. Это важнейший показатель при сравнении эффективности добавок.



4. Калькуляция себестоимости всех составов бетонов: определяется вся сумма расходов на приготовление каждого состава бетона и экономия от применения добавок, или убыток. Сравнение по каждому показателю, выбор самой экономически выгодной добавки.

5. Выбор добавки и применение в производстве.

Чтобы достичь поставленной цели, необходимо было решить следующие задачи:

- провести анализ рынка компонентов мелкозернистых бетонных смесей для производства по технологии вибролитья;
- подобрать оптимальную пару «цемент – химическая добавка (комплекс химических добавок)»;
- получить удобоукладываемую бетонную смесь (полное уплотнение за 25-35сек. на вибростоле с 3000 об/мин и амплитудой колебаний 0,35мм);
- обеспечить не менее 27,4МПа (70% от класса бетона В 30) при твердении в течение 1 сут. при температуре 18-20°C. Указанная прочность выбрана в соответствии с требованиями ГОСТ 17608-91 «Плиты бетонные тротуарные. Технические условия». Условия производства плитки приняты за «условно летний период»;
- достичь 100%-ной бездефектной распалубки готовых изделий при условии соблюдения всех требований;
- обеспечить минимальные экономические затраты на получение готового продукта (в первую очередь себестоимость комплекса «цемент – добавка»).

На основании анализа рынка компонентов мелкозернистых бетонных смесей были выбраны следующие компоненты:

- В качестве вяжущих применили портландцемент
- ПЦ400Д20-Н ГОСТ 10178-85, ТОО «Жамбыл Цемент» (г. Тараз, РК).

В качестве заполнителя применяли:

- песок Ассинский с модулем крупности 1,96 и содержанием пылевидных и глинистых частиц 2-3% по массе (РП 1,96);
- фракцию 0-5мм - отсеб камнедробления щебня (ОКЩ), модуль крупности 2,35-2,50, пылевидных и глинистых - 6% по массе.

В качестве модификаторов бетонных смесей применяли химические добавки основных представителей рынка добавок в бетон: компании «Полипласт» - добавки серии «Реламикс» (Реламикс Т-2, содержащий в качестве ускоряющего реагента смесь тиосульфата и роданида натрия и другие попутные полиотионовые соединения; Реламикс С - ускоритель набора прочности с пластифицирующим эффектом, основу которого составляют кальциевые соли гидроксикарбоновых кислот).

ӘОЖ 711

МАЙАМИ ҚАЛАСЫНДАҒЫ УНИКАЛДЫ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ САҚТАҒЫШ ШЫНЫ ТЕРЕЗЕ


Болатбеков Т., Ноғайбекова М.Т.

Энергияны үнемдейтін терезенің артықшылықтары

Сарапшылар бөлме жылуының 30-35%-ы көшеге терезелер арқылы өтетіндігін дәлелдеді. Олардың ескі және сапасыз болуы міндетті емес. Тіпті қазіргі заманғы пластикалық конструкциялар аз мөлшерде жылуды әйнек пен профиль арқылы өткізеді, сонымен қатар көшеде суық ағындар пайда болады. Енді елестетіп көріңізші, сіздің үйіңіздегі жылудың 30-35%-ы терезелерден өтеді, біз жылуды жоғалтуды неғұрлым қуатты жылытқыштармен немесе электронды жылытқыштармен толтырамыз, бұл қосымша қаржылық шығындарға алып келеді.

Энергияны үнемдейтін терезелерді қарапайымнан не айырмашылығы бар?

Энергия үнемдейтін терезелер өзінiң қасиеттерi мен артықшылықтарының көпшiлiгiн дәл екі қабатты терезенің, дәлірек айтсақ, бір стақанның арқасында алады. Бұл әйнек бізге энергияны үнемдейтін немесе жай ғана жылуүнемдейтін деген атпен таныс, бірақ мамандар оны жиі «аз эмиссиялы» деп атайды.



Сурет 1.



Бұл атау «сәулелену спектрі» терминінен шыққан, ол объектінің жарық сәулесінің қарқындылығын анықтайды. Латын тілінен аударғанда «эмиссия» сөзі «босату» дегенді білдіреді. Яғни, төмен эмиссиялы әйнек - бұл ең аз сәуле шығаратын әйнек. Жылы әйнек өзінің қасиеттерін күміс иондары бар ерекше жабынның арқасында алады, ол инфрақызыл сәулелерді өткізбейді, бірақ оларды өзінен көрсетеді.

Айырмашылығы – бұл барлық жарықтарды көрсетпейді, тек жылу ағындары. Мұндай терезе тек қыста ғана емес, жазда да пайдалы. Оның көмегімен бөлме ыстық ауа-райында қызып кетпейді, өйткені күміс иондары күн сәулесінен инфрақызыл сәуле өткізбейді, яғни сіздің үйіңізде әрдайым жайлы температура болады: қыста ол салқын емес, ал жазда ол ыстық емес.

Энергия үнемдейтін терезелер мен әйнектер дегеніміз не, біз қазірдің өзінде білдік, бірақ бұл терезе оқшаулаудың барлық құралдары емес. Суықтан әлдеқайда жақсы қорғау үшін энергияны үнемдейтін екі қабатты аргон немесе криптонмен толтырылған терезе қолданылады. Бұл газдар инертті, олар ешқандай химиялық реакцияларға енбейді, иісі де, түсі де жоқ. Аргон мен криптон ерекше тығыздығына байланысты жылу мен дыбыс ағымына үлкен кедергі болып табылады, яғни энергияны үнемдейтін қос әйнекті терезе көмегімен керемет термиялық қорғаудан басқа, сіз жақсы дыбыс оқшаулауына қол жеткізесіз. Инертті газдар адамдар үшін қауіпті емес. Шыны сынған кезде, аргон мен криптон тез буланып, ауамен араласып, өздерін сезінбейді.

Терезе шынымен энергияны үнемдейтінін қалай тексеруге болады?

Егер сіз жалынды аз сәулелі әйнекке апарсаңыз, онда суреттердің біреуінде қызыл реңк болады. Жалпы алғанда, жарық спектрі инфрақызыл, ультракүлгін және көрінетін сәулелерге бөлінеді. Біздің көзге көрінетін сәуле ғана қол жетімді (сондықтан ол оны атады) инфрақызыл (жылу, инфрақызыл) және ультракүлгін көрінбейді. Жарықтың сынуы нәтижесінде әйнектің шағылысуынан қызыл реңкке ие ИК сәулеленуін көреміз.



УДК 691,5

ГЕОСИНТЕТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ

Нұркерімов Н., Тәттібаев С.

Бұл жұмыстың мақсаты геосинтетикалық құрылыс материалдарын үй құрылысында болсын, жол жөндеу құрылысында болсын қолдану болды. Бұл жұмыстағы қарастырған геосинтетикалық материалдардың мынадай түрлерін қолдандық:

1. Дренажға арналған композит.
2. Полиэфирлі тоқылған геошарбақ.
3. Тегіс геошарбақ және тағы да басқа материалдар.

Жұмыстың барысы:

Бұл материалдар біздің елімізде өндірілмейтін болғандықтан, тәжірибе жүргізуге аздаған қиындықтар туғызды. Алайда шет елдерде өндірілетін, яғни нақтырақ айтатын болсақ Чехия Республикасындағы «Кордарна» комбинатының өнімін жұмысымызға пайдаландық. Біз қолданған геосинтетикалық материалды жол құрылысында таптырмас материал екеніне көз жеткізгеннен соң сол бағытта жұмыс жүргіздік. Оның бізге тигізген әрі пайдалы жақтары әлдеқайда көп болды. Айта кететін болсақ:

1. Негіздің беткі қабаттарына төселген геоторлар жолдың пайдалану мерзімін ұзартты.
2. Геоторлармен армирлеу жүктемелердің біркелкі таралуын және қабаттардың беткі шөгуін максималды азайтты.
3. Құрылыстың сапасын ғана емес, оның пайдаланылуын да жоғарылатты.
4. Қызмет ету мерзімін ұзартты

Біз бұл жұмысты жасауда геосинтетикамен тоқылған негіздің сынақ схемасы өте ыңғайлы және тиімді болды. Геосинтетика қабаты қорапты киманың жартысына ғана орналастырып, ал жарты бөлігі салыстыру мүмкіндігі болу үшін бос қалдырдық. Берілген технологияның нәтижелері топырақты арматуралау әсерін анықтауда өте нақты болып келеді, себебі, оның екі бөлігі де бірдей, қораптың екі бөлігі бір ретпен толтырылған. Геотордың арматуралау қабаты борпылдақ топырақ қабатының үстіндегі жазықта орналасқан және қораптың шетінен 90°-қа иілген. Геоторлар металл тор қырларының айналасынан тордың жолдың барлық еніне ашылуы кезінде қалыпты әсер беру үшін иілген. Осылайша, олардың сынаққа арналған қораптың кіші бөліктерінен шығып кетуіне жол берілмейді. Біздің жұмысымызға үкәс зерттеулер Грегори мен Банг (1994) еңбектерінде көрсетілген.



Диаметрі 300мм дөңгелек жүктеме пластина арқылы 300 синусоидалық күш циклдарын пайдаланған. Сынақтар 5-10 Гц жиілікте жүргізілген және әсер ететін күш 570 кПа эквивалентті максимал қысымда, 0-ден 40 кН дейінгі қашықтықта болған.

Мен осы жұмысымның соңында, егерде геосинтетикалық материалдарды өндіретін комбинат салғысы келетін кәсіпкерлерге кеңесім, ең алдымен геосинтетикалық материалдарды өндіруге қажетті құжаттарды дайындау керектігін айтар едім. Ол үшін мынадай құжаттары болған кезде қолдануға болады:

1. Шикізаттың құрамы, басты бақылауға алынатын қасиеттерінің физикамеханикалық көрсеткіштері, жеткізу түрі, орау, таңбалау бойынша техникалық талаптар және қауіпсіздік бойынша талаптар, қабылдау тәртіптеріне сай болғанда.
2. Тексеру және сынау, тасымалдау және сақтау әдістері, дайындаушының кепілдігі жазылған техникалық шарттар.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық тұжырымдама.
4. ГМ қолдану саласын реттейтін, мүдделі мекемелермен келісілген құжаттар.
5. ГМ сынау нәтижелері бойынша алынған тұжырымдамалар негізінде өкілетті ұйымдар берген сәйкестілік сертификаты.

Геосинтетикалық материалдар құрылыстың барлық саласында кеңінен қолданылады. Бұл болашақтың материалы.



ХИМИЯ. ЭКОЛОГИЯ. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

ХИМИЯ. ЭКОЛОГИЯ. ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА

ӘОЖ 691.175.5/.8

АКРИЛ ГИДРОГЕЛДЕРІН СИНТЕЗДЕУ ЖӘНЕ ФИЗИКА–ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Беделбаева Л., Бужеева Г., Нурлыбаева А.Н.

Қазіргі кезде акрилат полимер материалдар қазіргі таңда барлық жерде қолданысқа ие. Сондықтан полимерге деген қызығушылық сұранысқа сәйкес ғылымның жаңа бағыты пайда болады. Акрилат негізіндегі полимер гелдерін синтездеуге қызығушылық жыл сайын артып отыр. Метилметакрилат пен этилакрилат негізіндегі полимерлер амфифильділік, комплекс түзуге қабілеттілік және кіші молекулалы қосылыстарды сорбциялауға қабілеттілігі сияқты бағалы қасиеттеріне орай жоғары молекулалы қосылыстар арасында ерекше орынға ие.


Олар әртүрлі салаларда, соның ішінде үлдір ретінде, құрылыс материалдар, полимер тасымалдаушылар, бояу ретінде үлкен қызығушылық тудырады.

Синтездеу барысында мономер қоспалары қоймалжың күйге ауысқанша, 60⁰С температурада бір сағаттан артық уақыт бойы жүргізілді.

Тәжірибенің нәтижелері. Шынылану температурасы ($T_{ш}$) полимерлердің маңызды параметрлерінің бірі, бұл полимерлердің жылу сиымдылық критерилері ретінде кең қолданысқа ие. Бұл әдіс үлгілерді белгілі жылдамдықпен қыздыру кезінде бөлінген жылу ағындарын өлшеуге негізделген.

Полиметилметакрилаттың (ПММА) шынылану температурасы 105 – 120⁰С, ал полиэтилакрилаттың шынылану температурасы 40⁰С көрсетеді. Термограммада ММА – ЭА сополимердің ісінуі алдында МЭ1 және МЭ2 үлгілердің ДСК мен ТГА қисықтары түсірілді. МЭ1 мен МЭ2 екі үлгінің ТГА термограммада пайда болмағаны байқалады.

Екі үлгіні салыстыратын болсақ, МЭ1 сополимердегі жылу ағындарының жылдамдықтары жоғары болып келеді. Алынған мәліметтер негізінде ТГА және ДСК бойынша ыдырау үдерісіндегі зерттелген жүйеге температураның әсері 2 аймаққа бөлінетіні анықталды, олар 1 суретте берілген.



Сканерлеуші электронды микроскоп әдісімен ММА–ЭА сополимердің беттік морфологиясы, яғни үйлесімділігі қарастырылды.

Алынған әртүрлі қатынастағы сополимерлерге термиялық талдау жүргізілді. Сондықтан эндотермиялық шыңы 300⁰С метакрилат байланысы үзіледі, ал экзотермиялық аймағында 485⁰С температурада – тотығу үдерісін көрсетеді. Осыған байланысты, ММА–ЭА негізінде алынған сополимерлердің термотұрақтылығы жоғары және термототығу деструкциясы өте тұрақты болып келеді. Сополимерлердің беткі қабатының морфологиясы зерттелді және ол полимерді алудағы мономердің табиғаты мен реакцияға түсудегі мономердің әртүрлі қатынастарына байланысты екені анықталды. Осы жүргізілген зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, алынған ММА – ЭА сополимер жабындылары химиялық төзімді болып келетіні анықталды.

ӘОЖ 675. 043 (088.8)

КЕШЕНДІ МИНЕРАЛДЫ ИЛЕГІШТЕРДІҢ ДЕРИВАТОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Құлмаханбетова А., Сейтбекова Г.А.

Қазіргі кезеңде еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторлары өндірісті кеңейту, жоғары ұтымды технологиялық үрдістерді пайдалану және халық тұтынатын тауарлардың сапасын жақсарту болып табылады. Былғары өндірісінің



өзекті мәселелерінің бірі дәстүрлі тері шикізатын ұтымды пайдалану, сонымен қатар олардың жаңа түрлерін іздестіру болып табылады. Әлемде өндірілетін былғары бұйымдарының 90%-дан астамы хромның (III) қосылыстарымен иленеді, өйткені қазіргі уақытта олар тек сапалы, жылуға төзімді былғары алуды қамтамасыз етеді. Дегенмен, дәстүрлі илеу кезінде жалпы хромның жоғалуы 50% құрайды, бұл оның ұтымсыз пайдаланылуына әкеліп соғады және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл мәселелер мен хром қоры тапшылығының артуы теріні илеудің баламалы нұсқаларын жасауды немесе былғары өндірісінің қолданыстағы технологиясын жетілдіруді қажет етеді.

Былғары технологиясын дамытудың негізгі бағыттарының бірі тапшы және улы хром қосылыстарын пайдалануды едәуір азайта отырып, қоршаған ортаны былғары өндірісінің хромқұрамды қалдықтарының зиянды әсерінен тиімді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цирконий (IV), титан (IV) және алюминий (III) қосылыстарының негізінде алынған кешенді минералды илегіштерді қолдану болып табылады. Бұл кешенді қосылыстардың құрамында белгілі бір атомдар немесе көпір деп аталатын атомдар тобының көмегімен байланысқан әртүрлі метал иондары бар жаңа минералды илегіштерді жасауға әкеледі. Сондықтан жаңа кешенді минералды илегіштерді алу, олардың құрамын, құрылысын, илегіштік әсерін, коллагенмен әрекеттесу сипатын және былғарының қасиетін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл жұмыста «титанлй сульфаты – цирконий сульфаты – су» үштік жүйесінде 35⁰C-де түзілген гетерополиядролы титанцирконий кешенді қосылыстарға дериватографиялық талдау жүргізіліп, титанцирконий кешендерінің дербестігі және құрамы анықталды.

Изотермиялық ерігіштігі әдісімен «титанлй сульфаты – цирконий сульфаты – су» үштік жүйесіндегі компоненттердің өзара әрекеттесуін 35⁰C-де зерттеудің нәтижесінде қатты фаза түрінде құрамдары $\text{TiOSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$ (ТЦК-1) және $\text{TiOSO}_4 \cdot 2\text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 38\text{H}_2\text{O}$ (ТЦК-2) жаңа қосылысы алынған. ДТА және ДТГ көмегімен титанцирконий кешенді қосылыстардың термиялық ыдырауы зерттелінді.

ТЦК-1 термограммасында 25-70⁰C, 320-350⁰C және 400-580⁰C температуралар интервалдарында үш эндоэффект байқалады. 25-350⁰C температура аралығындағы эндоэффекттер 5 молекула судың бөліну үрдісіне сәйкес келіп, жалпы үлгі массасының жоғалуы 10,8% құрайды. 400-580⁰C кезінде 3 молекула SO_3 бөлінуі байқалады, жалпы үлгі массасының жоғалуы 10,1% құрайды.

ТЦК-2 термограммасында дегидратация және десульфатизация үрдістерін сипаттайтын 8 эндоэффект байқалады. 70⁰C температура



кезінде кристалданған судың 14 молекуласы бөлінеді. 100-350⁰С температура аралығында қалған 24 молекула судың бөлінгені байқалады. 420⁰С, 520⁰С және 580⁰С кезіндегі SO₃ бөліну сипаты кешен құрылысында сульфатотоптар көпірше ролін атқаратынын көрсетеді. 520-760⁰С температура аралығындағы эндоэффект кешеннің толық ыдырап, титан және цирконий диоксидтерінің түзілуін көрсетеді.

Термогравиметриялық талдау нәтижелері титанцирконий кешендерінің дериватограммалары бастапқы қосылыстардың дериватограммаларынан айырмашылығы бар екендігін және алынған жаңа қосылыстардың дербес екендігін дәлелдейді. Судың бөлінуі жоғары температурада және бірнеше сатыда жүреді. Бұл кешендердің құрылысында су молекуласының ішкі сфералық және сыртқы сфералық күйде болатынын дәлелдейді. μ -гидроксил тобының жоғары температурада бөлінуі олардың көпіршелі сипатын көрсетеді.

УДК 502.74.591.5:504.3.054

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОСТОЯНИЯ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ПО КОМПЛЕКСУ ПРИЗНАКОВ У ХВОЙНЫХ

Ажибекова А., Тулепова Р.З.

Известно, что на загрязнение среды наиболее сильно реагируют хвойные древесные растения. Характерными признаками неблагополучия окружающей среды и особенно газового состава атмосферы служат появление разного рода хлорозов и некрозов, уменьшение размеров ряда органов (длины хвои, побегов текущего года и прошлых лет, их толщины, размера шишек, сокращение величины и числа заложённых почек). Ввиду меньшего роста побегов и хвои в длину в загрязнённой зоне наблюдается сближенность расстояния между хвоинками (их больше на 10 см побега, чем в чистой зоне). Наблюдается утолщение самой хвои, уменьшается продолжительность ее жизни (1-3 года в загрязнённой зоне и 6-7 лет - в чистой). Все эти признаки не специфичны, однако в совокупности дают довольно объективную картину. Хвойные удобны тем, что могут служить биоиндикаторами круглогодично.

Цель исследования: экспресс-оценка качества воздуха по состоянию хвои ели обыкновенной.

Биоиндикаторы - организмы, присутствие, количество или особенности развития которых служат показателями естественных



процессов, условий или антропогенных изменений среды их обитания. Их индикаторная значимость определяется экологической толерантностью биологической системы. В этом случае организм реагирует ответной реакцией различной интенсивности и длительности, проявление которой зависит от вида и является показателем его индикаторной ценности. Именно ответную реакцию определяют методы биоиндикации. Методика индикации чистоты атмосферы по хвое ели состоит в следующем. С нескольких боковых побегов в средней части кроны 5-10 деревьев сосны в 7-15 летнем возрасте отбирают 200 пар хвоинок второго и третьего года жизни. Вся хвоя делится на три части (неповрежденная хвоя, хвоя с пятнами и хвоя с признаками усыхания) и подсчитывается количество хвоинок в каждой группе.

Провели визуальную оценку побегов ели. Количество учетных деревьев – по 5 на каждом участке. Продолжительность жизни хвои установили путём просмотра побегов с хвоей по мутовкам (мутовка - расположение ветвей (кольцом) по окружности дерева). Обследовали верхушечную часть ствола за последние годы – каждая мутовка, считая сверху, это год жизни (см рис.1).



Рис 1. Подсчитывание хвоинок



Практическая значимость нашей работы заключается в том, что мы наглядно представили состояние атмосферного воздуха в разных участках города, указали причины этого явления, пути решения данной проблемы. Мы не можем повлиять на состояние автомобилей, проезжающих по трассе, но мы можем провести агитационную работу и сами принять активное участие в посадке деревьев на территории города, которые будут очищать воздух от загрязнений.

УДК 349.6

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПРАВОВАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Нұрлан А., Уйсимбаева Ж.Т.

На данный момент Казахстан входит в топ 10 самых загрязнённых стран мира. Это позор для нашей страны с малым количеством населения и большой территории. Исходя из перечисленного, правительство создало новое министерство «экологии, геоэкологии и природных ресурсов», и первое поручение к данному министерству, это разработать новый Экологический кодекс. Нарушение установленных обязанностей влечет применение мер юридической ответственности.

Целью моей работы является, показать нормы и ответственность за совершенные экологические нарушения, а также меры их пресечения и отношение судов Республики Казахстан к данным экологическим ущемлениям.

Задачи:

1. Рассмотреть нормативно-правовую базу экологического законодательства.
2. Рассмотреть ответственность за совершенные экологические нарушения.
3. Изложить судебно исполнительную часть.

В данной статье идет рассмотрение в экологическом кодексе, именно об ответственности за проступки. Также о мягкости законов в экологическом направлении и мягкость судов в данных проступках.

Согласно статьи 38 Конституции Республики Казахстан граждане страны обязаны сохранять природу и бережно относиться к природным ресурсам. Приведенное конституционное положение получило свое дальнейшее развитие в Экологическом кодексе РК, где приведены



обязанности физических лиц: сохранять окружающую среду, бережно относиться к природным ресурсам; содействовать реализации мер, направленных на рациональное использование природных ресурсов, охрану окружающей среды и обеспечение экологической безопасности; предотвращать угрозы экологической безопасности, которые могут возникать по их вине; осуществлять свою деятельность в соответствии с экологическим законодательством Республики Казахстан (пункт 2 статьи 38 ЭК РК).

Невыполнение или ненадлежащее выполнение экологических обязанностей влечет за собой ответственность в соответствии с действующим законодательством (статья 320 ЭК РК). При этом, согласно статьи 319 ЭК РК к видам экологических правонарушений относятся: нарушение экологического законодательства, влекущие имущественную ответственность (следует понимать как гражданско-правовую ответственность); административные правонарушения в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов; экологические уголовные правонарушения.

Несмотря на то, что в 2017 году было зарегистрировано почти 2000 экологических правонарушений, до суда дошли лишь 600 дел.

Это говорит о несерьезном подходе к формированию санкций уголовно-правовых норм. Все наказания – это штрафы до 3 тыс. МРП, лишение свободы до двух лет и так далее. Это автоматический подход, свидетельствующий о несерьезном отношении. Действующее законодательство органы применяют неэффективно. Например, по шести из 20 статей за 2017 год не было зарегистрировано ни одного правонарушения.

Необходимо имплементировать механизмы, инструменты, стандарты и требования, содержащиеся в экологическом законодательстве. Правовое регулирование экологических отношений, в частности, государственный контроль за деятельностью природопользователя, должны быть справедливыми и основаны на принципе «презумпции добросовестности» хозяйствующего субъекта, а также направлены на охрану и восстановление окружающей природной среды. Целью сбора экологических платежей и компенсационных выплат в связи с нарушением требований экологического законодательства не должно быть пополнение государственного бюджета, как это мы наблюдаем в настоящее время. Большая часть экологических платежей должны расходоваться на восстановление природной среды и природоохранные мероприятия.



ӘОЖ 504.064.47(574)

ҚАЛАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕРІ ӘСЕРІ

Жамбыл В., Жумадилова А.К.

Қалалардағы адам экологиясына тән нәрсе - бұл табиғи экологиялық факторлардан оқшаулану болып табылады. Қажетті мөлшерде өсімдіктер, топырақпен, сумен қамтамасыз етілген. Адамның биологиялық табиғаты мен оның табиғатқа қарсы іс-әрекетінің нәтижелері арасындағы қайшылық, әсіресе қала жағдайында шиеленісе түседі. Қазіргі кездегі қала-күрделі әлеуметтік-экономикалық ағза. Ол демографиялық, экономикалық-географиялық, инженерлік-құрылыс, сәулеттік факторлардың әсерінен, қоршаған ортаға әсерлері нәтижесінде қалыптасады. Көбінесе, қалалармен қоғамдық процестің көптеген белгілерін байланыстырады. Бірақ, қала өркениеті- қолайлы жағдайлар, тұрмыстың жеңілдеуіне әкелгенмен, коммуникация тығыздығы, әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері-тек барлық жағынан қолайлы орта емес. Қала ортасы адамның басты сапасы-оның денсаулығына қолайсыз әсер етеді. Атмосфераның, судың, азық-түлік өнімдерінің, күнделікті қажетті заттардың өнеркәсіп пен транспорттың қалдықтарымен ластануы, электромагниттік өріс, вибрация, шу, ауаның ластануы, шектен тыс көп ақпараттардың ағыны, уақыттың жетіспеуі, аз қозғалыс, дұрыс тамақтанбау, зиянды әрекеттердің кеңінен таралуы-осылардың барлығы қосылып адамның денсаулығын нашарлатады.


Ең алдымен Тараз қаласының сыртындағы, қаланың шағын аудандарындағы әр үйдің төңірегінде, жолдың жиегінде жататын, арнайы қоқыс-қалдық салатын жәшіктегі қоқысты айтсақ болады. Тіпті сол қоқыстардың жанынан өтіп бара жатып, жағымсыз иісті де байқайсың. Бұл-қала халқының мәдениетсіздігі болып табылады. Осылайша тұрғындар сау бастарына проблема жасап отыр. Негізінен, жалпы облыс бойынша 189-арнайы тұрмыстық қалдықтар жинайтын аландар бар. 2009 жылдың шілде айының 7-сі күнгі мәліметтерде облыс бойынша тұрмыстық қалдықтар 5,9 млн. тоннаны немесе жалпы қалдықтардың 6-пайызын құрап отыр. Ал Тараз қаласы бойынша 1,88 млн. тонна. Бұл қоқыс төгетін жерлердің санитарлық және экологиялық талаптарға сай емес екенін көрсетіп отыр.

1 суретте Жамбыл даңғылында орналасқан шағынкөлдің қазіргі жағдайы (13-ші қазан 2019 жылы түсірілген).

Жалпы, халық денсаулығы тек медицина саласында ғана қорғалмайды, бүкіл қоғамның тұтас денсаулығын сақтауға және



нығайтуға арналған үйлескен қимыл әрекеттерінің жемісі екенін барлығымыз ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ. Әрине бұл пікірмен барлықтарыңыздың келісетіндеріңізге сенімдімін. Өйткені экологтар қоғам және табиғат жанашыры ретінде табиғат ананың берген сыйлығын қалай болса, солай емес ұқыптап ұстауымыз керек. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына орай айналадағы қоршаған орта үлкен өзгерістерге ұшырап отыр. Мұның өзі барлық тіршілік иелеріне әсер ететін қолайсыз факторлармен-ортаның ластануымен және табиғи ресурстардың сарқыла бастауымен тікелей байланысты. Қоршаған ортаның ластануы адамзат өміріне, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, бүкіл табиғат ресурстарының жай-күйіне елеулі нұқсан келтіріп отырғаны белгілі. Жер бетінде адамзаттың тіршілік етуі үшін басқа баламалы жол жоқ: адамзат ластануды жою керек, әйтпесе ластану жер беті тұрғындарының көпшілігін жояды.



Сурет 1. Қаладағы коқыстан көрініс

ӘОЖ 502.3:61

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЭКОЛОГИЯНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Амантай А., Жигитова С.З.

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау күрделі әрі аса өзекті мәселелердің бірі. Адамның денсаулығының төмендеп, ауруға шалдығуын ағзаның ортаға толық бейімделе алмауымен, қолайсыз әсерлерге берген теріс жауабы ретінде қарастыру керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) анықтамасы бойынша, денсаулық



